

782
Ш 17

С. ШАЙМЕРДЕНОВ

11562

СЫБЫЗҒЫ САЗЫ



С. ШАЙМЕРДЕНОВ

СЫБЫЗҒЫ САЗЫ

11562

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ

Алматы — 1971

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

782
Ш 17

Жазушы Сафуан Шаймерденовтың «Сыбызғы сазы» деп аталатын кітабында бүгінгі өмір шындығы, замандастарымыздың жан жазирасы ой-арманы суреттеледі.

Автор ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігіне, өзара достық қарым-қатынастарына, олардың күннен-күнге өсіп отырған талап-талғамдарына жете зер салады. Жақсыдан үйрену, жаманнан жиренуге үйрететін бұл кітаптың қалың оқушы жүрегінен жол табары сөзсіз.

ЕКІ КӨРІНІС

Мұхаңның үйі

Шоқтығы бұлтпен араласып жатқан Ұланның асуынан алып ағыны қатты, атакты Шу өзенін өрлей жүрсен, екі өңірде қаусырмалап жарысып отыратын жалаңаш шатқал, жартастар барған сайын аласарып, шалқая береді де салқын самалды көк мұнар кең жазық басталады. Ақ тақыртай асфальт жол еңістен еніске құлап, белестен белеске асылып, арманғы ғажайып алысқа — ала шарбы бұлтқа ұқсап бұлдырап, қалқып көрінетін Теріскейге қарай кете береді. Сондай бір көп белдердің біріне көтерілсең, аяғыңның тап астында ақ жал толқындарын жағаға соғып, тулап жатқан көк шалқар көлді көресің. Бұл — қырғыздың Ыстықкөлі.

Жаз шықса болды, қаланың қапырық ауасынан жеріген халық осы көлге ағылады. Таза ауа, көк айдынның барқыны, шипалы су, жалыны бәсең күн көзі, айналадағы қарлы таулар — бәрі де демалысқа шыққан еңбек адамдарын бал арасына мен мұндалайтын түрлі түсті гүлше тартады.

Бұл көлдің жағасында жолмен жарыса салынған қырғыздың талай қыстақтары бар. Соның бірі Ыстық көлдің күнге жақ бетіндегі Шолпан-ата. Шолпан-ата жұрттың көп жиналатын жері. Көз ұшына құлдырап кете берер маржан құмды кең жағада бірі күнге күйіп, бірі күміс толқынға оранып жүрген көп халықты көресің. Солардың ішінен осынау бір жирен шаш, сары жігіт алғашқы күннен-ақ менің көзіме түскен еді. Әйтеуір бізді төңіректен үйіріле берген. Өзі молдаван болса да, қазақ әдебиетін қадағалап оқитын білікті жігіт екен, әңгімелесе келе танысып кеткенбіз.

Бір күні ол маған көл жағасында оқшауырақ тұрған бір көк үйді көргенін айтты.

— Күндіз көрсең төңірегінде бір пенде жоқ секілді, есік-терезесінің бәрі жабық тұрады. Ал кеш түсісімен маңдайшасында жарқырап шам жанады. Бір жұмбақ сыр бар, ғой деймін, — деді ол.

Молдаван жігітінің айтып отырған үйін мен бірден түсіндім. Ол біздің көзге айрықша ыстық, кеше ғана жаз айларында қатарлас жатқан екі елдің — қазақ пен қырғыз жазушылары жиі-жиі жиналып, әңгіме-дүкен құратын үлкен үй — Мұхтар Әуезовтың үйі.

Менің талай рет ол үйде болғаным да бар. Мұханмен күн ұзақ әңгімелескенбіз. Жазушы бүгінгі күн туралы жазып жатқан көп томды жаңа романы жайында айтқан. Кемелді шағына келген үлкен өнер иесінің көңілінде қиянқилы толғақты ойлар бар екен, соларын сөз еткенді. Мен ұлы ұстаз үйінен айрықша бір әсер-күймен аттанып едім сонда. Содан ба кім білсін, мына теңіз жағасында әзірге қаңырап тұрған бос үйге барғым келмеген. Оның осы бір иесіздігі көңілге тым ауыр секілді. Мен енді молдаван жігітінен ол үй тарихын жасыра алмадым. Арада бір-екі күн өтті, молдаван жігіті өтініп болмаған соң біз Мұханның үйіне бардық.

Көк шарбақпен қоршалған қомақты аула. Енді-енді бой салып, қорғалай өсіп келе жатқан жеміс шыбықтары. Мұханның өз қолымен еккен жемісі.

— Үй төңірегі жалаңаштау әзірге, жеміс ағаштарын жаңада отырғыздық. Осы жерде қаққан қазығың да мәуелеп өсіп кетеді. Аз жылдың ішінде бұл әлі тамаша баққа айналады, — деп еді Мұхаң. Шынында да күтім көрген бақша секілді. Былтырғыдан әлде қайда көтеріліп қалған.

Сол бақша ішінде қолында кетпені бар бір қарт әйел жүр екен, біз солай беттедік.

Кемпір белін жазды. Бейнет айғыздаған ажимды салқын кейпінде «Не керек сіздерге?» деген сұрау бар.

Мен Алматыдан келгенімді, жазушы екенімді айттым. Сол-ақ мұң екен, кемпір кетпеніне сүйеніп тұрып қалды. Кескініне қарасам, байсалды шегір көзінде меруерт жас моншақтары тұнып тұр екен.

Таныса келе, оның осы үйдің қарауылшысы Матрена Ивановна Қопылова деген кісі екенін білдік.

— Біз мына үйде тұрамыз, — деп Матрена Ивановна аула сыртындағы кішкене бір үйді нұсқады. — Екі қызым, кішкене немерелерім бар. Қыздарым осы совхозда істейді. Мен болсам еңбектен қалған адаммын ғой. Содан бір күні біреулер осы жерге ағаш әкеп үйді. Прораб келіп маған:

— Бұл бір дөкейдің үйі. Мына құрылыс материалдарын бақылайсың. Жоғалса жауап бересің, — деді.

Өктем сөйлегендіктен бе, әлде «дөкей» дегеніне қырсығып қалдым ба, әйтеуір:

Дөкейің түгіл, құдайынның үйі болса да күзетпеймін! - деппін ғой. Прораб күлмесі бар ма.

Әй, Матрена шешей-ай, «дөкей» десе ерегісіп кетіңің бар-ау. Дөкей емес, жазушы, Мұхтар Әуезов тұрағың болады мұнда.

Матрена Ивановна көзіне іркілген жасты сүртті де, езу ғартты:

- Сөйтіп әлгі жаман неменің мені жеңіп кеткені ғой.

- Қатты бастасаңыз да тым тез көнген екенсіз,— деді молдаван жігіті.

- Құдай-ау, Әуезовтың үйін күзетпеймін деп қалай шалқайын. Естір құлаққа ұят қой,— деп жауап берді Матрена Ивановна.— Оның «Абайын» Мария да, Фрося да, бәріміз де оқығанбыз ғой бұрын. «Шіркін бір көрсек!» деп армандаған адамымызды құдай тағала өзі әкеп қасымызға қондырған жоқ па! Ой, тым кішіпейіл, жақсы адам еді. Матрена Ивановна, менде мынадай бір ой бар. Сіз соған қалай қарайсыз?» — деп ақылдасып жүргені ылғи. Көз алдымнан кетпейді. Түсіме енеді. Қалпағы мен плашын, бәтөңкесін көремін ылғи. Жерлесуіне неге бармадым екен деп өкінемін осы күні. Есім шығып кетсе керек, ойыма келменті ғой тіпті.

Есік-терезесі жабық тұрғанмен үй бұрынғы қалпында. Төңірегі таза. Ұқыпты қолдың ізі байқалады.

Матрена Ивановнамен әңгімелесеміз деп күн батып, ымырт үйіріліп қалғанын да білмеппіз.

Біз қош айтыстық. Қақпадан шығып ұзай бергенімізде жарқ етіп шам жанды. Қарасақ, көк терезелі үлкен үйдің алды самаладай жарқырап кеткен екен. Матрена Ивановна кетпенін арқалап, баспалдақпен төмен түсіп бара жатты.

Самал жел соқты. Әрманғы Теріскей жақтан келіп жағаға ұрған жал-жал толқынның тынымсыз шуылы естіледі. Қызық. Өткен жылы Мұхаңның үйінен дәл осы бір ымырт үйірілде аттанған едім мен. Теніз осылай шайқалып жатқан. Мандайшадағы ана электр шамы дәл осылай жарқырап, аула ішіне нұр төгіп тұрған-ды. Сондағы бір сезім мені қайта баурағандай. Қадірлі Мұхаң дәл қазір мандайшасында шам жанып тұрған осы үйде, өзінің шағын жазу бөлмесінде қазіргі қазақ өмірі жайындағы романын жазып отырған сияқты болып кетті маған.

Манадан үнсіз келе жатқан молдаван жігіті бір күрсінді де:

Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтүғыш артына сөз қалдырған

деп тоқтады.

* * *

Бұл оқиға Мұхаң қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң 1962 жылдың жазында болған еді. Содан бері он жылға жуық уақыт өтті. Матрена шешей әлі тың. Сол баяғы қызметінде. Мұхаң өккен бақ қазір толысып, мәуелеп кеткен. Өткен жылы Қазақ ССР Мәдениет Министрлігі Мұхаң үйін туысқан қырғыз халқына сыйлыққа тартқан еді. Қырғыздың мәдениет, әдебиет қайраткерлері бұл сыйлықты қасиет тұтып, зор құрметпен қарсы алды. Қазір ол үйде кітапхана бар. Мұхаңның жазу бөлмесін қырғыз туыстарының білгірлік, ұқыптылықпен материалдық музейге айналдырған.

Мұхтарита

Жолымыз түсіп Талдықорған облысындағы Үштөбе қаласында болғанымыз бар еді. Аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Сыздықов Жоланның үйінде отырмыз. Үй қожасының жамағаты Рәзия жас болса да, барынша денелі, аса бір келісті келген ақсары, ашық мінезді әйел. Сол дағдысына бағып аяғының үшінен тұрды. Кіріп, шығып жүріп сөзге де жарытты. Қонаққа керегі осы бір ашық мінез емес пе, бір жасап көңілденіп қалдық. Рәзияның ықпалына түсті білем, жайшылықта партия қызметкерінің ғұрпын сақтап, салмақпен сөйлейтін Жоланымыз да дауысын қаттырақ шығарып, дабырлаңқырап, көтеріліп, көтеріліп қояды.

Өстіп отырғанымызда сары шашын келте қырыққан төрт-бес жасар кішкене қыз бала кіріп келді.

— Мұхтарита, ана ағалармен неге амаңдаспайсың?! Үйге келген қонаққа сәлемдесетін бол деп қашанғы ескерте бермекпін саған?— деді Рәзия.

Мұхтарита бізге қарап ап-айқын етіп: «Сәлеметсіз бе, ағалар?»— деді де сары шашы желкектеп сыртқа қарай жүгіре жөнелді.

— Өзі сияқты аты да жақсы екен,— деді қасымдағы жолдасым.— Мұхтарита деп кім қойып жүр?

— Бұл аттың үлкен тарихы бар,— дедім мен аздап хабардар екенімді танытып.

Жолдасым елеңдеп қалды.

— Ал сөз сенікі онда, айта бер.

— Сөз неліктен менікі болмақ? Мына басы-қасында болған ата-анасы айтсын да,— дедім мен күліп.

— Ойбай-ау, онда керемет қызық болды ғой. Біз мына Жолан екеуміздікі балалық па, айы күнім жақындап отырғанда демалысқа шығып...— деп Рәзия сөз бастап келе жатыр еді. Жолан бөліп жіберді.

— Бұл 1956 жылы 28 июнь күні болатын. Біз Алматының аржағында тауда дем алып жатқанбыз. Есептеп жаңылдық па немене, ойда жоқта бір күні түн ішінде Рәзекен «ішім» демесі бар емес пе! Содан олай жүгірдік, бұлай жүгірдік, машина тапсақшы! Сол төңіректе бір-ақ телефон болушы еді, ол да бұзылып қалыпты. Енді не істеу керек? Әлхал, несін айтасың, не де болса үлкен жолға жетейік, бірдеме кездесер деп Рәзекенді қолтықтап үйден шықтық, Рәзекен әуелі тынышталған сияқты еді, үйден шыға бере қол-аяғы жерге тимей безектемесі бар ма! Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің дегендей, далада босанса, қызықтың кереметі сонда болады ғой. Айнала қап-қараның, мелшіп-мелшіп қалған зәулім бәйтеректер. Жалтақтан төңірекке көз қадаймың. Мына кереметті қараның, қарсы алдымдағы тал арасынан электр шамы көрінеді. Не де болса, соған жетейік деп жан дәрмен қып келіп терезе қақтық. Қалқаны бар шам жарығының астында жазу столына үйіліп бір үлкен кісі отыр екен. Ұшып тұра келді. Саған қарасам түңгі екі. «Бұл уақытқа дейін жазу жазып отырған не еткен жан болды екен?» — деп ойлағанымша болмады, есік те ашылды.

— Кіріңіздер!— деген қоңыр дауыс шықты. Жүзіне қарасам өзіміздің Мұхаң, кәдуілгі Мұхтар Әуезовтің өзі. Ой, таламат-ай, Мұханды сырттан жақсы білсек те, бетпелі кездесіп көрмеген едім, міне көрмейсің бе қызықты. Бұлай кездесерміз деп кім ойлаған. Мен қысылып қалсам керек, үндей алмадым. Мұхаң үлкен психолог адам ғой, жағдайымызды бірден сезді білем:

Өндеріңізде үрей бар ғой, аманшылық па? Негіп тұрғындар табалдырықта, кіріңіздер. Сосын сөйлесейік,— деп.

Біз үйге кірдік. Бес минут өткен жоқ, жаңағы Мұхтарға түңгеті келді,— деп тоқтады Жолан.

Сөзді не үйде шаруаларын жайғап келген Рәзия жалған әкетті.

— Атаны жер жарған Мұханды бұлай деп кім ойлаған, бала сияқты екен ғой өзі. Маған бөлек бөлме дайын-

даттырды, қаладап дәрігер шақырды. Үй ішін аяғынан тік тұрғызды. Не керек, кұрақ ұшып, бәйек болды да қалды.

Әлгіндей болмай дәрігерлер де жетті. Олар мені алып кетеміз деп еді.

— Жоқ, мен сіздерді алып кетсін деп шақырғаным жоқ. Жас нәресте кұтыла алмай отырған қонағым емес менің. Анасы мен өзінің хал-жағдайын көрсін деп шақырдым,— деп Мұхаң бізді босатпады.

Содан біз Мұхаң үйінде бір жұмадай болдық. Ол кісі сол төніректегілерді шақырып той жасады да атын азан шақырғандай етіп «Мұхтарита болсын» деді. Осыдан кейін Мұхтаритасын барынша жасаулап аттандырып салды. Мұхаң бізге осылайша кіндік ата болған еді,—деп тоқтады ол. Содан кейін Рэзияның өңіне кірбең жүгірді.— Мұхтаританың 28 июнь туған күні. Сол күнге кіндік атасын шақырайық деп қам жеп едік, ол тілекке жете алмадык.

Осы кезде үйге жүгіріп Мұхтарита кірді. Тым қағылез пысық өсіп келе жатқан сүйкімді сәби. Мен оны алдыма отырғыздым:

— Сенің кіндік атаң кім?

— Мұхтар ата,— деді ол іркілмей.

— Мұхтар атаң қайда?

— Алматыда, кітап жазады.— Мұхтарита осыны айтты да тағы да жүгіріп далаға шығып кетті.

Қамығып қалған ата-анасы:

— Мұхтар атасын сондай мақтаныш көреді. Бала жүрегіне дақ салмайық деп суық жаманат жайды айтқан жоқпыз,— деді.

Ие, теңіздей терең ой алыбы Мұхаңды жер мекенінен кетті деуге кімнің аузы бара алады дейсін.

* * *

Мұхаң қайтыс болғанда Мұхтарита бесте болатын. Биыл он алтыда. Қазір ол Талдықорған қаласындағы бір орта мектептің оныншы класында оқиды. Сабаққа ұқыпты. Тал шыбықтай бұралып, сұлу мүсінді қыз болып бой жетіп келеді...

ТАЛАНТ ТАҒДЫРЫ

Әлі есімде. Бірінші класта оқып жүрген кезім болатын. Аудан орталығына кеткен мұғаліміміз кішкентай бір қызыл қобдишамен оралды.

— Бұл патефон деген нәрсе. Қәдуілгі адамша сөйлейді. Өлең айтып, домбыра да тарта алады,— деді ол.

Темір сөйлейді дегенге біз қайран болдық. Класс іші тышып қалды. Қара тегершік зыр қақты.

— Пай-пай, жұрттың жиналғанын-ай, бәрінің көзі жаудырап шығып барады... Апырым-ау, бір күні біреумен тәйт деп кетеді де қалады, онда қайтесің? Одан да жең ұшынан жалғасып алғанымызды ешкімге білдірмей ғана жөнелте қояйық. Өзің білесің, осы күні тілші дей ме, уәкіл дей ме, қаптап кеткен жоқ па! — деп шал кетті.

Содан кейін:

— Қайта сүйтсе екен. Былтырғы Байсалбай құсатып екі көзіңді жылтыратып абақтыға салып қоймайды-ау. Дүние шіркін-ай, ә?! — деп сәмпылдап кемпір кетті.

Енді бірде:

Әуеде торғай өріп жүр,
Балапаны еріп жүр.
Айналайын, жан ата-ау,
Сағындырмай келіп жүр,—

мен қыз сынсыды. Қасқыр жарған бұзау бақырды. Ит үрді. Өзімізге таныс ауыл өмірінің кесек бір суреті көз алдымызға келді. Әңгіме тақырыбы — ұзатылар қыз жайы екен. Ол кезде мұның ескі феодалдық қарым-қатынасты ажуа еткен, әдеуметтік астары бар шығарма екенін кім білген, әйтеуір біз өзүімізді жия алмадық. Шегіміз түйілді. Сонда мұғалім тұрып:

Бұл «Қыз ұзату» деген сықақ. Шал болып сөйлеп, кемпір болып бажылдап жылаған да, қыз болып сынсып, бұзау болып бақырған да, ит болып үрген де бір-ақ адам. Ол Қалибек Қуанышбаев деген артист,— деді.

Бұл жаңағы «темір сөйлейді» дегеннен кем әсер еткен жоқ бізге. Балалық тамашалауымызда шек қалмады. Ұлы өнер несі бәрімізге қадырлы Қалибек қарттың даусын мен ең алғаш осылай естіген едім. «Сол шеберді көрсем-ау!»— деген қиял шіркін арманшыл жанға маза да бермейтін болды. «Қандай адам екен» — деймін. Көз алдыма әкелмек болып азаптанамын. Бірақ тұтас бір тұлға болып тоқырамайды. Құбыла береді. Бірде қызыл көз қыңыр шалға ұқсаса, бірде басына ақ жаулық салған адуын кемпір болып кетеді. Кейде үкілі тақия киген қыз болып қылаң беретіні де бар.

Сәті түсті. Кейін университет қабырғасында жүрген кезімде Қазақтың академиялық драма театрының артистеріне барып партия тарихынан лекция оқуыма тура келді.

Бір топ артистермен фойеде тұр едім, қолында жуан қара таяғы бар, кесек денелі, қияпатты бір адам маң басып бізге жақындай берді. Таяғын ұсына тастайды. Жүзінде күлкі нышаны. Қара көзінің кішкене қарашығын төңіректен көк жолақ сақинадан айрықша бір жылылық нұры сезілердей. Артистер қаумалап кетті. Солардың ыңғайынан мен оның өзім көруге құмартқан Қалибек екенін аңғардым.

Қаллекей бірдеме деп әзіл айтып, жұртты күлдірді де, папирос ұсына бастады. Кезек маған келді. Мен рахмет айтып, шылым шекпейтінімді сездірдім. Соным ұнамады ма, кім білсін, Қаллекей бетіме тура қарады да жылылығы да, зілі де жоқ бір кейіппен:

— Е, шекпесең не қыл дейсің?— деді.

Жасыратыны жоқ, қысылып қалдым. Үлкен адамның мына бір қылығы маған жеңілдеу сияқты көрінді.

Келесі күні театрға барсам, бір спектакльге анализ жасалып жатыр екен. Мінбеде Қаллекей. Жазып алғаны жоқ сияқты. Жатқа сөйлеп тұр. Арт жақтан келіп мен де отырдым. Әңгіме мизансцена жайлы болса керек.

— Сахнадағы артистің өзін көрсетпек болып массовкадағыларды көлегейлеп, алға шыға беруі жөн болмайды. Ол үлкеннің көңілін аудармақ болған бала қылығы сияқты. Басты рольде ойнайтындарды көрушілер онсыз да қадағалап отырады,— деді Қуанышбаев.

Тегі массовкада шығатын біреу болса керек, менің қасымдағы бір жолдас «Дұрыс айтады!» — деп реплика берді.

Мен одан:

— Қаллекей осы айтқанын өзі орындай ма? — деп сұрадым.

— О не дегеніңіз? Рас, бізде массовкадағыларға «әрі тұр, бері тұр»,— деп мезі қылып жіберетін де артистер бар. Олармен сахнаға шыққанда асып-сасып, құтың қашып кетеді. Ал Қаллекеймен бірге болу рахат қой. Ол қайта массовкадағыларды көтермелей жүреді,— деді ол.

Кеше мен оны қазымыр емес пе екен деп ойлап қалып едім, теріске шықты мұным. Қаллекей маған жаңа бір қырынан көрінді. Кейін таныса келе білдім, ең алдымен көп қамын, коллектив қамын ойлау — осы бір кесек талант иесінің басты сипаты екен.

Ең алғаш мен Қаллекейді Ф. Мүсіреповтың «Ақансері — Ақтоқты» трагедиясындағы мылқау ролінде көрдім.

Әуел баста пьесаны театрға қабылдаған кезде көбірек сөз болғаны да, дау туғызғаны да осы бір образ екен.

Авторлық мақсатта бұл бір айрықша қызық дүлей тұл-

а. Онда тіл де, құлақ та жоқ. Сырт кейпі дәрекі, кесек бол-
ды. Қемтар жаралған адам. Мақсатсыз иен қара күштің
өкілісі. Шындық қайда, жалғандық неде, ажырата да
емес. Науан хазіреттің айналасындағы алаяқ топқа
өкілдік-сұмдықтан да бейхабар. Төңірегіндегі алыс-жұ-
рысқа, керімал тартыстың түп мақсатын да түсінбеген.
Қалаң басып ол жауыз топтың Ақанға, әділет пен шын-
дықты қарсы көтерген қолшоқпары болып кететін де
емес бар.

Бірақ балуан қараңғылық басқан, надандық жайлаған
мылқау елдің бейнесі есепті. Жауыздық деген табиғатында
жоқ өрсе. Үңіле қарасаң, ішкі дүниесі сәбидей таза да нә-
сіл. Бұл үлкен қайшылық, оның трагедиясы да осында.

Бәрін былай қойғанда артист көрушіні сөзімен баурай-
ды. Бар ішкі дүниесін тілімен жеткізеді: мына мылқау бол-
са сол бір басты құралдан ада қалған димкар жан. Оның
үстіне мұның өзі әр актыда бір ғана көрініп кетер қосалқы
образ. Ал сонда жанағы қайшылықты қандай тәсілмен
трагедиялық биік пафосқа көтермек керек?

Театр коллективін қатты ойлантқан, шешімі жоқ сауал
осы болыпты. Содан кейін «мұны бір орындаса Қуанышба-
ев қана орындай алады» — деп Қаллекейге беріпті.

Ең алғаш мылқау сахнаға шыққанда көрушілер ду
күлді. Ебедейсіз денесі де, адымдап басқан жүрісі де, та-
қыр жерге шыққан қылтанақтай селдір өскен сұйық мұрты
мен ешнәрседен хабары жоқ мағынасыз бет әлпеті де, бәрі
де күлдіреді. Соған қарап мен мұны трагедиялық тұлға
емес, жұрт көңілін көтеру үшін ғана алынған мелодрама-
лық бірдеме шығар деп қалып едім. Жоқ, бұл алғашқы
алдамшы ғана әсер екен. Бірте-бірте күлкі ізі суый берді.
Әлде бір аяныш туғандай. Қемтарлығын мүсіркегендей бол-
дым. Ақыр соңында үнін естімек болып домбыраны құла-
ғына апарып мылқауға тән ғаламат бір оқыс дыбыспен
басын шайқаған кезде, жасыратыны жоқ, көзге жас келіп
қалды. Қаллекей қалың жұртты баурап кетті. Жалмұқан
Ақтоқтыны талақ етіп, Мылқауға тастаған кезде қарт ше-
берліктің биік мұнарасына көтерілгендей, зал демін ішіне
тартып тынып қалды. Ал ағашқа таңылған Ақтоқтыны қы-
зым деп аймалап жылаған кезде домбыра шегіндей тарты-
лып тұрған жан пернесі босап жүре берді. Шынымды айта-
йын, мен актерлық өнердің ұлылығы мен құдіреттілігін дәл
осы сәтте ғана сезіндім.

Көп күн бойы мылқау бейнесі көз алдымнан кетпей
қойды. Артист үнемі ұстара жүзінде жүрген сияқтапты. Сәл

бір қате жіберсе-ақ болды, тайып кетердей. Онда бұл образ өзінің трагедиялық серпінінен айырылып, мелодрама-лық сарынға ауысып жүре берген болар еді. Қаллекей соны түсінсе керек. Ол сыртқы жалтылдаққа әсте ұмтылмайды. Көрушіні күлдірем демейді. Қимыл-қозғалысқа да тым сараң. Мылқаудың жан дүниесін ашуда артист бір-ақ тәсіл қолданады. Ол — бет құбылысы, Қуанышпаев — Мылқау кейпінен қат-қабат көңіл күйінің не бір нәзік сәттерін танытатын қиян-қилы нышанды байқауға болады.

Осы спектакльден кейін мен Қалибек қартпен жақын танысып, көңілдес болып кеттім.

1945 жылы Қазақ театры Н. В. Гогольдің атақты «Ревизор» комедиясын қайта қойды. Қаллекей сондағы Дуанбасының ролінде ойнады.

Жасырары жоқ, мен театрға теткулі көңілмен бардым. Артист өнерінің шыңы — мылқау образы секілді маған. Ал Дуанбасы болса сырттай сыпайы, бірақ ішінде ала шұбар жылан ұялап жатқан алаяқ, монтаны парақор адам. Мылқауға тура қарама-қарсы образ. Көңілде мұны қалай шығарар екен деген күдік болса керек.

Қаллекей диапазонның кеңдігін мен осында көрдім. Кеше ғана қулық-сұмдықтан ада сәбидей анқау қара күштің иесі Балуан енді сырттай жайдары, «аңқылдаған ақ көңіл» зымиян дуанбасы болып шыға келді. Кейде тіпті осы бір кішіпейіл де марқаматты бейненің ар жағында елді қапқақсатқан, содырлы сойқан тұрғанын ұмытып та кетесің. Артист дуанбасының шын келбетінің танылар сәтін ұйтты сатираның биік шыңынан көтереді. Қалибек жасаған Сквозник-Дмухановский Абай айтқан:

Күштілерім сөз айтса,
Бас ізеймін шыбылдап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып
Шала ұғамын қырылдап,—

дейтін жағымпаз-жыртқыштың дәл өзі. Біздің ойымызша, дуанбасы — Қалибек атақты комедияның сахналық тарихынан сөзсіз орын алады.

Қарт артист сахнада өткен отыз үш жыл ішінде жүз жетпіске тарта рольде ойнаған екен. Бұл қилы-қилы мінездің, қилы-қилы ой дүниесінің, қат-қабат көңіл күйінің адамдары. Бірінде бар сыр-сипат екіншісінде қайталанбас бедерлі тұлғалар. 1926 жылы қазақ сахнасының шымылдығын көтерген «Еңлік-Кебекте» Қаллекей ойнамаған роль жоқтың қасы. Ол Қараменде мен Көбей болып та, Абыз бен Кебектің өзі болып та сахнаға шыққан.

Бір қызығы, артист қай рольді болсын жеңіл меңгереді. Онымен әріптес болған режиссерлердің бәрі де, «Қуаныш-пәленнен бірге жұмыс істеу рахат қой»,— дегенді айтады. Қаллекейді өз айтуы бойынша қатты қинаған, көп ізденген үш-ақ образ болса керек. Ол — жоғарыда біз айтқан мылқау мен Дуанбасы, Абай тұлғалары ғана. Асылында Қаллекей туғызған бұл үш образ советтік көркемөнердің үлкен табысы. Бұған біз Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясындағы Баптис образын да қосқан болар едік.

1950 жылы «Искусство» баспасы басып шығарған «Қалибек Қуанышбаев» — деген кітабында О. Олидор былай деп жазды: «Қуанышбаев сәбилік бір аңқау құлықты Баптис образының кілті деп қарады: шал өзін өте айлакер, біреген саясатшымын деп таниды, жұрттың бәрін тақыр мұна отырғызып жүрмін деп есептейді. Асылында ол мындарының қылығын қылт еткізбес, бала мінезді, ақкөңіл адам. Осы бір ақжарқын езгі шалдың бойында соншалықты сүйкімді бір балалық қылық бар».

Кіші театрдың елу жылдық тойына «Асауға тұсаудан» үйінді қойып беру үшін Қазақстаннан Қалибек пен Шәкен, Хадисша үшеуі арнап шақырылды. Юбилейге жиналған жұрт қазақ театрының ойынын үздік бағалады. Ал Қуанышбаевты дарындылығы жағынан орыстың талантты артистері В. Н. Давыдовпен, М. М. Тархановпен тең түседі деп санады.

Қарт артистің бойындағы осы бір ұлы қуаттың көзі қанда? Сыры неде?

Қаллекей бірде маған:

— Сәтті бір образ жасай қалсам, кейбір сыншылар Қуанышбаев пәленнен үйренді, түгеннен үйренді, пәлен мнанты ақтарды, түген кітапты төңкерді» — деп жатады. Мұның бәрі бекер нәрсе. Мен ең алдымен жоғымды өмірдің өйінен аламын,— деген еді. Жаны бар сөз. Талантты артист көркемөнердегі реализм биігіне кітап жолымен емес, өмір жолымен, өз жолымен келген. Жоғарыда біз Қаллекейдің жүз жетпіске жуық образ жасағанын айттық. Солардың бәрі де үлкен өмір жолында өзі көрген таныс типтер. Ол мылқаулар мен сөзге ұста көмейлердің, надан Шораяқ пен мимиян құнанбайлардың талайын кездестірген. Тіпті қазақ топырағына етене бұл бейнелерді айтпағанда, ана дуанбасы, Аков сияқты суы басқа жыртқыштарға ұқсасты да артист өзі өскен ортадан тапқан. Біздің ойымызша ұлы қуат көзі осында болса керек.

Қаллекей сараң сөйлеп, көп тындайтын адам. Ал көпшілік «мынаны айт» деп өтінсе, бәлсінуді де білмейді.

Бір кеште жиналған жұрт қарттан «Ревизорды» айтыңызшы» деп өтінді. Қаллекей жалғыз өзі екі жарым сағат бойына атақты комедияны жатқа ойнап берді. Ол Дуан басына ғана емес, Хлестаков болып та, Анна Андреевна мен Марья Антоновна болып та шебер ойнай алатынын көрсетті. Отырған жұрт қарт өнеріне қайран қалды. Жалғыз «Ревизор» емес, ол өзі қатысқан көп пьесаларды жатқа біледі екен.

Біз екеуміз бірге қайттық. Мен одан жолда: Бұл пьесаларды жаттап алуыңызға себеп не? Өз роліңізді білсеңіз де болмай ма?— деп сұрадым.

— Жок, бұл қате пікір,— деді қарт.— Басқа рольдерді де жете білген жөн. Жалпы пьесаның рухын түсіне білген дұрыс. Өз роліңді сонда ғана меңгере аласың.

Соны айтты да ол үндемей қалды. Адам аяғы селдірей бастаған кең көшеде үнсіз жүріп келеміз. Шал қолында бағғы қара таяқ. Сермей тастап, маң басады.

Мен осы бір үлкен адам өтіп келген ұзақ жолды шолғандай боламын. Революциядан бұрын аты шулы Қоянды жәрмеңкесінде сықақ әңгімелерімен қалың топты да мәз етіп, өзі де мәз болып жүрген әлжуаз жастың міне енді ұлы актерлік өнердің қиясына шыққан шағы еді ол кез.

Бұл соқталы талант тағдыры, бақытты тағдыр.

АТА СӘБИТ

1942 жылдың март айы. Сонау қалың үскірік қақаған Солтүстік Қазақстаннан тып-тынық, жып-жылы, күні елжіреп төніп тұрған көк мұнар Алматыға келіп түстік. Армия қатарына шақырылған бір келкі балаң жігіттерміз. Уақытша тұрағымыз — қазіргі «Ударник» кинотеатрының кең залы. Сол жерден әр қайысымызды әр жаққа аттандырып жатты.

Бір күні рұқсат алып, қала аралап қайтып келсем, жұрт дүрлігіп жүр.

— Сәбит Мұқанов келеді дейді. Сәбит Мұқанов келіп осында кездесу өткізеді дейді.

Қаланың оңтүстігін түгел орап, көк аспанмен таласып, сұлап жатқан ақ басты Алатау ең алғаш көргенге қандай әсер етсе, мына хабар да маған сондай әсер етті. Мен кездесу сәтін асыға күттім.

Сәбең айтулы уақытында келді. Соғыс кезінің әсері болса керек, үстінде солдат гимнастеркасы, кигені галефе шалбар, аяғында етік. Мол денесіне қарамастан жеңіл қимылмен мінбеге шықты...

Сәбең ең әуелі қызғылықты әңгіме айтып берді. Содан кейін өзінің «Гвардияшы бауырларға»—деген өлеңін оқыды. Жастар демін ішіне тартып, тынып қалды. Залда шыбынның ызыңы естілердей. Күні бүгінгідей есімде, Сәбең тартыл дауысымен:

Бір үміт халық күткен тағы ақталды:
Қирата қыркып фашист — жалдаптарды
Ерлері Қазақстан кан майданда
Жауынгер гвардия деп аталды.

Е, бәсе, солай болса керек еді!
Тарихта қазақ халқы ер ел еді.
Халқының намысына жанын қияр
Батырдың талайларын берген еді,—

деп бір тоқтады. Содан кейін:

Есек жау арғымаксып кісінеді
Кісінеу инетінді түсінемін.
Добымен зеңбіректің өңешінді
Бітейді Дмитрий Снегин.

Енді, жау жылжымассың сен жасырын
Жылжымын десең оның жан ашуын.
Шарипов, Аманжолов, Бекбатыров
Қит етсең қиғалы тұр үш Қасымым.

Тағы бар батырларым жүздеп-мындап,
Жорықта олар отап жауды қырмақ.
Ерлігін батырлардың Марабайдай
Халыққа танытамын өзім жырлап,—

дегенде жұрт овация жасап кетті. Өлеңнің соңғы шумағы әдейі арнап осында отырғандарға айтылғандай, дабыл секілді әсер салды. Оның үстіне Сәбеңнің әр сөзін, әр дыбысын анықтап, айқын етіп, жеткізе оқығаны, басқаша емес, өзінше, Сәбеңше оқығаны жақсы өлеңге одан сайын нәр беріп, құлпыртып жіберді.

Сәбең кетерде басшымызға қарап былай деді:

— Бәрін шақырар едім, үй тар. Сол себепті қасыма бесалты жігіт ертіп бер, қонақ болып кетсін.— Содан кейін қалғандарға қарап,— мына алты жігіт сендердің аттарың-

нан бара жатыр. Олай болса, бәрің де Сәбит Мұқановтың үйінде болдык деп есентендер, — деп жұртты ду күлдірді.

Құдай оңдап сол алтаудың бірі болып Сәбең үйіне мен бардым. Шежіре Сәбеннің қызықты әңгімесін тындап, Мәриям ананың дәмді тамағын ішіп, бір күн аунап-қунап келесі күні біз жатағымызға оралдық. Сәбең кетерде маған 1937 жылы түскен бір суретін ескерткіш етті. Ол сурет күні бүгінге дейін қиын-қыстау кезеңнің асыл жәдігері есепті үй ішіміздің альбомында сақтаулы тұр.

Мен Сәбеңмен ең алғаш осылай кездескен едім. Арада үш жылдан астам уақыт өтті. 1945-жылдың октябрь айында тағы да Алматыға келдім. Ол кезде Солтүстік Қазақстанның «Ленин туы» газетінде істеп жүрген кезім болатын. Алматыдағы партия мектебінің жанынан ашылған тоғыз айлық журналистік курсқа облыстық партия комитетінен жолдам бар. Астанаға самолет түнгі сағат он бір кезінде келіп қонды. Автобус, машинаның жоқ кезі, жаяулап, жалпылап қаланың орталығына келгенше түн жарымынан ауды. Қонақ үйде орын болмай шықты. «Ударник» кинотеатры өзінің байырғы қызметіне ауысқан. Таныс, жақын деген тағы да жоқ. Енді қайттім? Кенет көз алдыма Сәбеннің жылы жүзі келе қалды. Өйтпесек қазақ боламыз ба, ұйықтап қалғанына қарамастан салып Артиллерия көшесіндегі (қазір Құрманғазы) таныс үйге келдім де, есік қақтым. Көп күттірмеді. Сәбеннің көпке таныс даусы шықты.

— Бұл қайыссың?

— Бұл бір ел адамы,— дедім мен атымды ұмытып қалған шығар деген ойменен.

Әлгіндей болмай есік ашылды.

— Е, Сафуан екенсің ғой? Ел адамы дегенше, жөніңді неге айтпайсың! Ал, төрлет,— деп Сәбең тым жылы, күшәк жайып қарсы алды. Жадында екен, ұмытпапты. Арада талай күн өтті. Сәбең жәй-күйіме әбден қанған соң:

— Курс деген не, тәйірі, өзін жазушы болғың келеді екен. Университетке түс. Талантың қанша асып тұрса да білімсіз жазушы болу оңай емес,— деді.

— Университетте сабақ басталып қалды ғой. Түсем дегеніммен, қабылдамайтын шығар.

Сәбең қағаз, қалам алды да, әлде нелер жазып, маған ұстата берді.

— Мә, мына жолдаманы университеттің ректорына апарып бер. Кешіксең де түсерсің деп ойлаймын.

Университетке бара жатып «не жазды екен?» деп үңілсем Сәбең былай депті.

Бұл жігіт жаңа жаза бастағандардың ішіндегі көп үміт күттіретіні. Университетте орын болмаған күнде, төмен оқытып біреуді шығарсаң да, қабылдауыңды өтінемін!»

Ректор сөз айтқан жоқ. Жолдаманы оқып сәл жымиды. «Қабылдансын» деп бұрыштама соқты. Мен университетке түстім. Онбес жиырма күннен кейін Сәбец үйіне алты-рахметімді айтып, жатақханаға шықтым. Бірақ қарым-қатынасымыз нығая түсті.

Бір күні мен Сәбит ағаға өлеңдерімді алып бардым. (ол кезде елтеп өлең жазатын да «өнерім» болған). Сәбец бәрін де зор ыждаһатпен құлақ қойып тындады да:

Өлең техникасын меңгере бастапсың, бірақ бастандық сары уайым екен,— деп сәл кідірді де кішкене монғол көйіні құйрығымен маған қарады,— мені жұрт жалпақ менен деп кінәлайды. Сірә соның жапы бар-ау деймін. Бүгіннен бастап сол жалпақ шешейлікпен хош айтысып, бетің жүзін демей пені болсын тура айтуға белімді бекем байлап жиыр едім. Сол серттің үстіне сен келдің. Ренжіме,— деді.

Менің зәрем ұшты. Тым болмаса бір күн ертерек те келуіңе өнімді қарашы деп өкіндім.

Ренжіме десе де Сәбец мен түскен теріс жолдың негізін бітінін жәйлап отырып жеткізе айтты:

Балаң жігіт үшін өмір гүл-бақша есепті. Қызыл гүл, ақ гүл, көк, жасыл гүл... Балаң жігіт сол өмір бақшасының бірінші рет есігін ашқанда, көзі ең алдымен бір гүлге түседі. Албырт мінез, ыстық сезіммен кеп жұлып алып, төсіне сүйеніп десе, онысы тікенді роза гүлі болып шығады. Қорықпай қанатады. Содан барып беті қайтады, көңілі қайтады. Бірақ зәрсе, бәрін де тікен екен деп ұғады. Тікенсіз де гүл өскінін жаңағы байғұс аңғармайды. Меланхолияға ұрысқаны, мына секілді сары уайым өлеңдер жазады. Қазіргі замандағы акын жүгі ауыр жүк. Сезімтал, сергек болуы өз бетінше, акын ойлы болуға тиіс, акын философ болуға тиіс. Сары уайымында қандай негіз бар? Меніңше еш қандай негіз жоқ. Көп болса, бір қызды жақсы көрген шығарсың, көп болса, ол қыз сені түсінбеген шығар, карамай кеткен шығар. Бірақ мұның бәрі өткінші сезім, алдамшы сезім. Қызың болам. акын болам десең, ең алдымен осы жалғандықтан құтыл, күйректіктен сақтан. Жарға жығыласың өтпесе.

Сәбецтің осы айтқаны арада жиырма бес жыл өтсе де мен күнге құлағымда тұр. Мен бұдан мықты қорытынды алмадым.

Қазір ойласам, өз өмірімде екі үлкен бет бұрылыс бар екен. Бірі — Сәбеннің ақыл көмегі мен университетке түскенім. Екіншісі Сәбеннің әділ сынымен творчестволық тур жол тапқаным. Ағалық осы қамқорлығы үшін Сәбене мына да бір рахмет.

Айта берсе, Сәбеннің бізге тигізген шарапаты толық жатыр. Ең алғаш «Болашаққа жол» атты романымды Алматыға алып келгенімде алдымен оқып, әділ пікір айтқан үш қадірмен ағаның бірі осы Сәбең болатын. (Қалған екеу республикамыздың белгілі мемлекет қайраткері әрі әдебиетші Ілияс Омаров марқұм мен даңқты жазушы Ғабит Мүсірепов).

Қазақ Совет әдебиетінің негізін қаласып, сол әдебиетпен қатар жасап келе жатқан Сәбит ағаның басы сол Ғабит Мүсірепов болып бізге дейінгі, бізден кейінгі әдеби буының ішінде шарапат-әсері тимеген жазушы жоқ десек асырып айтпаған боламыз.

Мен өз замандасым Әбдіжәмил Нұрпенсовпен де Сәбен үйінде, Сәбең арқылы танысқанмын. Әбдіжәмил жазып әкелген «Курляндия» романының талай нұсқаларын Сәбеннің талай күндер қайта-қайта оқып, қайта-қайта өзіне оқытырып әділ пікір, түзетулер жасағаны менің әлі есімде.

Бұдан жиырма алты жыл бұрын Сәбит:

«Бірақ мен адам емен ізім тақыр,
Мейлі жұрт «алтын» десін, мейлі — «бақыр»,
Жолында өзім ерген ұлы көштің
Бір талай мен қалдырған мүлік жатыр»—

десе, еш кім оны артық айтты деген. Ал бүгінгі ата Сәбиттің сонда «қалдырғанына» тағы да талай-талай мүлік қосылғаны көпке аян.

Сәбең жетпіске келгенімен тынығу дегенді білмейтін, жазбай отыра алмайтын жазушы. Бір кездескенде Сәбеннен жәй-күйін сұрасаңыз:

— Шаршаңқырап жүрмін. Жазуды сәл доғарып, тынықсам ба деймін,— дер еді. Ал сол күннің ертеңіне жолың түсіп, үйіне бара қалсаң, Сәбенді жазу столында көрерің қак.

Жазушы үнемі жаза бере алмайды. Әр жазушының қолы бос кезінде әр қилы ермек, машығы болмақ. Ал Сәбең де ондай ермек те, машық та жоқ. Оның бар машық-ермегі де, бар машық-кәсібі де жалғыз ғана әдебиет. Жазудан қолы босаса, Сәбең қайта жазуға отырады. Қазақ әдебиеті — Сәбеннің бар болмысы, бар тыныс ауасы.

Ертерек жылдарда Сәбен:

— Мен бірнеше шығарманы қатар жазуды ұнатам, —
деуші еді. Сонысы рас та. Сыр жөнінде роман жазып жү-
ріп, Мәлік Ғабдуллин жөнінде повесть бітіргені есімде.
Біздің заманның батырларының» үстінде Абай туралы қа-
лаң монография аяқтағаны да бар.

Сәбең көп жазады. Ең жақсысы қиналмай жазады. Көп
жазу, тез жазу — жазушы үшін таптырмайтын қасиет. Ап-
та сайын роман жазып баспаға тапсыратын жазушы бұрын-
да болған, қазір де бар. Бірақ мынадай ұлы мүшелді той
үстінде Сәбеңнің жаңағы жақсы қасиеті кейде міні болып
кететінін жасырмауымыз керек. Сөйтсе де біз оны көп жа-
ласың, тез жазасың деп кінәлай алмаймыз. Аз жазсын, ақы-
рын жазсын, Сәбит Сәбит болып қала береді. Сәбеңе талап
бойғыш кейінгі буын — біздер мұны білсек керек.

Мынадай бір оқиға есімде:

Сәбеңнің жазушылар одағының председателі кезі. Әлде
қалай шаруамен кабинетінде отыр едім, аты белгілі бір жа-
зушы кіріп келді. Сондай ашулы. Сөз саптасынан аңғар-
ғым — аты белгілі жазушы кітап жазған екен. Ол
кітапты бір өлермен сыншы газетте сынап тастаған екен.

Сәбең аты белгілі жазушыны қолдаған жоқ. Тұрып ба-
рып кітап сөресіне үңілді:

— Бері қара, мынау данышпан Лев Толстойдың тоқсан
үшінші томы. Бірақ соңғы томы емес бұл, Толстой жүз
томнан артық дүние қалдырған! Сөйтсе де соның бәрін ал-
тын дей алмаймыз. Толстойды Толстой еткен, Толстойды да-
нышпан еткен сен білетін, мен білетін он шақты-ақ шығар-
масы.

Сәбеңнің осы әділ пікірін оның өзіне де қайталап айтуға
болады. Сәбитті «кәдуілгі Сәбит Мұқанов» еткен талай-та-
лай дүниелері бар. Олары қалың оқушысына көптен мәлім.

Сәбеңнің тағы бір керемет қасиеті соншама көп білетін-
ші. Қазіргі жазушы қауымында қазақтың ауыз әдебиетін,
өзбек әдебиетінің тарихын Сәбеңдей білетін адам жоқ де-
сек те болады. Мына бір детальді еске аламын: қазіргі
«Жұлдыз» журналының екінші ішкі бетінде «шыға бастаға-
нша пәлен жыл» — деген бір жол бар. 1953 жылға дейін
оны бір кішкене анықтаманы журнал бұрышына жазып
отыру ешкімнің ойына келмепті. Біз «ескі құлақтың» бәрі-
не де сұрау салдық. Солардың ішінде «Жыл құсының» ал-
ғашқы санын шығарысқандар да бар. Бірақ «Пәлен жыл»
мен ешкім дөп басып айта алмады. Сәбеңмен ақылдасуға

тура келді. Сәбен: «Жыл құсының» алғашқы саны 1922 жылы шыққан,— деп іркілмей айтты. Сәбең сөзі кейін архивтік материалмен дәл шықты.

* * *

Мен Сәбенді жігіт Сәбит кезінде көрдім. Қазір Сәбен ата Сәбит болды.

Жігіт Сәбиттің де, аға, ата Сәбиттің де айнымас жақсы қасиеті бар. Онысы — әдебиетке, қаламдас жолдастарына, кейінгі буынға қамқорлығы.

Халқымыздың бағына, әдебиетіміздің бағына ата Сәбит ұзақ жасай берсін.

ЖАҚСЫ КЕЛІН

Шалғайда жатқан осы бір ауылға келе қалсам, мына бір аласа үйге кірмей кете алмаймын мен. Онда қарт ана бар, қадірлі ана. Есімі оның Меруерт. Меруерт десе меруерттей. Сәл еңкіштеу келген аласа бойлы, етженді адам. Менің есімде қалғаны — қияпатты ақ жүзіндегі үлкен мені, көк күмбездей алыстан көз тартатын көкке салған кіршіксіз таза жаулығы мен шаршысы. Бара қалсаң айналып толғанатын, «жұрағат қой» деп маңдайымнан иіскейтін, барын алдыма әкеп қоятын. Бала күнгі мол көрген сол мейірімнен бе, әйтеуір мен ол кісіні сағынып тұрамын, көргенше ынтығамын.

Әрине, одан бері талай заман өтті. Көкке малған шаршы да тозды, қияпатты ақ өңге ажым ұялады, ақша жүздің нұры тайды.

Меруерт ана өмір қыспағын көп көрген. Мен ес білген кезімнен бері оның жесір екенін білемін. Зүбәйра деген жалғыз қызы бар еді. Елбесіп-селбесіп күн көрді. Кейін келе Зүбәйра тұрмысқа шықты да шешесін қолына алды. Қарт ана немерелі болды. Бірақ енді-енді қолым жылы сұға тиді ме дегенде Зүбәйра бір кеселге душар болды. Көзінің нұры тайды. Су қараңғы болып үйде отырып қалды. «Күшік күйеу» атандым деп сыныққа сылтау таба алмай жүрген күйеу баланың дегені болды, жетім-жесірлерді тастап кетіп отырды. Бірақ нәресте күнінен әжені бауыр басқан кішкене Тарғын ермей қалды.

...Қыс бар, жаз бар, кең сақыра ойға шомғандай сұрқай тартып ымырт үйірілер шақ болады. Сондай бір сәтте алакеугім аласа үйдің бұрыш-бұрышынан андыздап шыққан қою қараңғылық бірте-бірте үй ішін жайлап, күнгірттей

берді. Көңілдері жүдеу тартқан екі ғарып ана ауыр күрсінеді. Сол кезде есті де ұстамды болып өсіп келе жатқан кішкене Тарғын:

— Әлі ер жетемін, сонда мен сендерді аркалап жүріп айнараймын,— деп жадау көңілді жұбатады.

Содан бері де көп жылдар өтті. Зүбәйра болса дүние салды. Тарғын болса ер жетті. Үйленді. Балалы-шағалы болды. Қолхозда адал еңбек істеді, ескі аласа үйді құлатып, еңсесі биік үй салды. Жаңа жерден қоныс-мекен тепті. Бері де табиғаттың заңы.

Ал Меруерт ана қайда? Ол да осы үйде, жиен келінінің қонында. Жиеншарларын сүйіп отыр.

Мен, міне, кіріп келемін. Жүрегім лүпілдейді. Сексенге келген қарт ана қазір ұшып тұра келеді, оң қолын менің мойныма салады да, ұзын денемді доғаша иіп, бетімнен сүйеді...

Жұпыны да таза жиналған ауыз бөлме. Сұңғақ бойлы, томпақ бет келген бір жас келіншек бізді сыпайылықпен қарсы алды. Тарғынның жолдасы осы болар деп ойлайтын. Төргі үйге беттеймін. Сол қолда темір кіреует. Сол кіреует үстінде көзіме ыстық ана отыр. Баяғы қалпы сияқты. Қарыс маңдайлы келбетті өңіндегі қара мені бірден көз арттады. Меруерт ана кісі келді деп селт ете қоймады бірақ. Ақылға біткен кішкене қара көзін терезеге қадаған келінін, отыра берді.

Апа, амансыз ба?

Бұл қайыссың?— деді Меруерт ана терезеден көзін астаған.

Танымай қалдыңыз ба, апа, мен ғой. Жұрағаты...— сөзімді айтып жеткізе алмадым, қарт ананың негі кемсеңдеді. Бірақ көзіне жас келмеді, өңін де бері бұрған жоқ. Кіршігін қақпайды. Бұл не ғаламат? Жақындай беріп көз салсам, жаудырап тұрған мәлдір көзде нұр жоқ екен. Меруерт ана да Зүбәйрамен тағдырлас, су қараңғы болыпты. Апа қолда да жан жоқ. Тек қу домалақ кеудеде ұялай торсырап тірлік бар. Ішкі сарайы сау, ас ішеді, ақыл ойы да бүтін, жаңылмай сөйлейді. Бірақ бар сабыты кісиде.

Меруерт шешеннің бар жәйі осы,— деді ол.

Менің ойыма сол кезде жана ғана бізді ауыз үйде қарсы алған жас адам түсті. Сөзді неден бастарымды білмеңім деп:

Келмегеніме көп заман болды ғой, мен жоқ кезде сенің түсіріпсіз, жиеншарлы болыпсыз, құтты болсын,— дедім.

— Е, айтсын! Менің өстіп мәз болып отырғаным сол келін қарғамның арқасы ғой. Осындай шағымда мынадай бір мерейлі пендені тап қылды. Өзім де бақытсыз емес екенмін деп ойлаймын.

Ана сөзінде жан бар секілді. Үсті-басы тап-таза, төсегінде бір кіршік жоқ. Кісі аузына тамақ салып, кісі отырғызып тұрғызатын ғарып ананың айналасынан ұқыпты да жан ашыр қолдың, еңбек қолының айқын ізі білінеді.

Әлгіндей болмай шай келді. Бәтес келін дастарқанды кіреуетке таяңқырап жасады да, ішіп-жемін алып, ананың аузына салып отырды. Кісі келді деп көрсеткен сыпайылығы емес, қапына сіңген, дағдысына айналған қылығы сияқты. Бәтестің бұл мінезі мені қайран қалдырды.

Шайдан кейін ол:

— Іздеп жатқан болар, жұмысқа барып қайтайын,— деп колхоз қоймасына кетті.

Меруерт ана келінінің көзінше ғана сараң сөйлеп отыр екен.

— Шырағым, тұрған бір алтын,— деп әңгіме бастады.— Колхоз жұмысынан бір сәт қалмайды, одан қала берсе екі-үш қарғасы бар. Үй ішінің жабдығы да бір өзінің мойнында. Соның бәрі аз дегендей мен болсам, мынау, бар сабытымды салып отырған. Бір қабақ шытпайды-ау сонда да. Аяймын. Масыл болмай тезірек өлсем деймін. Төсегімнен көтеріп алып далаға шығарғанда, одан көтеріп алып үйге енгенде бар тілейтінім сол. Осы баланың қолында кетсем арманым бар демес едім.

Мен Меруерт анамен бақұлдасып аттандым.

Содан бері екі жыл өтті. Бірақ күні-түні көз алдымнан ғарып ана, сол ананың қасы мен қабағына қарап, айтқанын екі еткізбейтін Бәтес кетпейді. Мен ауылға хат жазған сайын сол таза, мүскін пенделердің хал-жайларын сұраймын.

Міне, менің алдымда бас-аяғы қысқа, дағдылы амандықты сұрап, дағдылы амандық хабарын білдірген шағын хат жатыр. Соның аяғында Меруерт ананың дүние салғаны айтылыпты. Бәтес баяғы мінезінен айнымаған. Таза арулап, өз қолынан келмес сапарға жақсылап аттандырып салған. Зират басына болмай ере барыпты, өз қолынан ана хабіріне топырақ салып, жылаған. Көңіл айтқан, жұбаққандарға:

— Үйіміздің нұры, балалардың ұйтқысы еді ғой, әжетайым. Құлазып қалдық қой,— депті Бәтес.

Жан тебірентерлік сөз.

Мен өткен күнге көз жүгіртсем, сол қарт апаның өзі де қызын адам болғанын байымдаймын. Мынау жамап болсын демесуші еді. Бір пендеге көлденең келіп көрді ме екен сірә? Ай, келмеген шығар-ақ. Мүмкін, мына қартайған шағында Бәтес секілді алтын келінді кез қылғаны да сол мінезмен шығар.

Бәтес әлі жас адам. Оның бар қызығы алда, бар бақыты ілгері күндердің еншісінде. Не, не бар бақыты! Өйткені елсақаға қайырым-марқабат жасаған адам бақытсыз болмақ емес бұл дүниеде. Тіпті Бәтес сияқты мейірімді жан-дардың бақытсыз болуға правосы да жоқ.

КЕСІРЛІ КЕЛІН

Біздің редакцияға бір хат келіп түсті¹. Талдықорған облысындағы Мұқыр ауылында тұрушы Абдырақманов Мұхамед-Садық деген жолдастың хаты.

- Жел тасты бұзады, сөз басты бұзады деген бар емес пе, үй ішіне реніш кірді де, кішкене басым шарадай болды, - деп жазады Мұхамед-Садық. — Былай бұрсам арба шыады, былай бұрсам өгіз өледінің кері. Мен туған анамда да қия алмаймын, жастай қосылған қосағымды да, үш бірдей бұлдіршін баламды да қия алмаймын. Әйелімді көңірдем анам ілікпейді. Сонымен қатар жұбайым Бекеннің те мінезі оңып тұрған жоқ. Ол қазіргі жастарға ұқсап ұсақ сөзге құлақ қоймауға керек еді, үлкенді сыйлап, анамды арбақтау керек еді. Бірақ Бекен олай етпеді, үй ішіндегі іс-іекті бір жанжалда анама тілі тиді. Бұрын да сыныққа ұшытау таба алмай отырған анам тіпті өршіп кетті. Бекен те шартынған жоқ. Әлқал не керек, бұл үйде бүйтіп тұруға ош мүмкіндік қалмады. Ажырасуға тура келді. Келінше-темі, үш баламды әкесінің үйіне шығарып салдық. Арада бір ай уақыт өтті, анама келіні келіп, үш немересін алдына беріп кешірім сұрады. Қінәлімін, ақмақ басым ашумен не білдімді білмеппін. Кешіре көріңіз деді. Оған анам өшпенді.

Қымбатты редакция! Міне біздің үй іші осылай азып кетті. Бұл халімді хатқа тізіп сіздерге жолдап отырғаныма сенгенің ұяламын. Бірақ амалым қайсы. Енді қайттым? Ағыт кеңес беріңіздер.

Бұл ауыл Алматыдан Семейге баратын үлкен тас жол-дың үстінде екен. Мен кештетіп келдім. Екі оттың ортасын-

¹ «Мәдениет және тұрмыс» журналының редакциясы.

да қалған Мұхамед-Садық жәйі не болды екен? Жол бойы мазалаған ой осы еді. Тезірек көрсем, жағдайларымен тезірек таныссам деймін.

Мұхамед-Садықтың үйі колхоз кеңсесінің дәп іргесінде екен, есікті он үш-он төрт жастағы бір қыз бала келіп ашты.

Тым шағын, тым жұпыны екі бөлме. Мұхамед-Садық редакцияға жазған хатында:

— Колхозда аянбай еңбек еттім, дәулетті тұрамын деп меп пе еді, мұнысы қалай?— болды алғашқы ой. Бір қар әйел бізді бейілдене қарсы алды:

— Жаксы келдіңдер, шырақтарым, былай шығындар,— деп жатыр.

Сұрастыра келсек, Мұхамед-Садықтың шешесі Жылқы бала осы кісі болып шықты. Мен тағы да таңырқап қалдым. Мұхамед-Садық жазған хаттың әсері болар ма, бүкісіні бет бақтырмайтын адуын адам шығар деп жорығай едім. Ал қарсы алдымда өмірдің бары мен жоғын да ащысы мен тұщысын да көп көрген күс алақан еңбек адамы тұр.

— Мұхамед-Садық қайда? — болды алғашқы сұрақ.

Қарт әйелдің ажымды жүзіне кірбең жүгірді.

— Кетті ғой бізден, шырағым,— деп күрсінді Жылқы бала.— Бір жарым жасында әкесінен жетім қалып еді. Байлықпен мал сатып асырағаным жоқ, қолыма кетпей алдым, етегім елпі, жеңім желпі жүріп асырап едім. Міне, енді есейді, үш баланың әкесі атанды. Өз қолы өз аузына жетті. Бір жола кетті бізден.

Мұхамед-Садық туған анасын тастап кеткен! Бұл не сұмдық? Жүрегім тітіренді.

Мен бұл ауылда бір күн болдым. Біраз адамдармен сөйлестім. Осы Калинин атты колхоз жанындағы бастауыш партия ұйымының секретарына да бардым. Мұхамед-Садық колхоздан рұқсат та сұрамапты, мал-мүлік, дүн-дүннесін алыпты да бір күні әйеліне кетіп отырыпты. Жұрттың айтуына қарағанда, бар кінә келінде көрінеді.

— Келініңіз алдыңызға келіп кешірім сұрапты ғой, неге илікпедіңіз? — деп сауал қойдым Жылқыбалаға.

— Шып келсе кешірмейтін бе едім, шырағым. Кінәлімін деп келген жоқ, тілі ұзын, сүйреңдей келді. Өз үйімде отырсам опақ, тұрсам сопақ болып едім, сол таз кебімді қайта кигім келмеді,— деп жауап берді.

Мен енді Мұхамед-Садықтың өзімен, оның әйелі Бекенмен сөйлескім келді. Келін мен ене арасында әкетіп бара жатқан соншалықты бір ештеңе де жоқ сияқты көрінді ма-

... Мұхамед-Садық осы Мұқыр селосынан сегіз-ақ шақырым жерде су шаруашылығының бір участогында мұрап баласы қызмет істейді екен. Жаңа заманның тәрбиесін алған жастар ғой, жеткізе айтсақ, түсінер де табысар деген көмесі шешесін ала жүрдім.

Мұхамед-Садық хат жазғанымен редакциядан тал кісі келсе қолр деп ойламаған болса керек-ті, біздің жөн-жайымызды біліп абдырап қалды. Ал Бекен дегеніңіз тапқы мұрап, кара сұр келіншек екен, сөзді бөледен бастады:

Міне, отыр ғой баласы соншып, керек болса алып жүре берсін.

Енеңіздің не айып-кінәсі бар? Не жетпейді сіздерге? Бәріне неге тұрмайсыз?— деп сұрап едім:

Тазалығы, мәдениеті жоқ, міне көрмейсің бе былтыр шалдатып жерге түкіріп отырғаның,— деп жауап қайтарды Бекен.

Менің қасымда отырған осы ауылдың мұғалімі шыдамын білем:

Сол да сөз болып па?! — деп қалды. Бекен өрлеп қайт берді:

Бұл қу кемпір баласын алып жүре берсін. Менде не шаруаларың бар?— Сол сол-ақ екен. Кара сұр келіншекті оң қайсымыз тоқтата алмадық. Басын төмен салған қалың үн-түнсіз Мұхамед-Садық отыр. Татуластырамыз ба деген ой далада қалды. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлынан айрылдының кері келіп, бұл үйден «аллалап» барға дегенде шықтық. Ұртына су толтырған адамша тіл қалыптан Мұхамед-Садық қалды. Әлде нені үміт етті ме деп білсін, бара жатқанда Жылқыбала шешей көңілді отырған еді, енді тым шөгіп, томсырайып қапты. Онда да үн жоқ. Шынымды айтайын, мен өзім де жасып, қам көңіл болып келемін. Бұл әйел отыз жасында жесір қалыпты. Мұхамед-Садық болса бір жарымда. Ол бір таршылық баласы ғой. Жылқыбаланың тарыққан да, шалдыққан да баласы көп болыпты. Бірақ өтірік айтпаған, ұрлық істемеген, шенеуір, жалаң аяқ сыз кешіп дегендей, асырапты жалғыншы. Менің де құлыным ер жетер, мен де жұрт қатарына қосылармын,— деген үміттің сықсима шырағын медет тұттып, жас ғұмырын өткізіпті. Сөйткен баланың сиқы мынау. Мұқырда мен әңгімелескендердің бәрі де — жоқ, Мұхамед-Садық қой аузынан шөп алмас момын бала, ана Бекен сондай пайдаланады,— деген еді. Мұның шындығы барға ұқсайды. Өйткені кара сұр келіншектің жаңағы шаптығуы сол басынғандықтың белгісі десек те, Мұхамед-Садық

момин диния қоса қара жүрек, тас бауыр ма деп те қал-
ғандайсың. Әйтпесе төсекте бірге жатқан әйеліне ана қаді-
рін жеткізе түсіндіріп айтпай ма! Айпалып келгенде оны
өзінде шешеге деген ыстық махаббат жоқ. Соны сезетін ке-
сірлі келін әбден нектеп алған.

— Мына үш қарға бар, соны қимамаймын, — дейді Мұха-
мед-Садық. Дұрыс-ақ, баланы кім жек көреді дейсің. Бірақ
осы қарғалары ертең қартайған шағында далаға қанғыр-
тып кетсе қайтер еді ол. Осыны неге ойламайды Мұхамед-
Садық? Ол сүйіп қосылған қосағынан да, балаларынан да
айрылмасын, бірақ ақ сүтін берген анасын да далада қал-
дыруға қақы жоқ. Үй ішінде кім еңбек етіп, мал тапса, осы
үйдің бас көтерері де, ұйтқысы да сол болмақшы. Олай
болса Мұхамед-Садық та өз семьясының ұйтқысы бола бі-
луге тиісті. Бұл ретте Калинин атындағы колхоздың бас-
тауыш партия комитеті бақылаушы ғана болмас, Мұхамед
Садыққа таяныш болар деген үміттеміз.

МЕНИҢ АУЫЛЫМ

Солтүстікте бір қанаты Сібірдің қалың орманына сүң-
гіп, ал құбыла жағы керілген ақ селеулі кең жазыққа ай-
налып кететін бір аудан бар — Преснов ауданы. Қайтып
оралмас балалық шағымды өткізген ыстық өлке бұл маған.
Мен міне сол ауылыма асығып келемін. Себебі, осы бір
ыстық ұядан ұшқаным, еңбекқор, сауықшыл ортадан кет-
кеніме көп жыл болды. Сол елден сараң келер хаттарда
үнемі қайталап айтылар бір жәй бар еді: ауылда ұлан-қа-
йыр өзгеріс болып жатыр. Колхоз байыды, ел тоғайды. Кел.
Өз көзіңмен көр! — дейтін.

Не өзгеріс бар екен? Қалай өзгерді екен?

Мен көзімді жұмамын. Туған ауылым елестейді. Жаңар-
ған, байыған ауыл емес, баяғы өзім кеткендегі жұпыны
жүдеу ауыл болып елестейді.

Жасыратын несі бар, ол кезде мен өскен Аманкелд
атындағы колхоз тым күйсіз еді-ау. Міне, жетпіс жастағы
палуан денелі Ыбыш қарттың үйі менің көз алдымда тұр.
Бұл үйден соқтауылдай төрт еңбек несі шығатын еді. Ыбыш
қарттың өзі астық сарайын күзететін. Үлкен баласы Мұха-
меджан қысы-жазы демейтін, сиыр соңында жүретін. Құр-
маны болса құрылыс бригадасында, ал келіні Дәмен сауын-
шы еді.

Осы бір тату, еңбекқор семья әр жыл сайын екі-екі жа-
рым мың еңбекқұл тауып отыратын. Сол еңбегіне Ыбыкен

өше нұт астық, неше мың ақша алатын еді дейсіз ғой. Дегенің: еңбеккүнге ақша алу дегенді ол кезде бұл колхозның шаруалары мүлде білмейтін-ді. Ал астық болса, оған қызығушы еді. Шығымсыз жылы Ыбыш сияқты жанды-жақынның бірер ай талғажау етуіне жетпейтін. Ал шыққан қарызын тусырап болатын. Шаруа адамы бір ғана астыққа қызығушы соң киер киімі мен ішер шайының да, сояр соғының да салмағы келіп сол астығына түсетін.

Колхоз мемлекет қарызынан құтыла алмайтын. Март айымен «Тұқым жетпейді» — деп ауданға шауып жүретін сияқты көретінсің. Онда монша, клуб, диірмен дегенді де білмейтінбіз. Колхозшылар алты ай жаз, алты ай қыста бірде бір кино көрмейтін. Әр үйдің босағасында мехнат қысқордың дәл бір өзіндей болып кол диірмен тұрушы еді.

Ал міне, менің сол ауылым өзгеріп кетіпті. Мен сол өзгерген ауылымды көрсем деп асығамын.

* * *

Ел шегіне де ілектік. Бұрын ат-арба ғана жүретін ескі жолдан үлкен машина жолына айналып кетіпті. Сол жолдан келеміз. Машина міне бір шоқ ағаштың ішіне үйініп барады. Көзге ыстық, Көсеней шоғы деген таныс орман. Осы орманның ар жағында тусырап жатқан ақ сары жалпақ жон бар. Сол жонды ассаң болды, арғы ойда бір тамшы көз жасындай мөп-мәлдір, дөп-дөңгелек болып шықпанып көл жатады. Мен туып өскен колхоз мекендейтін жерге келі ол.

Осылай әр бұтасы өзіме таныс туған жермен ойша ілгері кетіп калып едім, машина Көсеней шоғынан шыға бере орман жалт бұрылды да, мен көрмеген жаңа бір жолға түсті. Ауыр машинаны жеңіл құйғытып келе жатқан кішкене балалық бала шофер Жадыра Нұрқанов менің өнімдегі сұрау-сұрағарды білем:

Казір тура жол жоқ, ана алдымыздағы жалпақ жон үздік айдалып тасталған,— деді. Содан кейін:— Баяғы өзің көрген дала емес бұл, мүлде өзгеріп кетті. Ал сол өзгерген дегенің мына жолдан басталған,— деп күле сөйледі.

Жас шофердің осы бір ойлы сөзін қуаттап келемін. Сонда да менің көзіме өзгерістің басы дәл осы баланың өзі көзіңден береді.

Жадыра бір кезде дәл осы ауылда менің алдымда сабақ оқыған еді. Жасыратыны жоқ, нашар оқыған. Қластан өтсең көше алмай отырып қалған кездері де болған. Неге менің өзім де білмеймін, әйтеуір осы Жадыра келешегің

көп ойлай беретін болдым. «Сабақты нашар оқиды, не адал болады бұл?» — деген сұрақ күндіз-түні ойымнан кетпеген. Содан болса керек, бір күні мен оның әкесі Тоққожаны Нұрқанмен сөйлестім.

— Жадыра оқу оқып мандытар түрі жоқ, трактор қуысына жіберіңіз, — дедім. Жадырам теріс айналып кетті. Дүниенің ащысы мен тұщысын көп көрді деген Нүрекеннің өзі де ұнатынқырамай қалды.

— Трактор айдап жүргендердің қарық болып жатқан белгілі ғой осындағы. Үсті-басын майлағаннан басқа не табары бар? — деп бір-ақ қайырған.

Міне, бұл сондағы Жадыра.

Сол жәйді мен оның есіне салдым.

— Ол кезде трактористердің табысы аз еді ғой. Ремонд дегенің де шала жүргізілетін. Алты күн жүрсе, алпыс күн азасы болмаушы ма еді. Қазір жағдай басқа. Тіпті бұл күнде солардан мол табысты халық жоқ. Енді тракторға баруға әбден болады, — деп жауап берді ол. Орнықты жігіт болған. Өзі жуырда ғана үйленген екен. Әлі де еңбекте қалмаған әкенің қазіргі қолғанаты, келешектегі мықты тілегі сияқты.

Жадыра тағдыры мені қатты қуантты.

* * *

Бұл бұрын «Ылыя», «Талпын» деген қойындас жатқан шарқы шағын екі колхоз еді. Жаны аралас, қойы қоралас дегендей, көршінің ішіндегі татуы да солар болатын. Міне, енді орайы келген соң іріленіп, мал-мүлікті қосып бір колхозға айналған.

Біз ең алдымен туған колхоздың бірінші бригадасында болдық. Аумақты орамды қоршап алған үлкен ауланың іші толассыз қимыл. Қырман қақпасында үлкен автотаразы тұр. Араша құжнаған көп самосвал машиналар әлсін-әлі сол таразыға келіп сәл кідіреді де, үлкен сарайға ене беріп қанатын қомдаған бүркітше жауырынын күдірейтеді. Содан кейін артында шұбалған шаң қалдырып, қыр асып бара жатқанын бір-ақ көресің. Бұл шақта колхоз даласында отыз алты комбайн жұмыс істейді екен. Содан түскен астықты тасып үлгеру оңай шаруа емес қой.

Баяғы таныс та жақын адамдар. Міне, мынау ауылда «адал сары» атанған Молдаш Мұсабаев. Шынында колхоз шаруашылығына жаны ашитын адал сарының дәп өзі. Оның ұзақ жылдық іс-тәжірибесі соны танытады. Молдаш соңғы жиырма жыл бойына колхоздың есеп-қисабын жүр-

енді шаруашылығы ұлғайған ірі колхоз председатели-
мен арынбасары. Өзгермеген. Ақырын ғана күнк ете түсіп
көрсетінін айналып кететін, сонда да дегенін істеттіретін баяғы
өзгерген.

Осы бес күндікте мемлекетпен есеп айырысамыз ба
еміздік, әбігер болып жатырмыз,— деді ол бізді қарсы
қарап тұрып.

— Әбігер болып? Жо-ок. Қарбаластық бары рас, бірақ
өмірлік сезілмейді. Жұрт қимылы баяу секілді. Дән ақ-
сақандардың ішінен тіпті мандайы жіпсіген бірін көрмей-
сің. Оның себебі де бар. Мұндағы азғана топтың көбі бақы-
ланшы ғана. Он екі киловаттық кішкене мотор дамылсыз
күніне істеп тұр. Осындағы дән ұшырғыш, дән ақтағыш,
дән артқыш құралдардың бәрін де қозғалтып қойған сол
мотор қуаты. Машина қимылы шапшаң да, адам қимылы
шапшаң көрінеді. Ал олар тап осылай паң жүріп-ақ күн сайын
мемлекетке жиырма мың пұттан астық өткізе алады екен.
Бір күнде жиырма мың пұт!

Менің есіме осыдан он жыл бұрынғы егін орағы келіп
түседі. Шын қызыл танау әбігерлік сол кезде болатын еді-
м. Жұрт көбіне жұмысқа шықпайтын. Біреудің басы ауы-
рған, біреудің балтыры сыздайды. Әйтеуір жұмысқа шық-
пауға дәлел табылады. Колхоз белсенділері әр үйдің есігін
қағып жүргені. Біреуге ұрсады, екіншіні қорқытады, үшін-
шіні балаға ұқсатып алдамақ болады. Ырын-жырын бір
күніне. Осындай халде колхоз председатели қарап отыра ала-
ма. Белсенділердің сонынан өзі жүреді. Тіпті асқынып кет-
кен бір шак болса керек, бір ретте атқа мініп алып: «Өрт!
өрт! қара өрт қаптап келеді. Алдынан шығындар!» — деп
көшеде шапқылап айқайлағаны да болған. Енді байқасам,
жұмысқа құлықсыздықтың басты себебі — алар табыстың
мардымсыздығында екен.

Қайтсе де тәртіпке мойын сұнған адал халық қой, сөске
түсте болса да қырман басына жиналатын. Ондаған күрек
аспанға көтеріледі, бидай ұшырады. Үш тағанды мосыда
қол елеуіш ізендей бастайды. Сөйтіп жүргенде кіші бесін
болады. Қырық рулы елдей одан-бұдан құралған өгізді,
атты, сиырлы астық керуені мемлекет қоймасына қарай
ұбап-шұбап жөнеле береді. Енді бір уақытта күн ұясына
қонады. Қыбырлай басып қыр асып бара жатқан үлкен
көшке ұзақ қарап, ұзатып салған жаңағы Молдаш Мұса-
баезты көретінсін. Сонда ол айрықша бір ырзалықпен:

— Бүгін, міне екі жүз пұт астық жөнелттік,— деуші еді.
Екі жүз пұт?!

Бұл кешегі мен бүгінгі күннің адымы. Осы бір «кешегіміз», «бүгінгіміз» — деп өткендегі шағынды кәзіргінің молымен салыстыра беру дегеннің өзі жауыр болған көне әдіс қой. Алайда араға талай жыл салып оралғанымда туған ауылымда болған өзгерісті осылай салыстырмасқа амалым болмады.

* * *

Мен Ыбыш қартпен осы қырман басында кездестім. Баяғы тың да сергек қалпы. Ыбыкең өз үйінің үлесіне тиген астықты ала келіпті. Бірақ бұрынғыдай қаппен де, көлікпен де емес, үш тонналық екі машинаны бастап келді. Машиналарды таудай болып оқшау үйіліп жатқан алтын дөңгелекке жіберді де, өзі бізге беттеді.

— Ыбыке, мұншама астықтың бәрін қайте бермексіз? — деп қалжындадым мен.

Қарт таяғына сүйене беріп мұртынан күлді:

— Тұқымын құйып ала алмаған колхоз болса, қарызға беремін.

Колхозда ұзақ жыл кілтші болып істеген қара мұрт Әлмырза сөзге араласты:

— Бұрынғы іріленбей тұрған кезде колхозға керек тұқым қоры осы мына биыл барып Ыбыкең албарына үйілетін астықтан асып та кете бермейтін.

— Жөн айтасың, — деп біздің қасымызда тұрған бетінде қорасан дағы бар мысық көз жалпак сары Әлмырзаның сөзін тірілтті. Бұл колхоз ұйымдасқаннан бері адал еңбек етіп келе жатқан Бисәрінің Рамазаны. Екі сөзінің бірінде «Ой, доңыз!» — деп сөйлейтін болғандықтан ел ішінде «Доңыз» аталып кеткен бір доға, катал адам. — Биыл астыққа шаш етекпен болатын түріміз бар. Тіпті егін шықпайды дегенді ұмыттық қой, шырағым. Шүкіршілік. Ал бір кезде жүгерінің қара көжесіне тарыққан күніміз де болған. Сен бала едің онда, біле бермеуің де мүмкін, — деді Рамазан.

Жоқ, мен бала болсам да көжелікке зар күнді ұмытпаппын. Атышулы 1931 жылдың көктемі. Қыс бойы ақ түтек боранмен, аштықпен, колхоз құрылысының жауларымен алысып шалдыққан ел егінге шықты. Бір жақсысы колхозға арба-арба жүгері келе бастады. Жұмыс істегендер енді паек алатын болды. Ертемен еңбек істеуге жарайтындар жұмысқа аттанады. Қос басында осы Рамазанның әйелі Айша екеуіміз-ақ қаламыз. Мен бала болғандықтан қала-

мен. Ал Айша болса ас пісіреді. Жұрт оған өлшеп көжеліні қалдырып кетеді.

Кіші бесінде Айша от жағады. Кішкене қазан асылған шағын ошақтар жыпырлай бастайды. Мен де қарап отырмаймын. Шөпшек теріп әкеліп көмектескен боламын. Сөйтіп жүргенде кеш түседі. Күн ұзақ бас білмейтін асау да арық-тұрақ сиырман алысып, арып-ашып шаршап жер жыртып келген жұрт жүгері көжеге жапырласады. Ал Айша болса өз қазанын сонда ғана көтере бастаушы еді. Өйткені Ракең әйеліне сенбейтін. Жүгері салған жәшіктің кілті үнемі өз қалтасында жүретін. Көженің татымын байқаймын деп ожаудан ұрттамақ болған Айшаның талай рет сөгіс те естігенін білемін. Рамазанның сондағы: «Ой, дониз, менен бұрын ауыз салып әкетіп бара ма, тарт қолыңды!» дейтін сөзі күні бүгін құлағымда тұрғандай.

Сөйткен Рамазан міне енді адал енбегінің арқасында ауылдағы мол дәулетті, іргелі бір үйге айналған. Баяғы ұсақтықтың ізі де жоқ. Қолы ашық, қонақ асыға мырза үй. Бір дәм үстінде әңгіме сол жүгері көже жайына ауысып кетіп еді. Ракең:

— Қайдағы жоқ естеріңе келеді екен түге, одан да мына дәм алыңдар. Кісіні кісі жазғыратын заман емес-ті ол кез,— деп қызарақтай сөйледі.— Адал енбек еттік. Үкімет жарықтық жеткізді міне.

Осы ретте мен екі нәрсені ойға түйемін: біріншіден, колхоздасқаннан бергі жиырма-жиырма бес жыл адам табиғатын мүлде өзгертіп жіберген. Кісіні кісі жазғыратын заман болмай-ақ қойсын ол кез. Сонда да колхозшылардың көбі сеніп Айшаға көжелігін қалдырып кетіп жатқанда өз әйеліне күдікпен қарайтын Рамазанға не күн туыпты?! Бұл «адамға адам қасқыр» — деген ескі заман мінезінің салқыны болса керек-ті. Соны табиғаты өзгерген Ракеңнің өзі де түсінген енді. Қызарақтайтыны да содан.

Екіншіден, еңбек бейнет емес, зейнетке айналған. «Пәленше өткен жылы пәлен істеп еді, пәлен мың тапты ғой»,— деген екінің аузынан шығар мақтаныш сөз. Бұрын жұрттың жұмысқа қалай шығатынын айттым ғой жоғарыда. Ал енді бірлі-жарым кежір, керенау табыла қалса, «сәлендеп бос жүреді, не оңар дейсін!»— деп көпшілік ондайды айыптап отырады екен.

Қызық бір жәй: әуелгі күндері мен ертемен шырқап салған әннен оянып жүрдім. Әсем саз тербеп оятады мені. Жүгіріп сыртқа шығамын. Жүк машинасының үсті сахна іспеттес. Көңілді жастар кетіп бара жатады. Кейін білдім,

бұлар фермадағы жастар екен. Жұмысқа машинамен барады, ән шырқап барады, жұмыстан машинамен қайтады, ән шырқап қайтады. Бұл мені айрықша қуантады. Өйткені сонау снырмен егін салып жүрген кезде жұмысқа өлендетіп шығу деген дәстүр болмайтын. Себебі де бар. Ондағы еңбектің зейнеті жоқ та, бейнеті көп, рахаты аз да, азабы мол еді.

Бүгінгі еңбектің бар ауырын техника көтереді, рахатын адам көреді. Машина колхоз шаруашылығына ғана емес, колхозшының азын-аулақ жеке меншік шаруашылығына да батыл араласып кеткен. Огород салатын машина, колхозшы малына шөп әкеп беретін машина. Тіпті отын-су да трактормен тасылады. Бір сөзбен айтқанда, машина бүгінгі шаруаның қол баласына айналған. Бір ғажабы осының бәрі күнделікті тұрмыстың елеусіз бір көріністері болып кеткен. Тек өткен күнді еске ала бастасаң, сонда ғана қадірін түсінгендей боласың.

* * *

Менің ауылымның ендігі бір көзге түсері үй-жай өзгерісі. Бұрын бұл өлкеде балшық үй деген болатын. Оның тұруы да, құлауы да оңай еді. Бір шаруа баспанасыз қалса, түс кезінде ойпаң жерге соқа апарып салатын, он шақты жігіт аударылып түскен шымды тасып әкеліп, кесіп-кесіп біріне-бірін қалайтын да, кешке дейін үй құралпына келтіруші еді. Мұны ол жақта «помыш салу» дейді. Бірақ мұндай үйдің ғұмыры төрт-бес-ақ жыл. Әуелі қабырғалары жан-жаққа шалқая тартып шатынай бастайды, содан кейін басыла, аласара береді де отырып қалатын. Бірақ мұны елеп үй тұрғызудың басқа бір әдістерін табайын дейтін бір жан табылсайшы сонда.

Соғыстан кейінгі бір жылы Қажымұрат деген колхозшының балшық үйі құлап қалды. Жұрт помыш салуға жиналды. Мен сонда Қажекене:

— Күшіңіз ғой жетеді, мына көрші Жеке көлдегі украин шаруаларына ұқсатып, тым болмаса, құйма үй соқтырсаңыз қайтеді?— дедім.

— Баспақтағы таусылғанша бас аман болсын. Бұл құлағанша аман болсақ болды, бір реті табылар,— деп жауап берген Қажекен.

Міне, енді менің ауылымдағылар құйма, немесе соқпақыш үйлердің беріктігі мен артықтығын тани бастаған. Еңсесі биік, ақ шатырлы үйлер қанатып кең жайып көбейіп келеді екен. Сондай сәнді үлкен үйдің бірі баяғы Қаже-

көндікі болып шықты. Ол өзі Ұлы Отан соғысының мүгееті, қадірлі бір адам еді, сәлемдесе бардым.

— Ал Қаже, жақсы етіп үй салған екенсіз. Өзі мықты, іші құтты болсын,— дедім мен.

Қажымұрат тегі баяғыда өзі айтқан баспақ пен бас амандығы дегенді есіне алды білем, күлді.

— Мықты үй болғанда қандай. Баланың баласына кетеді,— деді. Содан кейін ойлантар бір жәйді сөйлеп кетті.— Шырағым, біз осы көзіміздің алдындағыға ғана не, бала іспеттес адамбыз ба деп шамалаймын. Мына тұрған Жеке көлде Мәкәлай деген тамырым бар. Әлгі ақсақ Шодырдың баласы. Әкесі мен әкем тамыр болған. Үйін білетін де шығарсың. Қол жақта. Құйма үй ғой. Соны Шодырдың әкесінің әкесі салып кетіпті. Жүз жыл тұрған үй. Әлі де талайға кетер түрі бар. Ал мен болсам, қысқа күнде қырық жерге қондым дегендей соңғы он бес жылда үш-төрт рет үй қабырғасын көтеріппін. Сонда ана күнде барып жүрген Мәкәлайдың үйі жайында неге ойламадым екен десеңші!.. Міне, енді кеш болса да әлгі жаман інің Мансур баланың арқасында мына бір үйді қалқайттық. Мықтылығына көзім жетеді. Құтты болсын деген адал тілеуіңе рахмет,— деп тоқтады ол. Бір Қажымұрат емес, бұл осындағы көпшіліктің пікірі. Бұрын бар шаруашылығы мал тұяғына бағынған ел іргелі, берік қора-қопсы, үй-жәйдің мәнін енді түсіне бастағанға ұқсайды. Ойлантары да осы Қажең сөзінің.

* * *

Бір күні біздің үйге қапсағай денелі бір жосатты дәу қара келді. Бұл осы ауылдағы көп комбайнның бірінің тұтқасын ұстаған Тапаұлы Сәбит деген кісі.

— Науқан уақыты ғой, қарағым, босай алмадым. Аттанатын да кезің жақындаған шығар, тіпті көрісе алмай қалып жүрермін деп әдейі сәлемдесе келдім. Қомбайнды әлгі өзің білетін боқмұрын бала жүргізіп қалды. Бірақ қазір сойталдай жігіт,— ер жетті, қолқанат болды,— деді ол орақ мұртын ширатып.

Сәкең екеуміз сыртқа шықтық. Көп әңгімелестік. Үлкен баласы жанағы айтқанындай ер жеткен, өзіне көмекші болып комбайн штурвалында істейді екен. Өткен жылы бес жүз гектар егін орып жақсы абыроймен шыққан. Биылғы табысы да аз көрінбейді.

Біз осылай әңгімелесе жүріп Ылыя көлінің дөңіне шығып кеткенімізді байқамай қалыппыз. Арғы қырқа түгелі-

мен егінжай. Сол егінжайда малша өріп комбайн жүр. Ағылған машинада сан жоқ.

Сәкең қолымен маңдайың қалқалап солай қарай көз салды. Содан кейін:

— Әлгі бокмұрын бір ши шығарған ба деймін, комбайны тоқтап тұр ғой. Репжімесек барғаным жөн болар, — деп күректтей алақанымен қолымды қатты қысты. — Ал қарағым, жат бауыр болып алыстай бермей, жиі-жиі келіп тұрсандаршы ауылға. Шет жайлағанның қызығы болса, біз де көргенбіз. Айналып келіп таптық қой туған жерді. — Сәкең осыны айтты да, адымдай басып аяндап кетті. Мен оның артынан қарап тұрмын. Қарап тұрып ойлап тұрмын. 1934 жыл. Қыстың ымырт шағы еді. Сол жылы колхоз кеңсесінің үйі құлап қалып, Қәсенов Нәби деген шаруа үйіне көшіп барған. Бәріміз де сонда отырғанбыз. Кенет қырау басқан есік сықырлай ашылды да, лап етіп ақ бу кірді. Содан кейін осы Сәбит көрінді. Отырғандар онымен солғын амандасты. Қайдан жүргенін де, қайда баратынын да сұрамады. Өйткені Сәбит осыдан бірер жыл бұрын колхоздан қашып кеткен болатын.

— Адаस्कанның алды жөн, арты соқпақ деген бар ғой. Осынымыз жөн деп кетіп едім, адаस्कанымды біліп қайтып келдім міне. Уа, ағайын, орталарыңда ойнақтап жүрген лақ едім, андаусызда от бастым. Кешірет деп келдім. Жығылған үстіне жұдырықтамас, көтерер, сүйер деп келдім, — деді Сәбит. Оның бұл сөзі ескі хиссаларда кездесетін жалғыз-жарым батыр сөзіндей қатты әсер етті маған. Мен оны аяп кеттім. Бірақ колхоз белсенділері тіс жарып ештеңе демеді, сырғытпа жауаппен рең бермей қалды. Мен сонда: не қылған тас бауыр еді бұлар, мынадай таусыла сөйлеп, аяққа жығылған жанның қателігін неге кешпеске? — деп ренжіп қалдым. Бірақ колхоз белсенділері сағынып отырған адамша бірден шолп ете түспейік деп сыр бүксе керек, көп кешікпей көпшілік жиналысы шақырылды. Сәбит колхозға қайта мүше болып кірді.

...Міне, мына алыстап бара жатқан қапсағай денелі кара кісі сондағы Сәбит. Өткен күннің сол бір көңілсіз елесін есіне алды ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Қайтсе де маған бір мақтапыш ой келді. Сол бір қысқы кеште бұл ағайын колхоз есігін келіп қағып тұр еді. Міне енді осы ауылдың жағашыр жақыны, колхоз шаруашылығының шын несі болып еркін басып төрінде кетіп барады.

Асылы колхоздан тыс жердегі шаруа адамының көрген күні недейсін!

Бәт болғанын да білмей қалыппын. Батыс жақты алдымен шұрға малып күн батып барады. Мен енді ауылдың батыс жағымен айналып жүрдім. Міне, мынау «Кішкене көл» деген көл. Жаңбыры жоқ кейбір шамырқанған ыстық жазда тұз байланады. Әртінгі бір заманда осы көлдің батыс жағында ауылға іргелес мола бар. Осы колхоздың өзімен бірге жасап келе жатқан мола. Онда да қиян-қиялы өзінің адамдары жатыр. Міне, мынау қомақты бір топта қыршындай он жігіт бар. Колхоз малына шабуыл жасаған қарақшылармен айқаста шәйіт кеткен. Мынау бір тап жауының қолынан қаза болған колхоз белсендісі. Ал мына жерде Жамболат деген қарттың бейіті. Ол өзі бір үйлі жаннан жалғыз қалған еді. Отыз бірінші жылдың басында опат болды. Бұл бір менің бала көңіліме өшпес тағдырын қалдырған, естен кетпес оқиға. Колхоздың бас көгерерлері жаумен алысып жатқан кез. Әкем Жамболатты шығаруға жалғыз келді, қасында мен бармын. Ақ күршік қораның төбесінен жүріп кеткен. Есікке жақындап болмайды. Содан амал қайсы, әкем терезені қиратты. Өлікті арқанмен тартып шығарды да жалғыз апарып жерледі... Айтса берсе бұл көп тарих.

Мен, міне ауылға беттеп келемін. Ымырт үйіріліп, қас қарайған шақ. Қырман басынан электр жарығы жымыңдайды. Ал жұлдызды алқаракөк аспан бір қалыппен жағаға баяу соғып тыныш шайқалған Ылыя көліне төңкеріле түсіп жатыр. Манағы Сәбит асқан қырқадан комбайн даусы келеді. Абалап ит үреді. Енді бір жақтан жастар шырқаған ән сазы келіп жетті. Бір ауық әлде қайдан тезек түтінінің ащы иісі келді.

Өмір сырына, сазды үнге толы әдемі кеш.

Мен, міне, жүріп келемін. Қарсы алдымда туған ауылым жатыр. Марқайған, өзгерген ауыл. Оның тарихы да шағын. Сонда да өткен күніне көз салсақ, талай романға тиек болар талай қалтарыс бұралаң жолы жатыр, келер күніне көз салсаң, жарқын үміт бар, бақытты болашақ бар. Менің ауылым қанаты қатқан қыран құс сияқты. Ол қазір биік белге шыққан. Міне, енді қанатын қомдап, құзқияға самғап бара жатқандай.

СЫБЫЗҒЫ САЗЫ

Қазақстанның солтүстігінде Баян атты тамаша бір жер бар. Бұл бір ну орман мен ұлаң қайыр даланың ас тасқан жері. Терістік беткейде әуелі селдір басталған тырбық бұталар бара-бара биіктеп, қоюлана береді де Сібірдің ит мұрны өтпес қалың нуына айналып кетеді. Ал оңтүстік-батысқа бет алсаң кәдуілгі теңіздегідей бұйра толқыны жүгірген кең шалғай сары даланы көресің. Көк күмбезімен шектескен қиырсыз егін даласы. Міне, дәл осы жерді дәулеті мол ауыл жайлайды. Оның аты да Баян!

... Кеш түседі. Күндізгі ыстық тымырсық ауаны қуалап самал жел соғады. Бұлтсыз ашық, қаракөк аспанда жұлдыздар жымындай бастайды. Әрі үйде электр шамы жанады. Қарбалас іске, мол жеңіске толы бір күнді аттандырып салған еңбек адамдарының бірі клубқа, бірі кітапханаға, енді бірі сыртқы көшедегі екі бөлмелі еңсесі биік үлкен ағаш үйге бет алады.

— Бұл үйде не, жиын-той бар ма?— дейсің.

— Жок, жиын да, той да емес. Мұнда Есенбай қарт тұрады.

Жұрт жиналуының себебі — бұл үйде Есенбай қарт тұрады!? Жат адамға түсініксіз, қызық жауап.

Ие, себеп сол қарттың өзінде екен. Өйткені Есекең бұл өлкеде алдына жан салмаған асқан сыбызғышы көрінеді.

— Түстік жерден естілер Доғалақ сазын құйқылжыт!

— Дайрабайдың «Көкей кестісіне» бас!— дейді жиналған жұрт.

Есекең өнеріне әсіресе балалар құмар.

Қарт үйіндегі осындай бір жиынға біз де тап болдық. Қарт қолындағы кәдуілгі дала қурайы құлаққа жағымды қандай бір тамаша үн шығарады десеңші! Біз шын сергіп, дем алып қайттық. Жолда: — «қазақтың көркем өнерінде сыбызғы шіркіп ескерусіз қалып келе жатқан аспап-ау»,— деген өкінішті ой келді бізге.

1967 жыл

ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Солтүстік Қазақстан облысында орманды-далалы кең алқапты алып жатқан Пришим атты ірі қой совхозы бар.

Бұл совхоз өткен жылы әдемі де кең, еңселі клуб салдырды. Егер осы мәдениет сарайына кіре қалсаңыз, ең алдымен көзге түсетін бір нәрсе — үлкен бір қабырғаны

дәрі алып тұрған «Құрмет тақтасы». Сол тақтаның төңірегінде Ақанұлы Ешан қарттың суреті.

Есекең осы совхозда істеген жиырма үш жыл ішінде он дүркін а жуық қой өсіріпті. Қырық алты мың килограмм құндырқып, мемлекетке тапсырыпты. Есептей келсек, бұны оныз мың адамға қымбат бағалы костюм шығады екен. Бірақ аз адамды киіндірмепті!

Бұл не десең де жүрек тебіренге бермейтін жалаң есеп емес той. Бірақ сол табысқа жету жолында қарт не бір қиындыққа кезікпеді дейсін.

Қыстың ақ түтек бораны, солтүстік жазының кара нөсер жаңбыры мен кара суық дауылы... айтуға ғана оңай.

Жуырда қарт пенсияға шықты. Мұның өзі тойдан да артылды.

Жұрт жаңағы мәдениет сарайына лық толды. Сонау өрине апарып Ешан қартты отырғызды. Партия ұйымының секретары Қ. Бабақов баяндама жасады. Алматыдан келген бір өкіл шығып «Бұл — мал ырысының белгісі» — деп, қартқа ай мүйізді боз қасқа қошқардың тастан қашаған мүсінін ұсынды. Кім сөйлесе де сөзін Ақанов деп білесті.

Қызықтың кереметі жиын жабылғаннан кейін болды. Совхоз дирекциясы Есекеңді түп-тура жаңа салынған бір үйге алып кірді.

— Ақсақал,— деді совхоз директоры Есекеңе қаран.— Сіз жиырма үш жыл бойы адал еңбек еттіңіз, алдыңыздан бір мал шығын болған жоқ. Сол еңбегіңізді ескеріп, совхоз дирекциясы осы үйді сізге сыйға тартады!

Енді той басталды. Жұрттың бәрі «Есекең үшін» деп көтерісіп жатты. Бір кезде қарттың өз құрдастарының бірі сөз алды да:

— Ау, Ешан, бұрын келін түссе той болушы еді, бала тұса той болушы еді. Қартайдың деп той жасағанды қай атаңнан естіп едің. Бұл ендеше жаңа той. Сенің қартайғаның үшін жасалып отырған тойың. Арманың не енді!— деп әзілдеді.

Манадан бері ойда отырған Есекең:

— Не, арманым жоқ,— деп бір тоқтады да, содан кейін үрдіс сөйлеп кетті.— Сұлтан-Махмуд деген ақын болған екен ғой. Соның бір сөзі есіме түседі:

Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп.
Жасаймын бір қолжабыс,
Кейінгіге берем деп.—

менің есімім. Ал мен болсам, еңбегімнің жемісін көрем деп те кешіне қолқабыс берем деп те жасаймын. Арманым жоқ десем, сол еңбек зейнетін көзіммен көргендігімнен...

Ие, Есекең қарт демалысқа шықты. Сетінемеген қарт олары сенімді қолға, Есекеңнің өз баласы Дәйкеннің қолына көшті.

1969 жыл

ҚЫРАН ҚИЯҒА САМҒАЙДЫ

Жиналыс тым кеш аяқталды. Өмірбек әрі шаршап, әрі ренжіп шықты. «Үй ішіңіз болса қалада ғой, жалғыз не бітіресіз, біздікіне жүріңіз»— деушілер табылып та еді, бірақ ол бара алмады. Дәл бүгін оңаша болуды қалады.

Үйге келді. Жым-жырт. Пенде аяғы жоқтықтан ба, бөлмелер тым қараңғы, құлазып көрінеді. Басында оқыс бір ой оралды да, Өмірбек сескеніп қалды: табыттай тыныштық пен қараңғылық басып тұрған мына үлкен үй кімге құтты мекен болған? Талайлар тұрған бұл үйде. Солардың бәрі де дәл осы Өмірбек келген жолмен келген де, әрқилы жолдармен кеткен. Бірі істі болды. Бірі өз өтінішімен босады, ал үшінші біреулері көпшілікпен тіл табыса алмай кетті. Солардың бірі де тұрақтай алмаған қайырымсыз мекен бұл. Енді Өмірбекке не сыйын дайындамақ?

Осы бір жүректі тырнаған мазасыз ауыр ойдан құтылайын деді ме, Өмірбек сипалап жүріп, май шамды жақты. Кішкене қаптесерлер несіз үйді еркін жайлап алған екен, бұрыш-бұрышқа лап қойып, сіңіп жатыр. Кір басқан жалаңаш қабырғалардағы жиі қағылған шеге орындары да көмескі сәулемен тым үңірейіп, үлкен көрінеді. Бір жерде ұзақ мезгіл ілулі тұрған картина, портреттің қаруытып таңбасы қалыпты. Өмірбек терең бір күрсініп дем алды. Өлусірей жанған сықсима жалп етті. Бірақ ол қайта жағам демеді. Кіре берісте тұрған бүктеме қойканы апарып жазды да, қисая кетті. Әлгі бір әзірде Мақпал тауынан асып қара бұлт көтеріліп келе жатыр еді, енді үй шатырына тырс-тырс ұрып жаңбыр сіркірей бастады. Одан басқа селкеу шыққан бір дыбыс жоқ. Әйтеуір жадау көңілдің бей-жай күйіне әуендесіп тылсым бір тыныштық басып тұр.

Адам өмірі әуел баста сансыз сай-жыралардан жіңішке басталып, жүре бара кең арпаға айналар бұлаққа ұқсайды ғой. Өмірбектің де өмір жолы осылай басталған. Ол

әуелі кіші-гірім мекемелерде шағын-шағын қызметтер атқарды. Содан білімінің саяздығын сезді де, Алматының ауыл шаруашылық институтына келіп түсті. Оны бітіргеннен кейін шаруашылық мекемелерінің біріне бастық болды. Ақыры еңбекшілер депутаттарының облыстық советіне жауапты бір қызметке ауысты. Міне, өстіп, түү баста жылап шыққан жінішке бұлақ кең арнаға ойысып бара жатыр еді. Күнделікті шаруа жайын әңгімелесіп отырған бір ретте облыстық атқару комитетінің председателі:

— Сен осы бұл жерде қағаз басты болып несіне отырсың?!

Шаруа жайын білесің. Көрген жұмысың. Ауылға барсаң қайтеді?— деп салды.

Міне, осы сөз қамшы болды да, Өмірбек осында тартқан. Хош алған аудан басшылары:

— Қолхоздың шаруашылығы жаман емес. Болашағы да мол. Шойын жолға да, тас жолға да жақын. Тек басқарушылар жиі алмасқандықтан болар, еңбек тәртібі шамалы. Іскер басшылық керек,— деп көтермелеген. Сондай бір лепірген көңілмен келген жас жігіт маңдайын тасқа соққан бекіре балықтай қайтып қалғанға ұқсайды енді.

Жиналысты бұлай басталар деп кім ойлапты.

— Екі бұты таралған, сымпыс құйрық мұның кім?— болды алғашқы сұрақ.

— Зәуде әртес болар. Сымдай етіп шалбар кигенді солардан көрген едім қалаға барғанда,— деп жауап берді шетірек отырған бір қара.

— Дудардай шәші де, шұрқ-шұрқ тесік бәтенкесі де соған ұқсайды.

— Әртес болса басқармалыққа несіне әуреленеді жазған бала?— деп бір кексе әйел аузын сылп еткізді.— Бірер күн бригадаларды аралап өлең айтсын да қайтсын онда.

Жұрт ду күлді. Өмірбектің құлағына дейін қызарып кетті.

Ауданнан келген өкіл қайта-тайта сөйледі. Өмірбектің өмір жолын баяндады. Қайда істесе де абырой-атаққа ие болып келе жатқанын айтты. Қысқасы соның тегеурінімен ғана сайланды. «Жақсы үйім мен жылы орнымды тастадым. Ертең балаларды үйреніп қалған мектебінен айырып, көшіріп алуға тура келеді. Несіне келдім екен десенші. Әлде көрсеткен сенім, құрметіңізге рахмет, қайтып келдім деп тартып отырсам ба екен?— деп ойлады ол төсекте жатып. Осыдан кейін,— қой, мұным ұят болар, ерегіскенде бұларға тар шалбар кигеннің бәрі бірдей емес екенін көр-

сету керек»— деп түйді. Осыдан кейін ұшқыр ой тағы да бір арнаға қарай ойысты:

Осы жұрт кейде бала сияқты. Председательдің кирза етік пен фуфайка киіп жүруі шарт па екен! Жақсы киініп, таза жүрсе несі айып?

Өмірбектің қалада өскендігі, алған білімі, көрген тәрбиесі мына ауылдың талабына бой ұсынғысы келмеді.

* * *

Өмірбек тапсәриден оянды. Ақыл ойдан артық емес дейді ғой. Содан ба, кім білсін, көңілге алғаш оралғаны: «Қай жердің отын оттасаң, сол жердің суын сула»,— деген ата мақалы болды. «Расында да еңбек адамдарының арасында өзі атын өзі шақыратып көкек сияқты шікірейіп жүргенім дұрыс болмас»,— деп түйді. Сөйтіп әуелі магазинді барып аштырды да, брезент шалбар, кең қоныш етік сатып алып киді. Содан көшеде кездескен біреуден:

— Шаштараз қайда екен?— деп сұрап еді.

— Жүнді таразылау деген бар, ал шаш таразылау дегенді естіген жоқпыз,— деп жауап берді ол.

«Бұл ауылдың итіне дейін кесір сөйлейтін болар ма?!»— деп ренжіген Өмірбек жаңағының кескініне қарап еді, аңырып қалыпты. Тегі шын білмейтінге ұқсайды.

— Ал, сақал-шәштәріңді кімге алдырасыңдар?

— Ә, оны мына ауылда қауға сақал деген қарт бар, соған.

Қауға сақал дегені шапаты бойлы, селдір мұрт бір көсе шал екен. «Қалайша бұл қауға сақал атанған?»— деп ойлаған ол:

— Бұл ауылдың қауға сақалы сіз болсаңыз, шоқша сақалы қандай екен?— деп әзілдеді.

— Оның сақалы менен де қалың!— деді күле қарсы алған қария. Өзі бір жатқан қуақы.

— Міне, жаңа мұсылман болдың,— деп күлді Өмірбектің шашын ұстарамен сыпырып болып:— Ал қоныс құтты болсын! Істі неден бастамақ ойың бар, шырақ?

Мұның сынай қойылған, құйтырқы сауал екенін аңғарған Өмірбек алдырғысы келмеді.

Ең әуелі танысып қоялық. Есіміңіз кім болады?

— Бұл бұрын бес колхоз еді. Енді іріленіп бір үлкен қазан құрдық. Бәрі де Бектемістің бес баласынан тараған. Соның бірі— Сүтқайнат. Сол Сүтқайнаттың көп шалының бірі десең болады,— деді қауға сақал, орағыта сөйлеп. О да алдыратын емес, сыңайы соны таптыады.

Өмірбек сәл ойланып қалды. Содан кейін:

— Ал сіз ше? Неден бастау керек деп ойлар едіңіз?— деп сұрағына сұрақпен жауап берді.

Каланың далдұн өскен қара таяғы ма десем, болсамын бар бала екепсін,— деп қария күлді.— Талай басшылар болған мұнда, шырақ. Бірақ «осыны тыңдырып отыр» — дейтін бірін атай алмаймын ба деп қиналамын. «Ішкен мәз, жеген тоқ» дегендей келіп жатыр, кетіп жатыр. Қолхоз жәйі шаруаға қиыстау тигендіктен болар, үміг артқан біраз бас көтереріміз бар еді. Тауыққа тасталып тарыдай шашылып әр тарапта жүр. Солардың басын көс. Жинап ал. Хош де. Екіншіден, парторгнің өзін сияқты сырттан болсын.

— Неге,— деп қалды шыдамаған Өмірбек.

— Себебі бар. Мен жоғарыда бұл колхоз Бектемістен тараған бес ауылдан құралады дедім ғой. Қандай болса да бес жаққа тартып кететін кезі де табылады. «Қарына тартпағанның қары сынсын» деген ғой. Сондайда іштен шыққан біреу болса, қарына тартпай тұрмайды. Асылы сөйласуға жат жақсы,— деп тоқтады қауға сақал.

Бұл екеуі де Өмірбекке нанымды ақыл сияқты көрінді. «Сүтқайнаттың тіні түзу, көшелі бір шалы екен» деп аттағанды көп жәйді аңғарған ол.

* * *

Өмірбек қауға сақалдың тіліп алды да, шет жайлап жүргендерге кісі жіберді. Өзі өндірістік кооперацияда қызмет істейтін Дүзенов Сәтімбайға келді.

Сырт естуінше Сәтімбай осы колхозды өз қолымен құрысқан, ағайын арасында абиұрлы, шаруа жайына майталман, білікті адам. Дегеніне көнсе, ауылға шақырмақ.

Кооперация кеңсесіне кіре берісте мұны шоң желке, қызыл көз, дәу қара кездестірді.

— Мен Дүзеновты іздеп келіп едім,— деді Өмірбек.

— Дүзеновты қайте қояйын деп едің?— деп сұрады шоң желке, дәу қара.

— Ол өзіне айтылады да.

— Ал ендеше айта бер. Іздеген Дүзеновтың мен болсамын.

Өмірбек «рас па?» дегендей дәу қараның кейпіне қарап еді, ойнап тұрмағанға ұқсайды.

— Сіз Дүзенов болсаңыз, мен Жолымбетов Өмірбек. «Мақпал» колхозының председателі.

- Ұқсайсың, - деп езу тартты.

— Ұқсамайсың деген соң осылай киінуге тура келді, деп Өмірбек те күліп негімен аяғындағы кирза етікті нұсқады. Өзі Сәтімбайға «кесек мінездің, істің адамысың ау»,— деп дән разы.

— Мен сені бірден таныдым. Және неге келгеніңді де сеземін,— деді Сәтімбай есік алдындағы шөркеге отырып жатып. Содан кейін жайдарылана сөйледі.— Әңгіме киімде емес, миыңда. Мен сол колхозды өз қолыммен құрыстым. Ұзақ жыл председатель болып істедім. Кейін колхоз іріленген соң «енді іріленген шаруашылықты білімді жас басқарсын. Біз барымызды сарқып болдық»— деп арыз беріп босағаным да рас. Мен босағанда тың ойлы бір жас келіп, біз білмейтін жаңалыққа бастар колхозды деп босаған едім. Байқаймын, біздің ауылға келгендердің бәрі де өзімше ойлап, өзімше пішетін баяғы қара тоқпақтар. Содан «е, шырақ, сенің де шоқырағың түсінікті маған»— деп кетіп қалып едім. Мен міне алпысқа астым. «Сәтекең бір кереметті жасап тастар»,— дейтін шақтан кеттім. Аяққа шебелет, бұтқа тар шалбар киіп сыланатын дәурен өткен. Бірақ шынымды айтайын, осы мына керза етік, күпәйке дегенің бар ғой жалықтырып-ақ болды мені. Түсініп отырған шығарсың. Енді бізше басқарған қара тоқпақты айтып отырмын. Ал, шырақ, ауылға әкелер жаңалығың болса, қайтып баруға, қолдан келгенше көмектесуге бармын, — деп түйді ол сөзін.

Сәтекең Өмірбектің іздеген адамы болып шықты. Аудандық партия комитетімен келісті де, оны колхозға көшіріп алды. Содан кейін көпшілік жиналысы Сәтімбайды председателдің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары етіп тағайындады.

Сол-ақ мұң екен. Шет жайлап жүрген Көпбаев Суаз зоотехник те, жүгері жөніндегі агроном Мақтанов Көктал мен есеп қызметкері Әлімбетов Тоқтанай да өз ауылына қайтып оралды. Дес бергенде бастауыш партия комитетінің секретары болып сайланған Қанатбай Еркінбаев партиялық басшылықты шаруашылықпен ұштастыра білетін, тәжірибелі іскер жігіт болып шықты. Өмірбектің көңілі орнығайын деді.

Фок, Өмірбектің көңілі әлі орнықпады. Ол шеті мен құрметіне ат түгел, машина жүгіртсе жетпейтін колхоз жерін аралай берді.

Бұл өзі он мың гектар егін салатын, қырық мың қойы бар ірі колхоз екен. Осы ірі колхозда ең алдымен ішкі тәртіптің қажеті бар. Басқарма отырысын шақырса, уақытымен бір шетке келмейді. Келе қалса, болмашы бір істің өзін әр жаққа тартады да, таң атқанша отырады. Бірер айғыр саранды тастап алып келіп сөйлейтіндер де табылып жүр. Фермаларды аралап еді, жөні бүтін қора жоқ. Сүтіншілерде баспана жоқ. Колхозда отыздан артық машина бар екен, әрқилы себеп табылады да жарым-жартылай шықпай қалады. Монша салу деген де бұрын ешкімнің есіне келмепті. Кеше қызылша аршыған жерге барып еді, баласын арқалап алған әйелдерді көрді. Қызық жәй: он миллион табыс кіргізетін колхозда бала бақшасын, балалық яслин ашу деген де сөз болып па! Тек соңына түсуші болмағаны ғой. Міне қылышын сүйретіп қыс таяп келетін Жаз Мақпал тауын жайлаған қалың қой бұдан екі күз шақырым қысқы жайылым — Шағырлы, Тасқұдық, Ақтөбеге бет алмақ. Ал дайындалған бар пішен осы төңіректе. Сонда қыстың қақаған ақ түтек боранында ит арқасы қиян соншама көрік жерге мал азығы қалай жеткізілмек?

Өмірбекті мазалаған жайлар осындай еді.

* * *

Осы бір жайларды әңгімелесу үшін басқарма отырысын шақыру керек болды. Өмірбек колхоз белсенділеріне күн ілгері хабарландырып қойдырайын деп ертемен кеңсеге келді. Өз кабинетіне өтіп бара жатыр еді. Маңдайшасында «бухгалтерия» деген жарнамасы бар бөлмеден үдере шыққан дауыс, қатты күлкі естілді. «Таң атпай бұл иеткен ойын-сауық?»— деген түйткілмен есікті барып ашты. Соқтауылдай бес-алты жігіт. Алдарында айғыр ыстақан, арақ пен нан қикымдары. Оқыстан келген колхоз председателін көріп абыржып қалысты. Біреулері ебетейсіз қимылдап шөлмектерді үстел астына жасырған болып жатыр. Өмірбек істің мәнін енді аңғарғандай. Өне бір төрде отырған бадырақ көз, ішкіл сары есепші мұнымен кездескен сайын әлде бірденені айтып, жоқ нәрсеге тала-са кетіп жүретін. Өмірбек «Осы шіркін мас емес пе өзі!»—

деп те күдіктенуші еді. Бірақ олай дейін десе есепшінің бет құбылысында бір белгі жоқ. Содан «ақуа, адуын бір қыңыр болар ма!»— деп қойған. Сыр енді ашылғандай.

Табалдырықта анырып қалған Өмірбек бір тоқтамға тез келді де:

— Ішер көбейсін!— деп жылы сөйледі. Көзін тапқан ағын судай тарғыл күлкі дүрлей жөнелді.

— Ал қалған бірдеңелерің бар ма?— деді үстел басына таяп келген Өмірбек.

Шулаған жігіттер жамырасып, председателге стакан ұсынды. Өмірбек тартынбады, бір жүз грамды қағып жіберді.

— Е, түсінбей жүр екенбіз, өзіміздің адам ғой мынауың!— деп шықылықтады баяғы бадырақ көз, шикіл сары.

— Бөтен деп санап па едің?

— Қайдам, тік бақайлау жүргенге шошынып қалып едік.— деді шеткерірек тұрған шұбар бет, кең танау.

Адырақ көз, шикіл сары:

— Ертемен ептеп, осылай нетіп, аздап бас қосып алатын әдетіміз бар еді. Оны бұрынғы председатель де сезетін. Бірақ ісімізден ақау таппаған соң бетімізге келіп көрген емес,— деп әр жайды аңғартып, ақтарыла сөйлеген болды.

— Жұмыс дегенің, тәңірі, көрмеген дүние ме еді, тасқаяқтай қағыстырмаймыз ба?!— деп шұбар да сөз қосты.

«Көмекейлеріңді түсінемін»,— деп ойлады Өмірбек. Содан кейін:

— Танысып алайықшы ең алдымен,— деп адырақ көз, шикіл сарыға қарады.— Сен кімсің?

— Мен бе? Мен есепшімін.

— Сен?

— Есепшінің көмекшісімін.

— Ал сен?

— Бас бухпын.

— Ал сен ше?— деп Өмірбек әлгі бір кең танау, шұбарға бұрылды.

— Мен бе, Өмеке-ау, мен сізге көмекші емеспін бе?

— Түсінісетін бір нәрсе бар,— деді Өмірбек сәл ойлап.— Қолхоз жәйін білесіңдер ғой. Істелінер жұмыс ұшан-теңіз де, соған қол күші жетісе бермейді. Ал сендер болсаңдар, тепсе темір үзетін соқталы-соқталы жігітсіңдер. Не бітіріп отырсыңдар бәрің ұйлығып осы жерде?

— Қолхоз есебін жүргізіп...— деп міңгірледі бірі.

Жоқ, сендердің нені жүргізіп келгендеріңді білемін мен. Бұлай болмайды енді,— ол шұбарға қарады.— Сен бұғаннан бастап колхоздан қалаған жұмысыңды ал. Маған көмекші дегеннің керегі жоқ. Керек бола қалған күннің өзінде де, бұл жұмыс әйелдің де қолынан келеді. Ал қолпандарың да сөйтіндер, фермаға, немесе құрылыс бригадасына барындар,— деп Өмірбек үйден шықты.

* * *

«Шолақ кескен жоқпын ба осы?»— болды үйден шыққан Өмірбектің алғашқы ойы.— Томаға тұйықтан сен анаған барасың, сен мынаған барасың, деп кесіп-пішіп тастамай-ақ, әуелі ескерту жасаса да жарайтын еді». Бірақ қанша шұбәланса да, адамдық ары сойталдай жігіттердің кеңседе отырып арақ ішіп күн өткізіп жүргеніне тағы да бой көтерді. Қайтсе де Өмірбектің бұл шешімін Сәтімбай мен Қанатбай қатты қостады. Олардың айтуынша колхозшылар арасында ауа жайылушылық байқалса, соның демеушісі осы есепшілер тобы сияқты. Өйткені «балық басынан шіриді, ең әуелі аналарыңды тынып алындар»,— дегенді өзінің де естігені бар еді. Бұл шындық болып шықты. Сол топ ыдыратылғаннан кейін жұмыс кезінде «буыны босап» қалатындар некен-саяқ бола бастады.

Ауылда еңбек тәртібінің қалыптаса беруіне Өмірбектің ауыл шаруашылығын, оның ішінде техниканы жақсы білетіндігі көп әсер еткен сияқты. Бір күні сол Сәтімбай екеуі даланы аралап келе жатыр еді, жол үстінде тұрған жүк машинасын көрді. Жақындап келсе, шофер машина көлеңкесінде ұйықтап жатыр.

— Ау, мықты, мұның не жатыс?— деп Сәтекең бұрынырақ тіл қатты.

Шофер ең алдымен керіліп алды. Содан кейін аспай-саспай ақ:

— Машинам жүрмейді,— деп ыңырана берді.

— Неге жүрмейді?— деп сұрады Өмірбек.

— Қайдам, от алмайды.

— Қәне кілтінді бере тұршы.

Шофердің түсі өзгеріп сала берді, оны Сәтекең де, Өмірбек те байқап қалды.

— Әкел, қорықпа, мен де өзің сияқты шоферлық құрсты бітіргенмін. Не кінараты бар екен, бірлесе іздестірейік,— деп Өмірбек машинаға отырды. Анау кілтті ұсынып жатып колхоз председателі мінген жеңіл машина шоферіне көзін қысқан сияқты болды, айтпа дегендей.

Өмірбек стартерді басты. Машина шынында да от алмады, қақала берді. Өмірбек моторға үнілді.

— Ойбай-ай, подсосы ашып қойыпсың ғой. Қарбюраторға бензин толып кеткен соң машина қалай тұтапбақ.

Бала қылмысты адамдай қипақтай берді.

— Осыны да білмейсің, қайтып шофер болып жүрсің? Тегі басқа жұмысқа ауысқаның жөн болар,— деп қойды Өмірбек қайтер екен дегендей.

Шофер бала шошынып қалды.

— Білем ғой оны.

— Білсең, неге істейсің?

Шофер желкесін қасыды.

— Түнде шала ұйқы болып едім. Бойдақ жігіттердің жәйін өзіңіз де білесіз ғой. Сонсоң, кішкене көз шырымын алайын деп тоқтап едім,— деп шынын айтты.

— Одан да солай көш,— деп Өмірбек күле сөйледі.— Қазір бір жарты сағат тыныста да, жұмысыңа жөнел. Енді қайтып мұндай қулық жасайтын болсаң, жақсылық күтпе менен.

Осы оқиғадан кейін машина жүрмейді деп бір шофер айтпайтын болды. Мұны әсіресе Сәтекең қатты аңғарды. «Білген деген осы міне, біз болсақ не істей алар едік?»— деп ойлады ол. Бірақ іштей разы болды да, Өмірбекке тіс жарып ештеңе демеді. Өз әдісін кара тоқпақ десе де Сәтекең де талайды көрген, «жағымпаздық»— дегеннің түтіні қайдан ұшатынын түсінетін адам болатын. Асылы, түсіне білу деген де екінің бірінің қолына келіп қона бермейтін құс қой.

* * *

Өмірбектің бұл колхозға келгеніне екі-үш айдай уақыт өтті. Осы аз мерзімнің ішінде бұрын бос белбеу ауыл психологиясында біраз өзгеріс болып қалғанға ұқсайды. Өмірбек ең алдымен басқарма отырысын тәртіптеді. Бұрын күн бата бастаса, таңға созылатын бұл отырыстың енді бас-аяғы бір сағатқа жетпейтін болды.

— Ұзақ кіріспе жасаудың керегі жоқ, ісіңнің тоқ етерін сөйле, нендей көмек керек, соныңды айт!— дейді ол колхоз белсенділеріне.

Наряд деп аталатын бұл отырыс аптасына екі рет, кешкі сағат бесте басталады. Кешігіп келген адамға штраф салынып үш еңбек күні қысқартылады, әрі өзі нарядқа қатыстырылмайды. Бұл осындай бір отырыста ортаға са-

Оның мақұлданған шара еді. Оның қаталдығын таныту үшін Өмірбек бір нарядқа әдейі кешігіп келді.

Кешігуімнің бір реті болды,— бірақ ол себеп емес.— Мен Өмірбек жана есепшіге қарады.— Тәртіпті бұзғаным үшін үш еңбек күнімді шегер.

Бір жолға кешіруге болады ғой, оқа емес!— деп біреу жалпақтай сөйледі.

Өмірбектің күткені де осы еді.

Алған қаулыны ойыншық деп қарайсың ба?

Жо... к... жо... оқ.

Ендеше неге сипай сөйлейсің? Бүгін мен кешіктім, ертең сен кешігесің, оқасы жоқ деп кешіре беру керек екен ғой. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы десек жұмыс кейі алмаймыз. Шегерілсін үш еңбек күн.

«Мына баланың қуын-ай!» — деп іштей разы болып отырған Сәтімбай:

— Қаулының аты қаулы, үш еңбек күніне штраф салысын. Әрі енді қайтып кешікпейтін болсын!— деп қойды.

Осыдан былай басқарма наряды айтқан сәтінде бастап, белгіленген уақытында аяқталатын болды.

* * *

Өмірбек бір күні Мырзақанов Әмір деген жігітті кеңсеге шақырды.

Әмір жас болса да, ауыл арасында жамап аты шыққан жігіт. Қит етсе жоғарыға арыз айдайды. Жұмыс істемейді. Қолхоз белсенділерінің сүрінгенін аңдып үйінде жата беретін мықтының өзі. «Маңайыңа үйір етпе. Ішіңе кіріп алады да, іштен шалып құлатып жібереді»— деп ескерткен мұның қамын ойлаған кейбіреулер. Соған иланған Өмірбек «үйреніскен жау атыспаққа жақсы... деген ғой, танысайын» деп шақырды.

Әмір кірпі шаш, еңгезердей қара жігіт екен, есіктен сөйлей енді:

— Бізді де керек ететіндер болады екен-ау.

— Жақсыға қашан да бір кісілік орын бар демей ме қазақ атаң. Керек етпесе кінә өзіңнен болар,— деп Өмірбек әзілдей сөйледі.

— Жок, мен шындықты айтамын. Жақпасам, осы мінезімнен жақпайтын болармын.

— Мен сені колхоз шаруашылығына жаны ашығыш, тұрашыл жігіт,— дегенді естіп шақырып отырмын. Ақылдасатын мәселе бар.

— Құлағым сенде.

Колхозда қырық мың қой бар. Орта есеппен алғанда тауып талған пішеннің жетпей қалу қаупі де жоқ емес.

Пішен дайындау жөніндегі ақпарда қоспа бар екенін де ұмытпа,— деп қойды Әмір.

— Онда біздің хал тіпті қиын. Ең қиыны мал қысқы жайылымға көшеді. Ал азды-көпті пішен-шөбің мына Мақпал бауырында. Сонда қыстың қарлы боранында мал азығын қалай тасып бермекпіз?

Әмір қалтасынан қалыңырақ бір конвертті суырды.

— Мен міне осы жайында обкомға жазып едім. Өзін шақырып алып, ақылдасып отырсың. Енді жөнелтудің жөні болмас. Осы арада-ақ шешерміз. Аш та, оқы!— деді ол.

Әуелде Өмірбек шошыныңқырап қалып еді, оқи келе көңілі орнығайып деді. Өйткені Әмір де мұның өзін толғантқан жайды жазыпты. Оның арызында көңіл аударарлық екі ұсыныс бар екен:

«Малдың қысқы жайылымы деп аталатын Ащылы қайнар мен Шағырлыда, Тасқұдық пен Көктөбеде жалпақ жондар бар. Соған көктемде жоңышқа егу керек.

Екіншіден, малды жазда тауға ұстап, қыста бораны қатты төменгі жазыққа түсіру де жансақтық. Боранды-шәшінді лайсаң күндерде де тау іші жылы болады. Біраз қойды осы жерде ұстау керек».

Өмірбек ойланып қалды. Шынында да осы арадан тракторлап шөп тасып майып болғанша, сол далаға неге жоңышқа егіп тастамасқа?! Қойдың біразын тау бөктерінде неге қалдырмасқа?!

Бұған қарсы осында құлағына сіңген бірер пікір өре түрегелді.

— Ол далада су жоқ. Жоңышқа шықпайды.

— Жаз жайлаған тауда ырыс жоқ. Әрі қар қалын түседі.

Әмір үндемей қалған Өмірбекке қарады. Құдды күдігінің үстінен шыққандай:

— Жоңышқа өспейді деген бос далбаса, жоңышқа өскенде қандай, әдемі өседі. Тек қар суын пайдаланып ерте себу керек, — деді ол.— Тауға қар қалың түсетіні рас, бірақ шыңылтыр аяз болмайтындықтан үнемі ұлпа болып жатады.

Арызқой Әмір де Өмірбекке ұнап отыр.

— Егер біраз қойды қақпалап осында қалдырсақ, жауапкершілігін өз мойнына алар ма едің?— деп сұрады ол Әмірден.

— Сеніп тапсырсандар, неге алдымен елдік?

— Ал онда келістік соған! Тегі бір елдік. Бірақ бұл жердегі өмірмен Өмірбек күлді.— Ауылың есіңе келетін бе?— Есіңе келетін, бірақ қай жердегі өмірмен өмір сүріп қой Өмір дейді екен. Бұдан былай артық ештеңе жасамаймыз деп ойлап отырып жазсақ қайтеді? Мүмкін осы жердегі өмірмен өмір сүріп қой деп шешерміз. Шеше алмасақ, бетіңнен жарық шығарып, қай жерге баруыңды ойлап жеріне айдап жіберерміз.

— Мұндай сөзге құлдығың болып кетсең, өмір сүріп қой деп ойлап өмір.

Осыдан бірнеше күн өткен соң негізгі олардың ішіндегі ең алғашқы төлдер бөлінді де жаңа ферма құрылды. Құрылыс жұмыстарының барысында бұл ферманың бастығы болып Мырзақалиев тағайындалды.

* * *

Сөйтіп колхоз шаруашылығы бір ізге түсе берді. Елдікпен алдымен бір миллион екі жүз мың сомға жаңа шеберханалар салынып алынды. Енді артельдегі елуге тарта трактор, оларға жүк машинасы, сол қарайлас комбайн осы ауланың өмірін арттыра беріп де-ақ жөнделетін болды.

Жас балалы әйелдердің жұмысқа шығуы тым қиын тайымал берген соң Өмірбек бұрынғы председателден өзіне ауылдағы қайтып қалған үйді балалар бақшасына берді.

— Апырау өзін қайтесің?— дегендерге:

— Үй іші көшіп келгенше бір жөні болар, әзірге пәтерде де тұра тұруыма болады ғой,— деп жауап берді. Сөйтіп аз күннің ішінде алпыс орындық жақсы балалар бақшасы ашылды. Оған керек-жарақтың бәрі қаладан алдырылды.

Содан кейін ванна, душы бар елу кісілік үлкен ақ машина қатарға қосылды. Ескі клуб жөнделді. Осы күзде орнатылған жас бақ ішінен би алаңы ашылды да, биік бағанаға репродуктор орнатылды. Ауыл жастары кешке сол төңірекке топталатын болды.

Бұрын ауыл ауыз суға да тапшы екен. Өмірбек мұны кезек күттірмейтін мәселенің бірі деп қарап, облыстық су шаруашылығы мекемесінен мамандар алдырды да орталықтан шыңырау құдық қаздырды, әр көшенің пұшпағына колонкалар орнаттырды. Су көбектері қаладағыдай жер астымен жүргізілді. Колонкадан алғаш рет су аққан күні ауыл әйелдерінің қуанышында шек болған жоқ. Еңкейген қарт, еңбектеген балаға дейін әлде бір есте қаларлық оқиғаны айтқысы келсе — әлгі артезиан құдығынан су атқылаған күні... — деп бастайтынды шығарды.

Осының бәрі де айқай-шусыз орындалып жатты. Сәтім-

байып қайран қалатын бір жәйі бар. Ол өзі бастық болып жүрген кезде шаруашылықтың бәрін өз қолында ұстауға тырысушы еді. Жұрт түшкіріп салса да жәрекімі бұл айтуға керек. Көлік сұраған да, паяк сұраған да,—бәрі де Сәтекеңе келетін. Сәтекең мұның бәрін қолхозда еңбек тәртібін орнатамын деп істейтін. Сонда да не керек, кейде жұмысқа шығындар деп бригадир орнына үй аралап кететіні де болушы еді-ау. Өмірбек болса, тіпті бұлай емес. Ол бірінші күннен-ақ «мұндай мәселемен енді қайтып маған келмендер. Сәтекең барындар,—сол кісі шешеді...»—деп кесіп айтты. Сәтекең ойлап қараса, ол қазір орынбасар болып отырып, бұрынғы бастық кезіндегі шаруаны атқарып отыр екен. Сөйтсе де тізгін Өмірбектің өз қолында. Жұрт осыны көбірек сезінеді де, оны көбірек сыйлайды. Сәтекең мұны қызғанбайды. Қайта жаңа бір дүниеге көзі ашылғандай. «Бастық болсаң осылай бол, біз бұрын бастықпыз деп қауқөрік болып жүріппіз де, бригадирдің жұмысын атқарыппыз ғой»—деп түйеді ол өз ойын.

Сәтімбайдың тағы бір қайран болғаны — сиыр базын салу жөнінде басқарма отырысында бір тоқтам болып, құрылыс бригадасы Мақпал тауының бауырына жіберілген. Арада бірнеше күн өткен соң Сәтекең сол жерге барса, баз емес сауыншыларға үй тұрғызылып жатыр екен.

— Бұларың не?

— Бастықтың бұйрығы солай.

Шаруа жәйін жақсы білетін Сәтекең релжіңкіреп қалды. Міне күздің қара жаңбыры басталып кетті. Қорасы жоқ мал қайда тұрмақ?

— Рас, күздің қара жаңбыры басталды. Суық түсті. Баспанасы жоқ адам қайда паналамақ?— деп жауап берді Өмірбек.— Шын қысылса, соқыр көзден жас шығады дегендей, сондай бір күн туса, төлді үйге де сақтауға болады. Ал қандай бір қиындық болмасын, адам мал қорада тұра алмайды.

Сәтекең қайырып ештеңе айтпады. Қайырғанда не десін. Өмірбектің сөзінде терістік жоқ. Мына қыстың тап есікті қағып тұрғаны ғой оның қысылатыны. Әйтпесе сауыншыға үй салу дегенге қарсы бола ма! Терлеуге тура келді. Қолхоз белсенділері, оқушылар мен мұғалімдер сембілікке шақырылды. Ақыры олар бұл қиындықты да жеңді.

Сентябрь түсісімен Әмірқұлдың фермасы тауда қалдырылды да, былайғы қалың отарлар төменге — қысқы жанымызға бет алды. Оларды көп жерге дейін Әмірбектің өң шығарысып салды. Жолда шопандармен әңгімелесті. Жәй-күйімен танысты. Солардың ішінен Әмірбектің көзіне ерекше түскен екі шопан болды. Бірі Досболов Жайлаубай, екіншісі Шүкенов Байданқұл еді. Бұл екеуі де өз алтыннан жауға да, жұтқа да соқыр лақ бермейтін, колхозның қара табан малшысы. Қонарын сай, көшерін жел біледі дегендей, олар жаз тауды жайлап, қыс төменге түседі. Ақ түтек боранмен, ұлыған бөрімен алысады. Шіркін, еңбек деп малшы еңбегін айтсаңшы! Сөйткен Жайлаубай мен Байданқұлдың колхоз орталығында баспанасы да жоқ екен. «Осы жұртта жарамсақтық көп. Мен үйімді балалар бақшасына бергенімде, өзің қайда тұрасың деп бәйек болғандар мына шопандар жәйлі тіл қатпады-ау. Тегі олар адамды емес, орынды құрметтейді ғой»,— деп ойлады Әмірбек.

Бұл жолдан осы бір ойды түйіп қайтқан ол сол бетінде үй ішін көшіріп алмақ ниетпен облыс орталығына келді. Бұрынғы өзі қызмет істеген мекемелерге барды. Облыстық атқару комитетінде болды. Іздегенге сұраған дегендей, бійтеуір, іздене де, сұрана да жүріп құрамалы он үй сатып алып қайтты. Көп кешікпей колхоз орталығындағы аласа кепелер сыпырылды да, көк шатырлы, верандалы, бір орталықтан жылытылатын еңселі үйлер пайда болды. Енді бұл үйлерге кімдер шығу керек деген сұрақ тұрғанда Әмірбек ең алдымен Жайлаубай мен Байданқұлды атады.

Ойлап қараса, бір отарда бес жүз қой болады екен. Мұны ерлі-зайыпты екі-ақ адам бағады. Сонда бір отар қойдың еті мен жүнін, алынған төлін шамамен алғанда, жаңағы ерлі-зайыптылар колхозға жыл сайын қырық мың сом таза табыс кіргізеді. Әмірбек басқарма отырысында осы есеп-қисапты дәлелдеп берді де:

— Қайтсе де шопан еңбегі адал. Үйді ең алдымен Байданқұл мен Жайлаубайға беру керек,— деді.

Сөйтіп көктемнің бір шуақ күнінде екі шопан колхоз орталығына шақырылды. Электр сымы тартылып саңғырап тұрған екі үлкен үйдің кілті ұсынылды оларға.

Сөзге шорқақ Байданқұл бірінші болып сөйледі.

— Бұрын мал-мал деуші едіңдер. Сонда біз тұрып «е, несіне арам тер боламыз, мал бақташысы табылды ғой»—

деп күлуші едік. Енді мал баққан адамның қамын жегендерің әбден дұрыс. Осыларыңмен бізге бір міндет қылғандайсыңдар. Өйткені сендер бізді ойласаңдар, біз малды ойлаймыз. Айналып келгенде есептерің түгел,— деді ол.

Бұл әркімді-ақ ойландыраар сөз еді.

* * *

Бұл колхоз қыстан қысылыңқырап шықты. Әмірқұл айтқандай, мәліметте де қоспа бар екен. Қыс аяғында мал азығының тапшылығы сезілді. Ара-тұра шығын болғаны да рас. Бірақ осы қиындықтан шаруалардың өздері алып шықты. Олар өз аулаларынан жинап алған жоңышқаны ортаға салды, десек те, бұл «суға кеткен тал қармайдың» кері ғой. Қырық-елу мың қойды аядай аулада өскен жоңышқамен қанша қыс асырауға болады?

Осыны ойлаған Әмірбек Әмірқұл ұсынысына оралып соға берді. Оның үстіне биыл тауды қыстап қалған тұтас фермадан бір қойдың сетінемеуі — көп нәрсенің бетін ашқандай. Әрі Әмірқұл да өз ісіне жауапты қарайтын тыңғылықты жігіттің бірі болып шықты. Осы жайлар оны бір тоқтамға еркін жетелеп әкелді де, Әмірбек тәуекелге барды. Қолхоздан екі мың бес жүз сом қаражат шығарып, жоңышқа тұқымын сатып алдырды да, көктем келісімен қысқы мал жайылымына апарып алты жүз гектар жерге ектіріп тастады.

«Қолхоз дәулетін босқа шашып жатыр, сусыз жерге жоңышқа шықпайды»,— деп сөзегейсігендер де табылды. Ондайларға Әмірбек:

— Бұрау басын сындырмай, үйінде жатқан ғана қателеспеуі мүмкін. Ал мен болсам осы колхоз үшін бірдемелер тындырып жүргенге ұқсаймын. Қателесуім ықтимал!— деп жауап берді.

* * *

Көктемгі егіс аяқталса, пішенге түскенге дейін біраз бір күндер болады. Бұл шаруа адамының арқасы босайтын бір шақ. Әмірбек осындай бір кезенді пайдаланды да, демалыс алып, облыс орталығына аттанды.

Шаруа баққан адамның әр нәрсені орайластыра жүретін әдеті емес пе, Әмірбек жолшыбай қысқы мал жайылымына соға кетуді мақұл көрді де, Тасқұдыққа тартты.

Мұндағы көңіл тойдырарлық бір нәрсе — қар суымен егілген жоңышқа қаулап өсіп бойлап қалыпты. Тіпті кей жерлерде шешегін де жара бастаған. «Тез шабу керек

екен,— тегі күзге дейін екі оруға болады-ау, сірә,— деп ойлады Өмірбек.— Рас, қолдан суарылса жонышқаны бір жазда үш-төрт мәртебе де оруға болады. Бірақ биылғы жыл үшін бұл да табыс. Ең қолайлысы — қыста осы өңірді жайлайтын малға екі жүз шақырымнан пішен тасылмайтын болады енді».

Осындай қуанышпен ол қалаға келді. Қолхозға жаны шын ашитын адам демалыстамын деп шалқайып жата ала ма. Пішенге түсер мезгіл де таяп келеді. Шөпті шабу оңай-ау, бірақ соны үю бір машақат болғалы тұр. Қол күші жетпейді. Ал шөп айырлайтын машина дегенің бұл ауылдағылардың түсіне де енбепті. Жатпай-тұрмай сондай бір төрт-бес машина сатып алу керек.

Өмірбек осы мақсатпен облсельхозтехникаға барып еді, ойда жоқта Мұстафа деген бір жолдасымен жолығыса кетті. Ол бұрын Өмірбекпен бірге оқыған еді, енді осындағы облыстық бір мекеменің бастығы болатын.

— Ауылға барам деп не болып кеткенсің, жаным-ау?— болды досының алғашқы сұрағы.

Өмірбек бұған әдепкіде мән бермеген еді, былай шыға бере жәбірленіп қалды. Өмірінде пәлен болсам деп арман етіп, шен қуып көрген жоқ-ты, алайда неге екенін кім білсін, дәп мына арада: «қалада істеп жүре берсем ғой, ендігі мен де бір қазанның құлағын ұстаған болмас па едім,— деп досына сәл қызғаншақтық білдірді.— Шынында да мен осы не болып кеткенмін?— Керзе етік, фуфайка дегенінді колхоз председателінің мандайына жазып қойып па». Осыдан кейін ол баяғы ықшам шалбарын, жеңіл шебетін, сырттан салатын шолақ жең әсем көйлегін киіп жүретін болды. Бұрынғыша шәшін өсіре бастады. Демалыс бітіп, ауылға аттанар күн де таяп қалды. Соны естіді ме, кім білсін Мұстафа телефон соғып, мұны қонаққа шақырды.

— Келмей қалып жүрме, басқа да шаруа бар,— деп қойды ол.

Кешке Мұстафаның өзі есік алдына шығып қарсы алды мұны.

— Міне енді адам болыпсың ғой,— деп әзілдеп, үйге алып жүрді. Жылы да сәнді бөлмеде, мол дастархан үстінде шынайы әңгіме басталды.

— Достым, саған менің көңілім толмай жүр,— деді Мұстафа.— Қаладағы үй-жәйінді тастап сенікі не осы? Балаларды үйренген мектебінен, Құлтайды кино-театрынан айырдың. Сен мұнынды қой. Біздің мекемеде бір бөлім

...қарағым, бұл жердегі ең жақсы тым жақсы. Сен сол жерде қалып отырсың. Егер сен болсаң басқасын өзім тындырып беремін.

Өмірбек колхозны мақтай бастап еді, Мұстафа оны сонымен бірге қалды.

Немене, мені колхоз құрылысының жауы деп ойлайсың ба. Сен бірақ колхозда отырсың. Ал мына біздің мекемеге ондаған колхоз қарайды. Бұл орында отырсаң сен сияқты маманның шарапаты бір ғана колхозға емес, жаңағы ондаған колхоздың бәріне де тиетін болады.

Мұстафаның сөзінде жан бар сияқты-ау осы. Өмірбек ойланып қалды.

Екі дос түннің бір уағында ажырасты. Өмірбек колхоздан босап келмек болып ауылға тартты.

* * *

Жұрт клубқа лық толды. Өмірбек әдейі баяғы қала киімін киіп келді. Ең әуелі өзі келгеннен бергі жұмысқа қысқа ғана ақбар берді. Содан кейін:

— Ал ағайын, араларында біраз күн дәмдес болдым. Қолдан келгенше аянып қалғаным жоқ. Енді маған рұқсат беріңіздер,— деп өтінішін айтты.

Жұрт шу ете қалды.

— Неге бізден жеріңіз? Себебі не?

Өмірбек мұны бір шу көтеретін мәселе болар деп ойланған жоқ еді. Қапелімде жауап таба алмай қалды.

— Неге кетпексің, соныңды айтшы?

Ебін таппаған тұз жалайды дегендей, Өмірбек жокты сылтау етті:

— Мен қалада өскен адаммын,— әлгі керза етік, футбол-файка дегенің жалықтырып болды әбден.

— Сол да сөз болып па. Дәлел емес,— деп дауыстады залдағылар.

Өмірбек енді жол тауып кетті.

— Е, былтыр тәуір-ақ сөз еткен жоқ па едіңіздер!

— Ой, тәйірі-ай, көпшілік болған соң не делінбейді.

— Босатылмасын!

Сөзді қазір колхозда шаштараз болып істейтін баяғы қауға сақал алды.

— Өмірбек шырақ, сен бұл колхоздан кетпе. Шаруа жәйін білетін, тыңғылықты бала екеніңді таныттың. Білмеген адам у ішеді демей ме атаң қазақ. Ол білместіктен туған жәй. Кім не киеді, онда біздің шаруамыз жоқ. Қа-

масаң қалаша киін, қаламасаң далаша киін. Өз еркің бірақ біз сені босата алмаймыз.

«Ие, босата алмаймыз. Қалайи киінсе де өз еркі!»— болды жиналыстың ақырғы қортындысы.

* * *

Өмірбек пен Қапатбай, Сәтімбай үшеуі жиналыстан бірге шықты.

Клуб пен колхоз кеңсесі жас отырғызылған аумақты бақша ішінде еді. Бақша аласа балшық дуалмен қоршалған болатын. Қақпаға келгенде Өмірбек сәл аялдаңқырай берді.

— Сәтеке, ендігі жұмысты осы дуалды қиратып, шарбақ жасаудан бастауымыз керек. Ертең трактор шақырыңыз. Облыстан ағашқа наряд алып келдім.

Сәтімбай үндемей қалды. Оған себебі де бар. Осыдан біраз жыл бұрын бұл дуалды Сәтекең өзі қалатқан болатын. Ең әуелі ол дүйім жұртты жинап алып, тазалық, мәдениет туралы кең түсіндірме жасаған. Содан колхоздың бір-екі бағланын шалып, көпті сембілікке шақырып еді. Дуал қаланып болған соң, әлде бір керемет істі тындырып тастаған адамша, талай күн көтеріліңкіреп те жүрген. Сөйткен Сәтекең қалай үндесін енді.

— Шынында осы бір балшық дуалдар көшелердің де, үйлердің де шырқын алып болды. Құрту керек,— деп парторг Өмірбекті қостады.

Ақылды Сәтімбай ойланып барып: «Жап бар сияқты-ау бұл сөзде. Ана Байданқұл мен Жәйлаубайға берілген еңселі көк сырлы үйлерді балшық дуалмен қоршаса, не сәні болар еді?! Соқыр болыппыз ғой өзі»— деп түйді. Байымдаса, Өмірбек бір қырдан асып түскендей. Сын қырқасы. Жас қыранның шын қияға самғайтын шағы енді келген сияқты.

АНА ҚУАНЫШЫ

Қиза шешейге алдағы осы бір алты-жеті күн ренішсіз, молшылықта, бірақ сағынышпен өткен соңғы екі жылдан да ұзақ болып көрінді. Ол, тіпті, күнді батыра алмады. Тұтқырлығы сынып қалса да, ескі серігі болған соң тастауға қимай жүрген көзілдірігін көзеп, кәрілік ізі айғыздаған, бірақ сергек, қуанышты назарын буфет қуысында тұрған үлкен қара сағатқа бұрады. Аздап сарғыш тартқан кішкене көзін ине сабақтайтындай сығырайтып, қабырға-

дагы календарьға үніледі. Оған сағат тілі қозғалмайтын мезгеуге алынған күн жақындамайтын секілді.

Ана әр нәрсемен шұғылданған болады. Шаңы жоқ болса да, айнаны сүрткілейді. Буфетте тұрған ыдыс-аяқтарды бері шығарып, қайта жинастырады. Түскі тамаққа деп ет турап, картоп тазалайды.

Бұл күндері шешесінің осындай тынышсыздыққа душар болғанын байқаған Асылдың «Балаң келген соң тыныштық бермеді маған» деп шағынып жүрерсін, жаныңды күт, шаруа бағып нең бар» — деп әзіл-шынын араластыра айтқан ескертуін де тындамады. Тіпті, ол жайшылықта қолынан түсірмейтін таяғын да ұмытып кетті. Белінің сырқырамасы да, тісінің қақсамасы да тыйыла қалған, пысық басып бір бөлмеден екіншіге өтеді. Екі жыл бойғы сағынып — сабырлы ананың дабырасыз, бұйығы да ыстық сағынышы бұл күндері оған қуаныш.

Терезе алдын басып көшемен ерсіл-қарсыл зулап өтіп жатқан машинада сап жоқ. Соның бәрі де дәл осы үйге келіп тоқтай қалардай, шеше жүрегін лүпіл қақтырады. Кейде ол тамырлары білемденген кәрі қолымен телефон трубкасын көтереді. Облыстық оқу бөлімінде істейтін өзінің күйеу баласы Қазыбаймен сөйлеседі.

— Балам, келетіні рас болды ғой, ә? — деп, ойға алған күдігін сұрап қояды. Содан кейін осы қаладағы акушер-қалар мектебінде сабақ беретін Асылмен хабарласады.

— Жаным-ау, сенің не жаның шыдап отыр? Оралсаңшы үйге тезірек! Сапаржанымнан тағы да телеграмма келді ғой. Енді бір үш күннен кейін үйде болам депті ғой... Әй, жаным десейші. Телеграмма соққан қолыңнан айналып кетейін...

... Енді бірде Қиза шешей осында қызының қолына келерде ауылдан әдейі ала келген тор көзді әбдіресін ашты. Сапаржанның бірнеше жыл бойына қарағай исі сінген костюмін, кестелі көйлегін алды. «Нісіңнен айналайын» деп күбірлеп қояды. Содан кейін гардеробтан жуырда ғана Асыл екеуі барып сатып алған жылтыр қара туфлиді алып шықты. Қызбен бірге Сапаржанның театрға киіп баруына жарайды-ақ деп ойласа да, бір есепте оның аяғына үлкен де сияқтанады. Содан соң «екі жылдан бері балаң өспеді деймісің, осы үлкенірегін алайық» — деп болмаған қызына іштей налып та қояды.

Соңғы күндері Қиза шешей ұзақ түнді ұйқысыз өткізетінді де шығарды. Төсекте жатып кірпігін-кірпігіне жай ғана жақындатқан қалпы Сапаржанын көз алдына әкеле-

і. Пейілді ана басына әртүрлі ойлар оралады. Бір есепте ол баласын келе салысымен үйлендірмек, немере сүймек болады, қызметке орналасқаннан кейін алғаны да теріс сияқты емес.

Қиза шешей бір күні осы туралы тіпті ұзақ ойланды: Сапаржанның әуелі үйленіп, содан кейін қызметке тұрғаны дұрыс па? Әлде... әуелі қызметке тұрып, содан кейін үйленгені жөн бе?

Қиза шешей мұның қайсысы дұрыс боларын шеше алмады. Ертемен ол осы жайында күйеу баласы мен қызына да айтты. Айна алдында галстугін тағып жатқан Қазыбай өзінің әдеттегі мінезділігі, ақкөңілдігіне бағып күрілдек даусымен үйді басына көтере сөйледі.

— Үйлену деген ешқайда кетпейді, шеше,— деді ол. Сонан кейін Қазыбайдың қорасан дағы қалған қара кескініне күлкі үйірілді.— Таңдап жүріп тамашасын өзі-ақ алады. Ең алдымен, қызметке орналасқаны дұрыс. Мен осындағы бір құрылыс тресімен сөйлесіп те қойдым. Оларға экскаваторшы керек екен. Жақсы танкші, жақсы экскаваторшы да бола алады. Оның үстіне, Сапаржан анасын ұятқа қалдыратын бала емес қой. Міне үйленуі содан кейін...

Қиза шешей күйеу баласына сәл риза болмай қалды:

— Екі жыл көрмеген Сапаржаным екі күн қасымда болмай, қызметке кетеді десеңші...

Қазыбай лекіте қарқылдап күлді. Бұл жерде Асыл да шешесін қостағандай:

— Салмағы маған түсер деп, алыстан орап жатқаны ғой ол Қазыкеңнің. Не істесе де ерікті Сапардың өзіне беру керек. Тісі шыққан бала, үйлене ме, қызметке тұра ма, оқи ма, өзі біледі,— деп Асыл ақырын салмақпен сөйледі.

Қазыбай кеспелтек денесін тез қозғап, стол басына келді.

— Ал, иәй ішейік. Кімнің сараңдық жасап, кімнің мырзалық көрсетерін көрерміз, келсінші өзі,— деп қатты күлді.

Үй ішінде тым әдептілігі мен ақкөңілділігі үшін жақсы көретін күйеу баласының осы қатты күлкісі, адал сөзі Қиза шешей сұрағының түйіні болмаса да, нүктесі секілденіп қалды.

* * *

Күздің сұр бұлтты аспанды торлап оқтын-оқтын жаңбыр бүркіп тұрған тұманды, қоңыр күннің бірінде Қазақстан-

нан осы сол үстінде іш, терезе қақпалары түрлі ағаш орнактермен әлеміштенген үлкен қарағай үйдің алдына жеңіл машина келіп тоқтады. Іштен әуелі погондарында танк суреті бар тетелес екі жас жігіт, содан кейін бала көтерген Асыл мен Қазыбай шықты. Аула ішінде тұрған бір топ адамдар сыртқа ұмтылғанда бұлар оларға қарсы жүрген еді. Көтеріңкі дауыстар, қысқа-қысқа амандық айтысқан сөздер естіліп жатты.

Ескі әдеті бойынша Сапаржанын үйде отырып қарсы алмақ болған Қиза шешей олардың аула ішінде ұзағырақ тұрып қалар ынғайы барлығын байқады. Ол бір қолын беліне артып, екінші қолына имекбас емен таяқ ұстап, басқыштан өз әлінше асығыс түсе бастады.

— О, қарияға жол ашындар!

Ана мен бала сол сәтте бір-біріне қарсы жүрді...

Қиза оң қолын Сапаржанның мойнына салып, оның ұзын денесін доғаша иді де, бетінен сүйді. Серіктерінен айрылып, окшау қалған жалғыз күрек тісін көрсетіп, баласына күле қарады:

— О, Сапаржаным,— деп ол өзі ғана еститіндей етіп ақырын күбірледі. Содан кейін қарияның көзінің алды жыбырлап калып еді. Бірақ түйіртпек түссіз маржан домалап кетті. «Қазыбай мен Асылдың дос-жарандары кейін ажуалап жүрер» деп күдік алды да, Қиза бастапқы сабырлы калпына тез оралды.

— Баяғы Сапаржан деп жүрсем, өзің соқтауылдай жігіт болып кетіпсің ғой,— деп әзілдеп те қойды.

Сапар қасындағы өзі тетелес, ерні дүркіктеу келген қара жігітті:

— Әскер,— деп таныстырды.— Екеуіміз армияға бірге шақырылған едік. Тіпті бір танкіде отырдық. Міне енді бірге қайттық.

— Өте жақсы. Ендігі әңгіме үйде басталсын,— деп Қазыбай көтеріңкі сөйлеп, ұсыныс жасады. Жұрттың бәрі де үйге беттеді.

* * *

...Бұл күндер армиядан оралған екі жігіт үшін тым көңілді өтті. Ата-анасына, ауыл-аймағына асығып келе жатқан Әскер де жүріп кете алмады. Асыл мен Қазыбайдың дос-жолдастары оларды шақырғыштаумен болды. Кино-театрға алып барысты. Қаланың көрнекті жерлерін аралатты.

Сағынған баласының осылай өз қасында сирек болуын ұнатынқырамаған шеше бір күні Сапаржанын оңашалап алды:

— Осы сен бала, не ойлағаның бар?

Содан соң жауап күтпей-ақ өз көкірегіндегісін айтып кетті.

— Әйел ал, немере сүйгіз. Үй құра!

Сапардың ұсақ қан тамырлары білініп тұратын сарғыш келбетіне күлкі жүгірді:

— Асықпасаң бәрі де болады,— деп жауап берді ол шешесіне. Енді бірде: «қолайлы бір қызметке орналасу дұрыс болар» деген Қазыбайдың қамқорлық ұсынысына да оның берген жауабы: «асықпасаң бәрі де болады» болды.

Содан кейін оны әр мекеме, өнеркәсіп орындарының кадр бөлімдері шақырғыштады.

— Бізге кел, механиктік орын бар,— деді біреулері.

— Шофер бол, бульдозер жүргіз,— деді екіншілері.

Ол қай жерде болсын армиядан қайтқандарға аса құрмет көрсетілетінін аңғарды. Содан да оларға түйінді жауап бере қоймады.

Ол бір күні:

— Талай жақсы қызметтен бас тарттың, кім болғың келеді сенің? — деп аз-кем ренжіген Қазыбайға Әскерді ауылына шығарып салып қайтқан соң қалаған жұмысқа орналасатынын айтты.

* * *

...Күздің санаулы күндерінің бірі болса да, ауа райы жақсы еді. Ашық аспанда ұзын сабағын шұбалтып мизам көшіп жүр. Жол жапырақтары қызарып, сарғайып солған терек, қайың шоқтарын басып, қара топырақты құба белдердің үстімен алысқа тартады. Екі беттегі шабылып алған егіндіктерде малдар жайылып жүр. Алыста сағым арасынан оқшау бір ақ үй су ішіндегідей ұлғайып сыландап көрінеді.

— Анау біздің шаруашылықтың гаражы,— деп Әскер ілгергі жаққа қолын қуана сілтеді.— Келіп те қалдық міне.

— Бұл үлкен шаруашылық болды ғой онда?

— Ірі де, жақсы да шаруашылық.

Сапар кенет Әскерге қарады. Қуана сөйледі:

— Мен осындай еркін дала өмірін жақсы көремін. Бұл далаға еңбек етуден артық не бар дейсің.

— Сөз бар ма!

Сөйткенше болмады. Оң қолда соңында алты-жеті шөл арқан бірішке бір трактор көрінді.

— Әх, газын көтеруді ұмытып кетті, сөндіріп алды,— деді Сапар солай қарап.

— Жаңа үйренгендердің бірі болды ғой. Қай колхоздікі екен, бұрыла кетейік.

Бұлар екпе бидайығы шабылып алынған кедір-бұдыр жердің үстімен ұзақ жүріп барғанша трактор қозғала беріп, тағы сөнді.

Сапар мен Әскер жақындағанда талдырмаш денелі кішкене жігіт трактор құлағына жармасып жатыр еді. Өзі ісінен ұялғандай төмен қарай берді. Сапар машинадан түсіп, оның жанына келді:

— Жүрерде газын көтеруді ұмытып кеткенің қалай, тракторшы жолдас!

— Күші жетпей жатыр...— деп жалтарды кішкене жігіт. Сөйтті де маңдайының терін сұртті.

— Бәлі, күші жетпеуші ме еді? — деп Сапар күлді.

Сөзге Әскер де араласып, өзінің Қиыр Шығыстағы жолдастарын есіне алды.

— Біздің танкші ағайындар танкіні бұлай жүргізбейтін...

Сапар кішкене жігітке таяп келді:

— Міне, былай бұрау керек.— Ол құлағын ұстауы мұң екен трактор селкілдеп қоя берді.

— Ал, кәне орнына отыр. Газды көтеруді ұмытпа!

Талдырмаш жігіт рахметін де, өз бетімен трактор жүргізгеніне екі-үш-ақ күн болғанын да айтып, тракторға қонды. Ұзын маяны ілгері сүйрей жөнелген ұзын көштің артынан Сапар ұзақ сүйсіне қарап қалды.

Олар осы жолда көрші совхозға соқты. Армияға шақырылмай тұрғанда комбайншылар курсында бірге оқыған бір-екі жолдастарын кездестірді. Әлде бір себеппен Әскер екеуі осы жерде қоштасты. Сапар сол күні қалаға қайтып оралды.

Кешкі тамақ үстінде Сапар шешесі мен Қазыбайға кезек қарап күле, қулана сөйледі:

— Мен орын да, қыз да тауып келдім...

Содан кейін ол осы сапарда совхозға барғанын, онда механик болып тағайындалғанын, шешесін көшіріп алуға асығып келгенін айтты.

ҚАРАҚҰМ ЕМЕС, ҚАРАҒЫМ

Қазақстанның жалпақ өңірін алып жатқан ұшы-қиыры жоқ құнарсыз құмды өлке — қарақұмға ойда жоқта жолымыз түсті.

Құнарсыз өлке?

— Ха-ха-ха. Құнарсыз өлке деп кім айтты? — Қызылорданың белгілі ақыны Әбдікәрім Оңалбаев маған осылай қадалды.

— Ал сонда Қарақұмның несімен мақтанбақсыз? — деп мен де қайтпадым.

— Егер білгің келсе айтайын. Қарақұм — байлық қоймасы. Мына ішкен тамағың, мына үстіңе киген киімің бәрі де Қарақұмда жасалады. Сендер құм деген атынан ғана шошисыңдар. Шынтуайтқа келгенде Қарақұмның не екенін білмейсіңдер, — деді ол. Содан кейін, — жалпы біздің облысқа келген соң құмымызды көрмей кетуің өкінерлік іс, — деп түйді.

Оңалбаев екеуіміз жолға шыққалы отырмыз. Мен болсам Сыр бойындағы елді аралағым келеді. Ал Әбекең болса құмға тартады.

Көре алмай кеттім-ау деп өкінер құмда не керемет бар дейсің! Құмның аты құм емес пе! Жел үп етсе сырғи және-лер, жыланның бауырындай қылтанағы жоқ құм шағылдар. Күйдірген күн. Буалдыр тартып мұпартқан қапырық дала.

Мен міне Қарақұмды осылай елестетемін. Бірақ амал жоқ. Әбекең болса осы арада туып өскен, жер жайын, ел жайын жақсы білетін көшелі адам. Қөнбеске болмайды.

Сөйтіп біз Қарақұмға тарттық. Қармақшыдан шыққан соң Әбекең алғашқы сөзін шофер балаға арнады.

— Әй, Рақым, су алуды ұмытқан жоқсың ба?

— Қарақұмда бәрі де бар емес пе! Керегі не судың? — деп мен күлдім. Әбекең де күлді.

— Бәрі бар екені рас. Бірақ жолда аралары керекар алты айшылық қиян шалғай шөлейттер жатыр. Машина жазым болса, су осы тұста керек болады. — Осыдан кейін Әбдікәрім менің көңілімді аулағысы келді білем, Қарақұмды мақтай бастады. — Бұл төңіректі жайлаған қалың елде «Қарақұм дегенше, қарағым десеңші» — деген мәтел бар. Қарақұм құнарсыз болса осылай дер ме! Шіркін, Қарақұмның самалды түнін, салқын ауасын айтсаңшы. Шипа ғой жанға.

Күні бүгінге дейін бұл елдің жаз жайлауы Қарақұм да,

қыс қыстауы Сыр бойы. Наурыз туды, бітті. Мына дария бойында бір малшыны ұстап тұра алмайсың, бәрі де құмға тартады. Ерте заманда байлар сөйтетін еді. Сырда маса, сонауға жем болып, сіңірі шыққан кедейлер ғана қалатын.

Әбдікәрімнің бұл сөзі таң қалдырды мені. Жаз шықса мал жайын білетін қазақ шаруасы көкорай шалғын, өзен-су бойын сағалаушы еді. Ал мына ел болса өзеннен қашып, құмға тартады. Тіпті қызық. Мен енді «мақтаған құмды неде болса бара көрерміз» деп түйдім.

* *

Қысты Сырда, не болмаса арғы Қызылқұмда өткеріп шыққан қалың отарлар үдере көшіп, айлап жүріп Қарақұмға жетеді екен. Керік жатқан осы бір алшақ атырапқа түнделетіп болса да біз бүгін жетуге тиіспіз. Әйтпесе мына қу медиен далада түнеуге тура келеді.

Күн көтеріліп қалды. Жер дүние манаурап, сілеміктене бастады. Талай бел-белестерден асып қасқа жол жатыр. Бізді ғажайып бір қиян шалғайға тартып барады. Бірер жерде дала тағысы үйірлі ақбөкен кездесті. Машинамен сәл жарысып отырды да, изенді-жусанды, түбірлі тасжарған өскен тықыр нұраның шаңдағын бұрқырата алдымызды кесіп шу қарақұйрық бір-ақ тартты.

Жер жайын білмегендіктен бе, осынау ұлаңқайыр кер далада адам жоқ, тірлік жоқ дегенге сенгің де келмейді. Бір қырқадан асып едік, оң бүйірден теңіз шалқыды. Енді бірде көз ұшынан бұлдырап салт аттылар, түйелі керуендер көрінгендей болды. Одан әрі ну орман көгерді. Үзілмес бір үміт бар. Меніреу тыныштық басып тұрған мына далада біреу-міреуге кездесе қалатын сияқтысың. Келесі қырқаның астында ел бардай, қазір соған барып машина тұмсығын тірерміз деумен отырасың. Бірақ бір ғаламаты осының бәрі алдамшы елестер ғана. Жақындап келсең су дегенің сағым болып шығады. Салт атты ма, немесе түйелі керуен бе деп көз қадағаның кәдімгі бір түп қурайға айналып кетеді.

Енді бірде алыста көк мұнар кілегей сағым арасынан ғажайып бір қала көрінді. Кәдімгі қала. Мен тесіле қарарым. Жыпырлаған кілең бір қызыл шатырлы ақ үйлер. Бұл жерде қандай қала болуға тиісті? Сұрастыра келсем қала емес, Ханқазған деген биік төбе екен. Бесінге дейін бірде тура алдымыздан кес-кестеп, бірде бір бүйірден қатарласа жарысып, бір жақындамай қойды.

Енді жасырмай-ақ қояйын, жүрекке бір күдік кіре

бастады. Ал егер мына машина түскір сынып қалса ше? Баллоны жарылып кетуі де мүмкін ғой?! Әлде осының бензині таусылып қалып жүрмесе не қылсын? Қашан сені іздеп тауып алғанша талай күн өтпей ме?! Шеті де, шегі де жоқ мына тылсым шөлейт енді бізді жұтып қоятындай болып кетті.

Осындай екі ұдай теткулі көңілмен отырғанымда жолдан сәл қиыстау әртіңгі қырқадан тағы да бір түйелі көрінгендей болды. Мен енді оған мықтаса тасжарған, не жыңғыл болар деп мән бермедім. Машина түлкі құйрық бұраң жолмен бұлталаңдап заулап келеді. Бір белден астық. Сол кезде Әбекеңнің:

— Ойбай, мынау түйелі кім болды екен? Токта, Рақым! — деген даусы естілді.

Сонда көрдім, жыңғыл дегенім бұл жолы шын түйелі адам болып шықты. Бізді көріп қиядан төтелеп салып келеді. «Аялда!» дегендей бөркін бұлғайды.

Рақым тежемені басты.

— Жоқ іздеген біреу болды ғой.

Әлгіндей болмай жаңағы жапан кезген жалғыз да келіп жетті. Түйесін шөктіріп жерге түсті. Шоқша сақалды, шапаты бойлы тарамыс бір қара шал.

— Уай, балалар, алдарыңда мал көрдіңдер ме?

Біз Қармақшыдан шыға бергенде қара-құра көп отар көрген едік. Соны айттық.

— Апыр-ай, дарияға жетіп қалған екен ғой, деді қара шал.

Жөн сұрасақ, ол көрші Жалағаш ауданының шопаны екен. Ана Қармақшыға жетіп қалған отар иелерінің бірі. Қора-қопсы қамын ойлап, күздің бір айын алға салып, құмнан қыстауға көшкен беті екен. Өзі отарынан қалып кейін құмға бет алғанына екі-үш күн болыпты. Бақташы мінетін бір азбап бар екен. Ер-тұрманымен кетсе керек. Іздеген жоғы сол.

— Үйренген жері — құмға тартты ғой. Мына тықыр нұрада тұрақтар ма! — деді Әбекең.

— Өзім де солай шамалаймын, — деді қарт.

— Әне, құм дегенің сол, — деп Әбекең енді маған қарады.

— Апыр-ай, құм қайда, біреу қайда! Не қылсам екен? — деп дағдарды қарт шопан.

Біз оған осы жерден қайтуға кеңес бердік. Қарақұмға барған соң жүрген жерімізге сұрау сала, айта жүрейік — дегенді айттық. Қарт та осы ақылды мақұл көрді.

Шопан арықтан шофер ретінде

Барыш арықтан өткізген шығар, су бар бізде, су барыш арықтан өткізген шығар.

Шопан сөзін арықшының тісіне басып сәл тұрды да ынта-сынтау тана.

Жаралды, бірер жұтайын,— деді.

Барышша арық та талдырмаш, бірақ елгезек, пысық Рақым өзіндей тарамыс шалға флягінің қақпағын ашып қызмет етіп жатыр.

Шопан кішкене ілігіне қарамастан үлкен ыдысты жеңіл көтеріп жоғары апарды да, бір-екі рет суды қарбыта ұрттап аузын сүртті.

— Бірер күндік жолыңыз бар ғой, сусыныңыз болмаса, құйып алыңыз,— дедім мен оған.

— Ой, тәйрі-ай, шөлдесем тандайға басар бес-алты малтам бар. Бұл далада судан өлгеннің моласын көрген жоқпын, рахмет, шырағым,— деп ол түйесіне мінді де, желіп кетті.

— Жаудан-жұттан қорықпайтын нағыз дала батырлары міне нақ осылар,— деп Әбдікәрім ұзап бара жатқан кішкене шалдың соңынан қарап қалды.

Мен өзімнен өзім ұялдым. Әлгі бір көңілге енген қорқыныштың тіпті ерсі екені де аян болды...

Тағы да ілгері тарттық. Алдағы адыр-белестерге асылып баяғы қасқа жол жатыр. Күн кешкірді. Батыс жақ алқызыл өрттей болып күн батты. Енді «Осының ар жағында бірдеме бар шығар» — деп дәме етіп отыратын шоқы нобайын жоғалта берді. Алдыңғы бетті бейуақыттың қап-қара тыныштығы жапты. Біз енді тіршілік мекенінен тым алыстап кеткендейміз.

Ендігі бір сәтте алдымыздап шөккен нардай болып дүңкне қарауытып бірдеме көрінді.

— Құмның шетіне іліктік. Мынау шағылдар,— деді Рақым. Ауырлай қалған машина қоныздай ызылдап биік барқанға өрмеледі. Әлгіндей болмай ар жақтан ит абалады. Әр жерден от жылтырады. Жан-жақтан «келе жатыр», «келе жатыр» деген айқайлар естілді.

Рақым машинасын жер ошақта от жылтылдаған боз үйдің алдына әкеп тіреді. Қиық қара мұрты бар орта бойлы бір жігіт келіп қолымызды алды.

Бұл Әнгельс атындағы колхоздың қой фермасының бастығы Кәрібоз Нұрпенсов деген кісі екен.

Сөйткенше болмады, жан-жақтан ит ерткен салт аттылар келіп топтала берді.

— Кешіккен сон, адасып кетпеді ме екен деп, сіздерді қарай шыққан адамдар ғой,— деп түсіндірді Кәрібоз.

Таңырқаған мен:

— Біздің келетінімізді қайдан білдіңіздер?— деп қалыппын.

— Рациямыз бар ғой, рация.

Мен Қарақұмның облыс, аудан орталығымен тығыз байланыста екенін сонда ғана түсіндім.

* * *

Кәрібоз үйінен тың көзге түскен екі нәрсе болды: бірі-кіре беріс үстел үстінде ұқыпты жиналған газет-журналдар. Жасыратыны жоқ, өзім Алматыдан шыққанда баспанада жатқан «Мәдениет және тұрмыс» журналының соңғы саны Қарақұмда алдымнан, шопан үйінен табылғанда қатты қуандым.

Бұл да бір аудан орталығы мен Қарақұм арасында жақсы байланыс барлығын танытатын жақсы нышан. Екіншісі — осы үй ішінің барынша тазалығы. Бір босағада керегеден асыра жиналған төсек-орын крахмалданған ақпен жабылыпты. Айнала қабырға қолдан тоқылған тамаша кілемдермен ұсталған. Ыдыс-аяқтың тұрған жері де айрықша жинақылығымен көз тартады.

Табалдырықтан төрге дейін кілем, көрпе төселген. Біз аяқ киімімізді босағада қалдырып шұлықшаң жоғары шықтық. Бір қынжыларлық нәрсе, дастарқан жерге жайылды. Бірақ көп сөйлемесе де, аса бір ілтипат көрсетіп жүрген Күләйлаш жеңгей бауырсақ пен құртты, қант пен тоңазытылған етті, тәттілерді жеке-жеке тарелка, вазаларға салып қала тәртібімен әкеп қойды. Шанышқы мен күміс қасықтар да келіп қалды. Жалтыраған қытайы кеселерге шәй құйылды. Бір жақтан бірер көкмойындар да көрінді. Кәрібоз кішкене рюмкаларға ақанды құйып, әркімнің алдына қойды.

— Бұл шіркін Қарақұмда да болушы ма еді?! — деп сұрадым.

— Қу неме емес пе, жылы-жұмсақ жерді біледі ғой,— деп әзілдеді Әбдікәрім.

— Осының беделі түсіп бара ма деймін. Ішуді азайтты жұрт,— деді Кәрібоз.

Кәрібоздың бұл сөзін қалғандары өтірікке шығармайын деді ме, кім білсін, рюмкаға қол апарған ешкім болған жоқ.

Бірақ енді соншалық жарық алып түсіп жүріп те ішіндегі мұңы шықпайтын сонша да, — деді Салмырзақұлы Алмаш еттен жипі.

Екінші бір шұбар жігіт Алмашты құптай сөйледі.

Мүйіз шықпағаның не, денсаулықтан айырылып қала жаздаған жоқпыз ба?!

Осыдан кейінгі әңгіме шаруашылық жайына ауысты.

Шопан біткен быыл көңілді көрінеді. Мал басы аман да әрі күйлі. Күзем жүні алынған. Міндеттемеде көрсетілген 45 килограмның орнына, мемлекетке өткізер әр қойдың салмағын 59—60 килограмға жеткізген. Ендігі іс қойларды іріктеп, шопандарға жаңа отар бөліп беру көрінеді. Осы жұмыс біткен соң мал қысқы жайылым — Қызылқұмға қарай бет алмақ.

Осындай әңгімемен көп отырдық. Бір кезде жиналған жұрт та көтерілді. Құлдайлаш жеңгей қалың етіп төсек салды да, асты-үстімізді крахмалды ақ сейсептермен орап тастады. Ұзақ жолдан кейін біз Қаракұмның қияп шалғай бір түкпірінде тамаша ұйқыға ойыстық.

* * *

Қаракұм! Біз міне бір биік құм шағылдың кеудесіне шығып тұрмыз. Айнала көз жетер жердің бәрі шажырқайдай құжынап жатқан ірілі-уақты құм төбелер. Қырматаздың басындай. Бірақ бұл алдамшы көрініс. Көбіне «құм» десек болды, «бір тамшы суы жоқ, шөл» деген сөз көмекейімізге келіп тұрады. Қандай қате пікір. Мына Қаракұмды айлап кез, бірақ су іздемейсің. Өйткені кез келген ойпаңды қолыңмен тырнасаң, қарыс сүйем жерден су шығады. Бұл кең өлке бетін құммен жауып қойған шалқыған теңіз. Ал онда не бір асыл шөп өспейді! Еркек, алабота, жантак, сағыз, ебелек тағы сондайлар. Күз малды Сырға айдағанда жылқы, түйе сияқты жүрдек жануарлардың кейін тарта беретіні де содан болуы керек.

Қаракұмды, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының жүз мыңдаған малы жайлайды екен. Арып келіп, семіріп қайтады. «Қаракұм — байлық қоймасы» десе дегендей-ақ.

Біз міне төбеде тұрмыз. Етекте сыртын кіршіксіз ақпен сылаған кішкене үй көрінеді. Бұл аурухана. Одан әрі емхана, оның ар жағында дүкен. Әріректе биік антенналар көрінеді. Ол рация. Ал одан әрі шашырай жайылған қалып қойлар.

Бұл Қармақшы ауданының Қарақұмдағы орталығы — Жапақтың бүгінгі көрінісі.

Міне, біз әлгі ақ үйге келіп кірдік. Сегіз кісілік кішкене аурухана. Әр қилы аурулармен түскен бес-алты колхозшылар жатыр. Жас дәрігер Омаров Қасымқан өз шаруашылығымен таныстырды.

Жеңіл-желпі аурулар осында каралады. Ауыр науқас Қармақшыға, не Қызылордаға жөнелтіледі. Керек дәрінің бәрі де бар.

Бір ғажабы, мұнда баланың іш ауруы болмайды екен. Өйткені Қарақұмның күні қоңыржай да, шыбын деген атымен жоқ.

Одан шығып дүкенге кірдік. Астанадағы ірі универмагның бір кішкене бөлімшесі сияқты. Баланың ойыншығынан бастап, жаңа сәнмен тігілген қымбат бағалы костюмге дейін ілулі тұр.

— Қойшылар не нәрсеге мұқтаж? — деп сұрадық дүкенші Бектасов Үсеннен.

— Үнді шайы бар, бұрын бір мұқтажымыз шай кесе болушы еді, ол да бар. Жібек те, шыт та көп. Жалғыз-ақ пүліш, берен жағы аз. Соны жиі сұрайды.

— Ол енді тым салтанат сәні күргандық қой, — деді сондағының бірі.

Рас, бұл сөздің жаны да бар шығар. Бірақ малшы біткен пүліш пен беренге ғана мұқтаж болса, Қарақұмға оның да барарына күмән жоқ.

* * *

Қарақұмда өткізген төрт күн ішінде көптеген малшының үйінде болдық. Бәрі де бай, ауқатты. «Отан» атты радиокабылдағышы, газет-журналы жоқ бір үйді көрмедік. Ең қуанарлығы малшы үйінен бөстек кетіп, ақ сейсептер келген. Тазалық келген. Әсіресе Чапаев атындағы колхоздың малшылары Салмұрзаұлы Алмаштың жамағаты Айнаш жеңгейдің, Пернебеков Шәрі жолдастың үйіндегі Ажар замандастың ас, үй ұстау тазалықтарын ерекше атауға болады.

Рас, бұл үйлердің бәрінде де дастарқан жерге жайылды екен. Жамбастап жатып тамақ ішу үйренбегенге тіпті қиын.

Қармақшы аудандық тұтынушылар одағы малшыларға арнап аласа үстелдер де жасап шығарыпты. Біріншіден, бағасы қымбат, екіншіден, сүйегі ауыр, көшіп-қонып жүрген халық ауырсынатын түрі бар. Бірақ бұл дәлел емес.

Ал ел құтылаң, Аштан сөзінің тазалықтың үлгісін көрсетіп отырған пысық жөнсіздер осы бір істе де бастаушы болса, аласа үстелдерінің де Қарақұмға етене болып кетер мүмкіндігі бар.

Көп күнгі көргенімізден тағы бір түйгеніміз — Кәрібоз айтқандай «арак шіркіннің беделі түсе бастаған». Рас, қай үйге барма, тамағымен қоса арағын да алдыңа тосады. Бірақ ішуші аз.

Біздің осы пікірімізді дүкенші Үсен дәлелдей түсті.

— Бұрынғы жылдарда бір машина арак бір жұмаға жетпей қалушы еді. Қазір айларға кетеді, — деді ол.

Бұл шын қуанарлық бет бұрылыс.

* * *

Біз дүкенші Үсеннің үйінде отырдық. Үлкен шошақ қарның жалпақ белбеумен көтеріп тастаған бір дәу сары келді. Осы Жапақтағы жүп қабылдау пунктінің бастығы Қаржаубаев Жұбан деген жігіт екен.

— Біздің де үйі осында, қонақ болыңыздар, — деді ол.

Біз асығыс екенімізді, жүріп бара жатқанымызды айттық. Жұбан — олай болса... — деп күмілжіді де денесінің үлкендігіне қарамастан ширақ басып далаға шығып кетті. Бір кішкенеден соң қайтып оралды. Қолында үлкен бір қарбыз, бес-алты помидор, қияр, екі-үш түп пияз:

Қарақұмда овощ көрем деп кім ойлапты!

Бес-алты күннен бері көкшөп көрмегендіктен бе, әлде мына Қарақұмда тым таңсық көрінді ме, бәріміз де қау-жаңдап, тамашаладық та қалдық. Осы үйдің кішкене баласы да әкесінің артынан келіп тұрткілеп жатыр.

Кесек бір қиярды ұстап о да қуанып кетті.

— Көкшөп дегенің мұнда қайдан келген?

Жұбан күлді:

— Шығар ма екен деп бір кішкене жерге еге салып едім, — бой бермей барады.

Мен оң жағымда отырған аудандық партия комитетінің секретары Телжанов Хамитқа сұрана қарадым. Оның себебі бар. Құм аралап жүргенде «пәленшенің ағашы», «түгеншенің ағашы», — деген жер аттарын жиі естіген едік. Ол ағаштардың кейбірі кесіліп қалған. Кейбірі күні бүгінге дейін күткен ешкім болмаса да жайқалып өсіп тұрған екен. Содан түскен бір ой: ағаш өскен жерде овощ неге өспейді? — болған. Мен соны секретарь жолдасқа айтқанымда — құмда овощ өсуші ме еді?! — деген еді.

Сол жауабы есіне түсті білем, Хамит жалтара сөйледі.

— Малшылар Қарақұмға көктемді жолда өткізіп, жаздың басында келеді. Ол кезде овощ егуге болмайды.

— Екі-үш колхоз бірігіп, араларынан екі-үш адам бөліп «овощ егіндер», деп Қарақұмға ерте жіберсе қайтер еді?

Секретарь ойланып қалды. Ие, бұл ойланатын шаруа.

Келер жылы әр малшының дастарқанында овощ болсын! Оған Қарақұмда толық мүмкіндік бар.

* *

Біз аттанатын күні түнімен нөсер құйды да, таң ата ашылды. Қақ біткеннің бәрі шалқыған көлге айналды. Малшы қуанышында шек жоқ.

— Қарақұм биыл тіпті мейірлі,— деді Ленин орденді қарт шопан Аманқайыр.— Жаз бойы күннің ыстығында бір тамған жоқ. Ашық болды. Міне енді дер кезінде жауды. Екі-үш күннен кейін Қарақұм адам танығысыз құлпырып кетеді. Құтты қонақ келгенде қой егіз табады дейді ғой. Құтты қонақ болдындар.

Қарақұмның тағы бір сыры ашылды. Жаздың ыстығында жауған жаңбыр пайда емес, залал. Ондай жаңбыр артынан ыстық түссе, шөп біткен солып қалады екен! Ең пайдалысы күзде жауған жаңбыр.

Біз меймандос Қарақұм малшыларын төрт күн араладық.

Міне, баяғы таныс жолмен кейін қайтып келеміз. Артаң көзге ыстық қимас бауырлар қалғандай. Қайта қайтып қарай береміз.

Иә, бұл атырап Қарақұм емес, қараным екен.

1959 жыл

БИІҚ, БИІҚ, БИІҚ ТАУЛАР БАУРЫНДА

Зымырап келеміз, зымырап келеміз. Алдымызда асу-асу ақша таулар бар. Артымызда көктем шуағына, көк жапыраққа бөлене бастаған Алматы қалды.

Бетіміз Кеген ауданы.

Осылай қарай аттанарда осы ауданның суын сулап, жерін жайлаған, дәм-тұзын татып әбден кәніккен бір жолдастар: Кеген — Қазақстанның Швейцариясы. Абай айтқан «шыбынсыз жазың дәп осында» — деп қызықтырып, жүрегімізді лүпілдетіп қойған.

Біз бұл ауданның ақ басты тауын, арқырап жатқан өзенін, гүлшең даласын, мыңғырған малын аралап көрмекпіз.

Ішкі іштерімен жақын адамдарымен кездесіп таныспақпыз. Қалса еде бұл бір қызықты сапар болғалы тұрған сияқты. Соған ба, білмеймін, аз күнге болса да күнделік жүргізіп, көрсең-білгенімді, ойларымды қағаз бетіне түсіруді жөн санадым.

* * *

Бірінші күн. Біз аудан орталығы — Жалаңашқа талай-талай күз-кия, қарлы тауларды асып інір қаранғысында келдік. Бұл қыстақ атақты Алматы — Нарынқол тас жолынан елу шақырым қияс тұрады екен. Жол мехнатын осы арада көрдік. Ауыр машиналар қазып кеткен ізге түссен-ақ болды, автобустың төс табанын тіреп жатып алады. Оның үстіне тым биіктеп кеткеніміз де байқалатындай. Ысқаяқ жел тұрды. Жалаңаш тауының басына оралған көктемнің жылауық бұлты бірте-бірте аспан әлемін орады да дүннені түссіз тұнжыр етіп жіберді. Әлгіндей болмай жаңбыр да сабалап кетті. Тіпті боранша ұйтқи соғады.

Жалаңашқа алты шақырым қалды дегенде шофер жерге түсті де жол барлады. Алдымызда қираған көпір бар екен. Айналып жүруге тура келді.

— Мына көпір былтыр да дәл осындай еді, тірі пенденің қолы тимепті. Аудан басшылары олай өтіп, бұлай өтіп жүргенде байқамай ма екен?! — деп қынжылды машина жүргізуші.

Мен өткен жылы орталық Россиядағы бір аудан басшысымен танысқан едім. Соның: «Қазақстанда бәрі де жақсы екен. Бірақ жолдарың жаман. Рас, бұған жер шалғайлығының көп әсері бар. Дегенмен жолсыз ауыл шаруашылығын өркендетемін, ауыл-селоны көркейтемін деуден түк те шықпайды. Қиын болса да шаруашылықты жолдан бастау керек», — деген сөзі есіме түсті.

Расында осы бір жол салу дегеннің бір ұшы құнтсыздыққа барып тіреле ме деп те қаласың. Әйтпесе мына елу шақырым деген немене. Бүкіл аудан болып көтерілсе, он бес-жиырма күннің жұмысы емес пе! Тегі бастаушы жоқ болса керек.

* * *

Біз асхананың алдына келіп тоқтадық. Жаңбыр әлі сабалап тұр. Бәріміздің де ұзақты күнгі ирелең жолдан шаршап, қажығандығымыз байқалады. Неде болса шаруаны тамақтан бастайық деп ұйғардық.

Асхана іші лас екен, қабырғалар салтақ-салтақ. Кілең бір дарынсыз жасалған картина — суреттер. Тегі астанада

нығы сыймағандықтан осыдан жерлерің көптен өскен талғамы жоқ, мал тапқыш қулардың ісі болса керек. Бір қызығы бұл Алматы сияқты республика астанасының ірсісінде отырған аудан той. Еңкейген көршінің бастап еңбек теген баласына дейін қала салтанатын көрмегендерінің малы-ақ болар. Жақсыны үлгі ештеңе де жұртың ма сонда! Қазір бізде Қенбаев М., Телжанов Қ., Сауыпқыты талантты суретшілеріміз бар. Солар жаман жақсы жақсы картиналар көпке мәлім. Алматының көркем сурет галереясында жақсы деп танылған басқа да шығармалар аз емес! Сондай бай мұрамыз бола тұра, қала ірсісінде аудан асханасында мына сияқты сұрықсыз да талғамсыз нәрселер ілулі тұрады. Бұл — аудандағы сауда қызметкерлерінің талғамсыздығын таптыратын болса керек. Қыпжандарлық іс.

... Біз кір клеенка жабылған столға келіп отырдық. Бірақ мантидан басқа ештеңе де болмай шықты. Ең ақырынан да жоқ. Сатушы әйел:

— Кеш келген өздеріңізден көріңіздер, тамашамазды ішіп, нанымызды жеп қойдық, — деді.

Шеткерірек столда отырған сусар бөрікті бір миықад адам сөзге араласты:

— Үй иесі мырза болса, бұл сияқты қадірлі өнермен келгенде қазаның қайта көтерер болар, — деп сөйледі.

— Біз артист емеспіз.

— Қайдам, солар ғана осылай үйірімен шұруы Сонсоң айтамын да, — деді жаңғы кісі.

Біз «Мәдениет және тұрмыс» журналының иппоненті екенімізді, бұл ауданға келген мақсатымызды айттық. Сусар бөрікті бір мінезді адам болып шықты.

— Мақтап жазарлық бұл ауданның не артықшылығы бар екен? — деп сұрады ол.

— Неге мақтап жазарлық?

— Е, осынша топ болып жаманшылық іздеп шықпаған боларсыздар?

Ие, бұл ауданның не артықшылығы бар?

Мен осындай оймен қонақ үйге келдім. Көз тастарлық оның да сәні жоқ. Үй қабырғалары дұрыстап сыланбаған. Штукатуркалары арық малдың қабырғасындай болып көрініп тұр. Қай аудан орталығына барма, әйтеуір осы бір үй сылағы дегеннің ерсілігі көзге шыққан сүйелдей болып окшыраяды да тұрады-ау. Меңгере алмайтындай не кереметі бар екен мұның? Әлде, бұрынғы мал тұяғына бағынған көшпелі күйкі тірліктің салқыны ма екен бұл да?!

Екінші күн. Ертемен оянсам, бөлме ішінде ерке күннің нұры төгіліп тұр екен. Жапырақ жая бастаған бір бәйтеректің терезеден ұшар басы көрінеді. Айқын ашылған аспан заңғарының бір пұшағына әдемі төккен өрпектей тышып қалыпты, селт етпейді. Көңілді басталған күнге әуендесіп ұйқы да қанған. Сергек басып далаға шықтым.

Қыстақ Жалаңаш тауының бөктеріне салынған екен. Көшелері түзу. Жаңа тұрғызылып жатқан үйлер де көп. Бірақ ағаш аз. Анда-санда бір үйдің алдында селкеу тұрған бір бұта болмаса, қыстақ кейпі тым жалаңаш. Тегі Жалаңаш аталған себебі де осы болса керек. Қыстақ тым биікте тұр. Төменде ұшы-қиыры жоқ ұлаңқайыр бір жазық мұнартады. Одан әрі жүлгеленіп жатқан тағы да бір тау жоталары. Кейін білдім. Жазық Ағанас жазығы, ал тау атақты Ілияс ақын жырлап кеткен Торайғыр тауы деп аталады екен. Бұл төрт түлік малдың көктеуі. Ал жаз жайлауы — бұл жерден де биікте бұлтпен қойындасып жатқан Қарқара жазығы.

Тегі түндегі нөсердің арты алақаншық бұрқасынға айналса керек. Жалаңаш тауын жапқан ақша қар ұзын көшенің жоғарғы басына дейін сұғына жатыр. Ауылда бір тозан жоқ, тау бұлағындай мөп-мөлдір. Жаздың басында қыстақ іргесінде қар жатса шыбын қайдан болсын мұнда! Шынылда да мал мен жанға жер ұйықпен бірдей болса керек-ті бұл жер.

Үшінші күн. Біз Ленин атындағы колхоздамыз. Түнде сағат бірге дейін күн жалтаң, аспан қиясынан жұлдыздар жымыздап тұрған еді. Ертемен тұрсақ жер дүниенің бәрі аппақ. Ұлапа қар төгіп тұр. Бірер үйдің мұржасынан түтін будақтайды. Ауыл көрінісі тым тамаша. Кілең бір жаңа салынған шатырлы ағаш үйлер. Электр, телефон бағаналары. Ортада екі жүз кісілік кең клуб. Әлі біте қоймаған еңселі колхоз кеңсесі. Бір ғажабы бұдан бір жарым-екі жыл бұрын бұл жерде екі-үш үй ғана болған. Міне соңғы бір жылдың ішінде ірі колхоз орталығына айналып кеткен. Колхоздың өз тағдыры да қызық. 1956 жылы көрші колхозбен қосылған екен. Биылғы жылы енші алып қайта бөлініп шығыпты.

Жыл сапап дәулеті молығып келе жатқан колхоз. Қазір көктеуде қырық екі мың қой жайылады. 1965 жылы алпыс мыңға жетпекші. 1953 жылы колхоз кірісі бір миллионға да толмайды екен. Міне енді жылдық табыс он миллионды

алқымдап қалған. Сол себепті қолхозшылардан ереккүшті тек ақша түрінде өтеуге мүмкін ік туған. Еңбек ұнамдытырудың осы бір жаңа тәрізінде көп артықшылық бары айқын көрінеді.

Әлде бұл ауданның біз іздетен артықшылығы осы ма екен? Бірақ Қазақстанның қай ауданында ұн салып, қыстақтар тұрғызылмай жатыр. Еңбекті ақшалап табыққа айналдырған да жалғыз осы колхоз дейсің бе?

* * *

Міне кеш болды. Оңаша қалған бір сәтте күн өткізе үнілдім. Өткен күнді көз алдыма келтіре бастадым. Көп адамдармен кездесіппіз. Көп жерлерде болыпты.

Спыр фермасында Жарас деген жас жігітпен таныастым. Қапсағай денелі жігіт. Оны маған сауыншы деп таныстырды.

— Спырдың емшегін жұлып ала жаздайды, — дедім деп біреу.

Мен әуелі ойын шығар деп ойлап едім, Жарас папында да спыр сауады екен.

— Бұл жұмысқа неге ауыстың? — деп сұрадым мен одан.

— Бұрын қой бағып едім, жаман бақпадым. Бірақ етеген ешкім болған жоқ. Атымды шығараның деп кеттім мұнда, — деп жауап берді жас жігіт.

М-м... «атың шықпаса жер өріс» — деген осы той тегі. Жарас маған бір түрлі болып көрінді. Рас, біздің елде еңбектің ала-кұласы жоқ қой. Сонда да мына Жарас сияқты тепсе темір үзетін соқталы жігітті әйел жолдастарың қолынан келе бермейтін ауырырақ жұмысқа пайдаланған дұрысырақ сияқты. Спыр емшегін жұлып ала жаздаптындар әйел қауымынан да табылады ғой. Тегі аудан ішінде жігіттердің сауыншы болуын дәріптенкіреп жүрген кейбір жолдастар оларға: «механизатор болындар, техниканы меңгеріндер!» деп үгітесе пайдалырақ болар ма еді әлде қайтер еді?! Ойланатын шаруа.

Бүгін көп адаммен кездестім дедім ғой. Солардың ішінде айрықша көңілімде қалғаны екеу екен. Бірі осы спыр фермасының бастығы Асанова Әуесхан да, екіншісі колхоз председателінің орынбасары Иманбаев Жүнісжан. Бірі тым өжеттігімен, екіншісі биязылығы, бала мінезділігімен есте қалған.

Колхозда жап-жақсы кітапхана бар екен. Соны көре барып едік. Қолында он бес шақты кітап салған сеткасы

сөзін ұшырап, бөлініп бір қыз кіріп келді. Кітапхана меңгерушісі.

Белсенді оқушымыздың бірі — Асанова Әуесхан, — деп таныстырды.

Белсенді оқушы кітапты бұлай бумасымен ұстамайды. Ыр бірлеп оқиды да, екі-үш күннен кейін әкеп тапсырады. Содан кейін жаңа кітап алар болар, — деп әзілдеді сонда тұрғандардың бірі.

Мен бұл әзілді іштей құптап қалдым. Кітапты көп оқиды екен деп айтсын деп, өзін бізге көрсеткісі келіп тұрған адам сияқты болып көрініп кетті ол маған.

Жок, бұл ұшқары пікір болып шықты. Әуесхан фермадан келген. Сауыншылар алған кітапты әкеп өткізіп тұр екен. Ал өзінің әдебиеттің шын досы екеніне пікірлесе келе көзім жетті. Қазақ әдебиетінде ол оқымаған шығарма жоқтың қасы.

Әуесхан еңбекшілер депутаттарының облыстық советіне депутат. Өзі Қазақ университетінің журналистика факультетінде сырттан оқиды.

— Өзін сондай жас екенсің. Спыр соңында жүре беремісің. Университетке түсіп неге оқымайсың? — дедім мен оған әзіл-шыпын араластыра.

— Онда қаладағы сіздерді кім асырайды! — деп жауап берді ол. — Жок, мен ең даланы, еркін ауаны жақсы көремін. Университетті, сырттан оқып та бітіремін.

Сонда Иманбаев Жүнісжанның:

Қазір ел басқару оңайланды ғой. Бұрын жоғары білімді адамды бүкіл ауданнан іздеп таппаушы едің, қазір ферма сайын білімді жас бар, — деген сөзі есіме түсті.

Шынында да комсомол мүшесі Әуесхандар колхоз болашағының тірегі болса керек.

* *

Ал Жүніс-екең болса мүлде басқа мінездің адамы. Дұрысында ол колхоз құрылысының негізін қаласушылардың бірі. Қызмет жолы да сонау жиырмасыншы жылдардың соңында мойын серіктен басталған. Сауаты төмен болса да содан бері шаруашылықтың әр саласында адал қызмет атқарып келеді екен.

Жүніс-екең өзінің өмір баянын айтып отырып:

— Мен қазір алпысқа таяндым. Қағазға қараудан қалып бара жатқан да жайым бар. Сонда да Ленин томдарын оқып жүрмін. «Совет үкіметі» — деп көп шапқылап едік. Сонымның дұрысы мен бұрысы қайсы? — осыны білу

үшін оқимын. Судың да сұрауы бар емес пе. Өткен өміріне есеп беретін шақ жетті,— деді. Бірде Жүнісекең ауданның болашағы туралы сөйлеп кетті.

— Әр жылдың өз алдына бір салтанаты болады. Бір кезде киіз үйді сәндеп едік. Там үйді дәріптеген де кезіміз болған. Ал енді еңсесі биік шатырлы қарағай үй салу салтқа кірді. Кейде шегеге де зар болып қалатын жайымыз бар. Жол қатнасы нашар. Қерек нәрсені тасып жеткізе бере алмаймыз. Кірпіш, цемент, у тас та (әкті бұл жерде осылай атайды екен) жетісе бермейді. Осыларды алақ Алматыдан тасымай-ақ, ауданның өз мүмкіншілігін пайдалануға әбден болар еді. Кірпіш күйдіретін, цемент шығаратын орындар ашу керек. Бұған ауданда жағдай бар, деді.

Аудан басшылары үшін бұл ойланатын пікір той деймін. Енді бір сөзінде Жүніс-екең:

— Қойымыз көп. Бірақ жүнді аз аламыз,— деді. Оған екі себеп бар. Біріншіден қойымыз асыл тұқымды емес. Екіншіден жайылымда тобылғы, қараған көп. Бұл заңсыз жүн қоймасы. Арасына қой кірсе болды, жүлкі қалады. Осы бұта-шөпшекті құртудың бір тәсілін тапса!

Бұл міне колхоз қамын ойлайтын адамның сөзі.

Мен Жүніс-екеңмен бір тәулік бойы бірге жүрдім. Оның бұл пікірлерін аттың жалында, түйенің қомында дегендейін, шай үстінде немесе көшеде жай әңгімелесе жүріп тыңдадым. Ештеңені жазып та алғаным жоқ. Оның ашыла сөйлеуінің кілті осында ма деймін. Бір дәм үстінде телефон шылдыр етті. Сөз саптасына қарағанда колхоз председателі болса керек (Ол кісі біз барғанда қатты науқастанып жатыр екен).

— Бар мәліметті жинап алып едім. Бірақ жай әңгімелеседі, ештеңені сұрамайды,— деді Жүніс-екең телефондағыға.

Әңгіме біз туралы екені бірден түсінікті.

Аттанар сәтте кеңесіп отырдық та Жүніс-екеңнің аты-жөнін дұрыстап жазып алайын деп мен қолыма қарындаш алдым. Сол кезде тағы да телефон шылдырлады.

Жүніс-екең ақ көңілділігіне басты:

— Әй, шырақ, қоя тұрсаң етті. Міне нағыз әңгімеге енді кірісіп едік. Жарайды, кейін, кейінірек,— деп трубканы салып қойды.

Мен мұртымнан күліп отырмын. Ол айтқан әңгімелер қай мәліметтен болса да артық екенін Жүніс-екең қайдап білсін!

Төртінші күн. Өзіміз аралап жүрген колхоздың Тоғыз бұлақ деген участогінде болдық. Ұзақты күн тұрмыс конференциясына дайындалумен уақытымыз өтті де, күнделік жазуға да қол тимеді.

Бесінші күн. Бүгін тағы да бір таулардан астық. Күн тым салқын. Тау басы бұлыңғыр, бұрқасын жүріп жатыр. Етекте көк майса, аяғын жаңа ғана қаз басқан козылар. Сұрастыра келсек, бұл атышулы арқар-меринос пәсілдері екен.

— Алдымызда Қызылту совхозы,— деді Кеген аудандық атқару комитетінің председатели Ұрмұрзин Ғазез.— Сырты жұпыны болса да іші майлы совхоз.

Шынында да солай екен. Совхоз қорасынан сексен мың кой өреді. Бір өзі мемлекетке Нарынқол, Шелек сияқты үш ауданның ет пен сүтін тапсырады. Аз шаруа емес кой бұл.

Совхоз директоры Өтегенов Нұрахмет шаруашылық жайын баяндай келіп:

— Кешеулеп өсіп келе жатқан бір түлік бар еді. Шошқа шаруашылығын айтамын. Былтырдан бері соны қолға алдық. Енді «бес түлік малымыз бар, бірі шошқа»— деп мақтан ете аламыз,— деп күлді.

Өзі ақжарқын, қонақжай адам екен. Былайша айтқанда шылбырымызға оралды. Жібермеді.

...Тағы да дәм келді. Дәм болғанда кәдімгі бесбармақ та. Оның ар жағында екі пінінен дәм алып самауырып тұр.

Бүгін біз шыққалы бес күн. Көргеніміз ет те шай, шай да ет. Овощ дегенінді қос аттап шапсаң да табар емессің. Себебі не екен мұның?

Иманбаев Жүнісжан бір сөзінде:

— Қара бұлақ деген жерге ағаштарын әкеп егіп едік. Өсірген ешқайсысымыз болған жоқ. Ішіне ат арқандап қойған да уақытымыз кездескен,— деп еді. Тегі бұл ауданда овощтың да тағдыры дәл осындай болса керек. Әйтпесе таулы өлкенің ауа райына қарамастан Кегенде овощ та, өсе алатындығына толып жатқан дәлелдер бар.

Алтыншы күн. Біз енді Жалаңаштан Ұзынбұлақ совхозына аттандық. Бұл жолға бізді аудандық партия комитетінің секретары Әбілғожиннің өзі бастап жүрді. Ашық мінезді сөзуар адам екен. Аудан болашағына айырықша тоқталды .

— Су керек,— су, су!— деп қайталады ол бірнеше рет.— Мына жатқан он бір мың гектар Ағанас жазығы. Он мыңдаған мал көктемде осында болады. Ал біз оған суды қырық-отыз шақырым жерден машинамен тасып әкеп береміз.— Секретарь жолдас қадай сөйлеуді жақсы көретін болса керек.— Су жоқ, су, су!— деп тағы қайырды.

Шынында да табиғаттың сарандығында шек жоқ-ау, Басы Қарқара, Кеген, содан кейін Ақтоғай, Сарытоғай, Көртоғай болып, ақыры Чарын деп аталып Ілеге құятын аумақты өзен осы Ағанас пен Ұзынбұлақ жазығын қақ жарып өтеді екен, бірақ пайда не, өзен табаны екі жүз, үш жүз метр төмен шыңырауда жатыр. Оны көтеру үшін талай миллиондаған қаражат керек. Сол себепті судың басқа бір көзін табу—аудан алдында кезек күттірмей тұрған міндеттің бірі сияқты. Өйткені кегендіктер 1965 жылы қой басын үш жүз мыңға жеткіземіз деген міндеттеме алып отыр. Бұл негізі бар, орындалар міндеттеме.

* * *

Секретарьдың қалған жол бойғы ендігі әңгімесі Жалаулыдағы Жүсіпақынова Тұрған жайында, Тұрғанның фермасы жайында болды.

Тұрған Кеген аудандық комсомол комитетінің бұрынғы бірінші секретары. Одан бұрын Алматының қыздар институтының физика-математика факультетін бітірген жоғары білімді сауатты мұғалім. Партияның шақыруына үн қосқанда, аудандық комсомол комитетінің бүкіл съезімен осы Жалаулы фермасына келген. Міне! сізге іздегенің жаңалық болса!

Мен Тұрғанды көргенше асық болдым.

* * *

Шіркін, Жалаулы, неткен жақсы жер едің? Айнала ақша таулар. Ат шаптырса жетпейтін орамды алып жатқан Кегеннің кең жазығы. Мың бұралып жыланша ирелдеп ағып жатқан өзен. Су сылдыры, самал жел— осының бәрі де жастықты пәш етіп мадақтап тұрғандай.

... Көк төбенің басына жұрт жиналды. Қолдан қалқайтқан мінбеге сәби өнді жап-жас қыз шықты. Кеудесін көктемнің самалына тосып сөйлеп кетті.

... Бас аяғы жиналып қалған клуб пен көпірді тез бітіру керек. Қойға қора керек. Мал басын аман сақтау керек. Пішен шабу керек. Сауыншыларды жаңа үйге көшір-

сен жоң. Шифр керек, немені керек. Сөзді қызыл жабу керек. Осыны бәрі де болады. Тек еңбек тәртібі бұзылмайды!

Жас та, көрі де бар. Бәрі де тындап отыр, қостап отыр. Ал қыз болса сөйлеп тұр. Шаруа існәсін білетін, төселген адамша сөйлейді.

Міне, біз іздеп келген мұғалім Тұрған, секретарь Тұрған, ферма бастығы Тұрған осы.

Мен онымен ұзақ әңгімелестім.

Олар төртеу екен: Аудандық комсомол комитетінің екінші секретары Мырзақасымбаев Нұрбапа — зоотехник, инструктор Әкімбаев Абылай — агроном, екінші инструктор Ысмайылов Әбдірәсіл және өзі.

Олар орталық партия комитетінің Декабрь пленумының қарарын насихаттаймыз деп елге шығыпты. Осы сапардан қайтып оралғаннан кейін бір бюро мәжілісінде сараң сөзді Абылай отырып:

— Пәлен істе, түген істе деп жұртты үгіттейміз. Ал өзіміз не бітіріп отырмыз? Мен фермаға барамын,— депті. Осы ұсынысты қалғандары көтере қостаған.

— Содан соң уәдеміз бос сөз болмасын деп қызыл ту алдында тіземізді бүгіп тұрып ант берістік,— деді Тұрған.

Бұл міне бітер істің тамаша бастамасы ғана. Көбі қала дәстүрінде тәрбиеленген жоғары білімді жас азаматтар жан тыныштығы дегеннен безді де ауылға келді. Осының өзі де ерлік. Олардың алдында үлкен-үлкен істер тұр. Сындар бар. Бүгін көтермеші болған көп жолдастар ертең оларға көмекке баруды да ұмытпасын. Жастардың бойында жалын бар. Оларды жылы төсекте жатқызбаған да осы қуат. Сол жалынның өрбуіне, қоздануына Кеген коммунистері түгел жауапты.

* * *

Жетінші күн. Біз міне арқар-меринос тұқымының шыққан жері атақты Ұзынбұлақ совхозының орталығында отырмыз. Өзім үшін күтпеген жаңалық та осында туды. Мен ескі танысымды кездестірдім. Ол — осы совхоздың директоры Махметов Тұрсын.

Тұрсын екеуіміз университетте бірге оқып, бірге бітірген едік.

Бұл 1950 жылы болатын. Тұрсынның да содан кейінгі тағдыры қызық. Ол әуелі орта мектептің директоры болған. Содан отыз мыңдықтың ішінде осы совхозға келіпті. Өткен аудандық партия конференциясында аупартком-

ның екінші секретары болып та сайланған екен. Бірақ елу жеті-ак күн қызмет істепті. Ұзынбұлақтың сексен жұмысшысы қол қойып Москваға дейін арыз жазыпты да Тұрсынды қайтарып алыпты.

Сол арызға қол қойғанның бірін кездестіріп едім мен.

— Кеткен Тұрсынды қайтарып алуларыңызға не себеп болды?— деп сұрадым.

— Бұрын жұпыны үйлерде тұрушы едік. Оны қазір келекелеп шапхай деп атайтын болдық. Соңғы екі-үш жылда жаңадан совхоз қаласы салынды. Соның бәрі Тұрсынның басшылығы. Тұрсын халық қамын көп ойлайды. Сол себепті біз де оның сөзін жерге тастап көрген емеспіз,— деді ол.

Біз совхоздың сәнді қонақ үйінде жаттық. Әдемі асханасынан дәмді тағамдар жедік. Жаңа салынған аурухана қаласын араладық. Мамандарға арнап екі қабат үй салып жатыр екен. Бір орталықтан жылытылатын үй. Оны да көрдік. Жаңа өсіп келе жатқан паркіне бардық. Сондай бір биік талғаммен, ою-өрнектер жүргізілген клубы мен кеңсесінде болдық. Бұл ана Жалаңаш асханасында ілулі тұрған халтура емес, шын көркемөнердің жемісі. Бәрі тамаша. Ал жаңа ашылған совхоз музейі ше! Елу кісілік балалар бақшасы қайда?

Қысқасы бұл бүгінгі күннің талабы мен талғамына толық сай келетін совхоз орталығы.

Аттанар сәтте Тұрсын бізді жаңа салынып жатқан қой қорасына алып барды. Бұл баяғыдан бері көп сөз етсек те, жүзеге асыра алмай жүрген Құлық тауының көктасынан қашап салынып жатқан қора. Өзі екі қабат. Астында қой, үстінде шопан тұрады. Кітапхана, қызыл бұрышы да сонда. Биыл бұл совхоз осындай он қора салып жатыр екен. Жүз жылға кетер іс!

Адам тындырар істің қиян-қилысы бар ғой. Күндігі де, жылдығы да болады. Тұрсын науқан деп айқайлап келпейтін, сол екеуінің тізгінін тең ұстайтын басшы болып көрінді маған.

Қысқасы бұл совхозға Тұрсын сіңірген еңбекті ауыл шаруашылығы жайындағы поэма дер едім. Тек мына күнделікте айтып жеткізу мүмкін емес. Арнайы сөз етер тақырып.

* * *

Зымырап келеміз, зымырап келеміз. Алдымызда көк жапыраққа бөленген астана. Артымызда биік-биік таулар қалып барады. Сол таулардың бауырында егін салып, мал

...сқан, мемлекеттің бірінші билігіне тамаша жандар —
...дің жаңа дәстүрлерін қалыптастырады.

Қош, сау тұрғындар, асыл жандар!

1967 жыл

МҰСТАФАНЫҢ КҮЛКІСІ

Уақытша ұйымдасқан құрылыс тресінде істеп жүрген кезім еді. Алматыдан бір өкіл келе қалды.

Екеуіміз таңертең облыс орталығынан шығамыз да аудандарға барамыз. Салынып жатқан астық сарайларын көреміз. Бастық біреуге ақыл айтады. Екінші біреуге ұрсады. Ал үшінші біреудің жер-жебіріне жетеді. Қорқытады, қызметтен алып тастаймын деп столды ұрғылайды. Содан кейін... Ие, содан кейін қазіргі техника заманында жердің алыс-жақыны бар ма, тәйірі! — кешке қарай қала қайдасын деп бір-ақ тартамыз. Мен өкілді қонақ үйге алып келемін. Өзіне арналған бөлмеге жайғастырамын. Ваннасын дайындаттырамын, тамағын әзірлетемін. Ертеңіне машинаны алып тағы да қонақ үйге келемін. Бастық тұрып жуынғанша, тамағын ішкенше күтіп отырамын.

Несін жасырайын, мені мұндай «командировка» жалықтырып жіберді. Бірақ өкіл айтқан соң амал қанша, ұнатпасаң да үндемеуге тырысасың, дегенін істей бересің ғой.

Бұл бір өзі лайсан, салқын шақ болатын. Ұзақты күн аспан әлемін тұнжыр күздің жылауық бұлты қоршап, жаңбыр бүркіп тұрды да, кеш түсе алақаншықтап қар жауып кетті. Біз бұл кезде «Қызылқия» деген колхозға келген едік.

— Осындай қарбалас уақытта қонып жатудың өзі қылмыс болады. Қалаға жетіп бір-ақ тоқтаймыз, — деп өкіл кесіп айтты. Шофер жігіт желкесін қасыды.

— Қалған әлі отыз шақырым бар. Жол болса, жаман.

— Далада қалып қойып жүрмейік, — дедім мен.

Өкіл үндемеді.

Амал қанша... зорға жүріп келеміз. Жентектелген жабысқақ қар машина шынысын соққылайды. Әлде біреу тасада тұрып әдейі атқылап тұрған секілді.

Фонарь жарығы үш-төрт-ақ адым жерге ғана түседі. Алдыңғы бет әуелі ақсұр перде ұстап қойғандай бозамық тартады да, арғы жағы қалың кілегей қаранғылыққа айналып тас түйін болып кетеді.

Біз бір ағаш қылтасына киліктік. Машина қар аралас

лай суды сызып келе жатыр еді, бір заманда арты бұлағандап, қырындай тартты да, күрт тоқтады. Содан кейін өрмекші торына түскен шыбындай зуылдай бастады. Ілгері де жұлқынады, кейін де жұлқынады. Сонда да, лыксып басып әлгі бір өзі қазған шұңқырға түседі.

Біз машинадан шықтық. Өкіл шалбарының балағын қолымен көтеріп, аяғының ұшымен бірер рет жиіркене аттай берді де, тәйкесінен түсті. Мен оған қарамадым. Аяғымдағы кирза етікпен көстеңдей басып, машинаны итеріп жатырмын. Біраз уақыт өтті. Мен болсам терге малышымды. Шофер жерге түсті де, машинаны бір айналып шықты. Артқы дөңгалақтарына үңілді. Содан кейін:

— Трактор сүйреп шығармаса, отырған шығармыз мықтап тұрып,— деді.

Енді бірде өкілге қарасам, пальтосының жағасын көтеріп, желге жонын тосып бүкжиіп тұр екен.

— Ал енді не істейміз?— деді ол. Тісі-тісіне тимей сақылдап тұрғанын сонда білдім.

— Не істеуші едік. Осы арада жатамыз.— Ашу буса да сызды үнмен ақырын ғана сөйледім.

— Үсіп өлеміз ғой.

«Өзіне де керегі сол еді»— деп қойдым ішімнен.

— Тым болмаса, жарты литр спирт болса...— деп өкіл бүкжие түсті.

Кенет ойыма сап ете қалды. Осы қылтадан екі-үш шақырым жерде орман қорышы Мұстафа дейтін қарт тұратын. Үйінде бір-екі рет болғаным да бар еді. Ақ көңіл, аңкылдаған мырза кісі болатын. Машинаны бір тәңірдің өзіне қалдырдық та, өкілді ертіп біз сонда тарттық.

Бағымызға қария да үйінде болып шықты. Тұн ортасы ауып кетсе де, құрақ ұшып қарсы алып жатыр.

— Ау, балалар, амансыңдар ма? Төрлетіндер, төрлетіндер. Ал, қатын, іздесең таппайтын қонақтар келді. Қымылдатып жібер. Ал, Тайлан, аман-сау жүрсің бе? Балашағалардың дені сау ма? Мұстафа қарт ортадағы аспалы шамға қолын қалқалады,— ал мына бала кім?

— Алматылық. Өкіл,— дедім мен кекетінді дауыспен.— Қалада тығыз шаруасы болып, түнделете жүріп кетіп едік, отырып қалдық.

Қарт онымды аңғармады білем, бәйек бола берді.

— Е, өз баламыз екенсің ғой. Былай шық. Ойбай-ау. балам, өзің жаурап қалғансың ба? Қатын, әлгі ана біреуің қайда еді? Әлгі бала келіп қала ма деп, сақтап жүрген тентек суыңды айтамын.

— Қызым, қызым! Жак екіш теріңнің қылтанындай
қалың қызыл құрсаққа шетір көзі күлімдей қалған екен.
Аузыңды ашып қара, тоңып қалған екенсіңдер, тамақ
өткізіп, қызыл тұрыңдар,— деп қарт бір ала мойынның
сөзін аяқтап отырды...

Осы қолының қалтырағанын сездірмеймін дегендей,
стаканды аузына еппен апарды да, төңкере салды.

— Пай-пай, жастың қимылы міне осындай болу керек
қой,— деп Мұстафа қарт ауыз үйге қарай беттеді.

Өкіл тірілейін деді. Бетіне бірден қан жүгірді. Маған
қарап басын шайқады.

— Форточкасы жоқ екен, қалай жатамыз?

«Онда далаға жат» дейін деп бір оқталдым да, өзімді
өзім ұстап қалдым.

— Үйі кір екен. Электр жарығы да жоқ,— деді ол тағы
да.— Қалай тұрады?

Мен үй ішіне еріксіз көз салдым. Терезелері үлкен екі
кең бөлме. Оң қабырғада әлі өңі таймаған парсы кілемі
тұр. Маңдай қабырғада шыныланған суреттер. Үй іші жи-
нақы, таза. Жалғыз-ақ қабырғалар жергілікті жердің ақ
балшығымен сыланған екен. Керосин шамымен сәл күнгірт
тартады. Өкілдің «кір үй екен» деп отырғаны да сол болса
керек.

— Әлгіндей болмай буы бұрқырап үйеме табак ет те
келді.

— Балалар дәмді әлгі айырымен жейтін шығар,— деп
қойды қарт. Лезде-ақ айырлар да, екі-үш бутылка ала
мойындар да жетті.

— Балалар тоңып келді гой. Бірер рет көтертіп жі-
бер,— деп қарт ыдыс-аяқ әкеп жүрген жігітке қарады.
Өзі шарт жүгініп отырды да, шокша сақалының ұшын та-
рамдап, ерніне қыстырып қойды. Дәмді тамағымен бірге
тағы да стакандар сылдырады... Өкіл іркілмеді. Тастап-
тастап жіберді де, етті көмекейлей асап жатыр.

— Алындар, шырақтарым! Бұйырған дәм гой.

— Әй, шал, өзін бір жақсы шал екенсің,— деді бір кез-
де өкіл.— Ал мына үйің неге кір?

Мұстафа қарт естімеген, елемеген кейіп білдірді.

— Алындар, суытпай алындар, шырақтарым. Балам-
ау, аузыңды ашып отыра бергенше, қонақтарыңды күтпей-
сің бе! Құйып жібер!

Мен өкілге қарадым. Байқаймын «қаң» шіркін буы-
нына түсіп кеткен болса керек, көзі тұманданып, шалық-

тай бастаған екен. Мен жігітке «құйма» дегендей белгі бердім.

Өкіл аузын қисандатты. Содан кейін ебі кеткен қолын табакқа апарды. Етті шенгелдей алды да аузына апара беріп қарияға қарады:

— Ылғи ет жейсің, шал, ә?

— Е, бұйырғанын, шырағым... Алындар, алындар, балалар. Сарқыт беретін келін жоқ мұнда.

Өкіл ықылық атып, шалқая берді:

— Біз бүгін осында жатамыз.

— Е, мына жеті түнде қайда бармақшы едіңдер. Жатасындар. Қатын төсекті қалың етіп салып береді.

— Бүрге жоқ па?— деді өкіл тілі күрмеліп.

Қария мазасызданып қалды.

— Ондайды білмейміз, шырағым.

— Ә, ылғи ет жегенше... ә? Әлгі ана борщ... Мына үйді айтам... кір...

Мұстафа қарт бар даусымен селкілдеп қатты күлді.

— Ха-ха-ха-ха!!!

Өкіл басын көтеріп алды.

— Әй, шал, неге күлесің?

Мұстафа сұсты бір қалыпқа түсті.

— Сіз сияқты жоғары лауазымды адам үйіме келіп, қолымнан дәм татып отырғанына қуанып отырмын. Қуанғандығымнан күлемін де...— деді ширақ үнмен.

Өкіл көзін шалықтата берді.

ДОС ҚЫЛЫҒЫ

Міне екі күндей де болған жоқ. Екі жылдық мектепті бітіріп шықтық. Жұрт жана қызмет орындарына кетіп жатыр. Ал, мен болсам... Ие, мен Қазақстанның солтүстігіндегі бір қалаға аттандым.

Бейтаныс қала. Жаңа қызмет орны. Жаңа адамдар күтіп тұр алда.

Адам деген қызық қой. Осындайда ең алдымен ескі танысын, дос-жар адамың болса, соны іздемейсің бе?

Ие, мен білетін кім бар еді осы келе жатқан қалада?

Еһ, Төлжан ше? Кәдімгі өзіміздің Төлжан Ырсаевты айтамын. Менің көз алдыма безеулі томпақ бет, салпы ерін, орта бойлы қара жігіт елестей қалды. Ие, ие, ол екеуіміз университетте бірге оқып едік-ау. Төлжан журналистика факультетінде, ал мен... жә, қойшы, менің қай факультетте оқығаным сөз болып па екен! Әңгіме екеуіміздің

...құшақтағанды бірге жатқанымызда емес пе! Бірақ сенің тіпкіңе дастарқанымызды да қызғанбай-тыңба. Елден кеткен сәлем-сауқаттар да бөле жарылмай ортаң түсетін.

Ал университетті бітірген күні ше? Бар ақшамызды ортаға салып, достарымыздың басын қосқанды қайтесің?

Содан кейін Төлжанды шығарып саламыз деп, вокзал басына келгеніміз бар еді-ау. Тіпті ол да емес. Бәрінен де Төлжан екеуіміздің құшақтасып сүйіскенімізді, ұмытпасқа серт беріскенімізді айтсаңшы!

Міне сол Төлжан мына мен келе жатқан қалада тұрады. Несін жасырайын, тіпті осы қалаға келе жатқанымға қуанып та қалдым. Жолдағы бір станциядан оған телеграмма соғып жібердім.

Ие, сүйітіп, сағына күткен күнге де жеттім-ау, әйтеуір. Поезд вокзалға келіп тоқтады. Мен жүгіріп перронға шықтым. Қыбырлаған қалың жұрттың арасынан безеу бет Төлжанды іздеймін. «Ернің салпайып, бір тұтам мойныңды қылқындатып тұрған шығарсың бір жерде. Көзге түсе қалатын зор да емессің»— деп күліп те қоямын.

Әлгіндей болмай жұрт та сиреп қалды. Төлжан болса, көрінбейді. Жүгімді көтеріп вокзал алдына өттім. Досым онда да жоқ болып шықты. «Әлде телеграмманы алмады ма екен? Әлде... поезд келетін күнді теріс көрсеттім бе? Айтпақшы, осы қай вагонда келе жатқанымды айтпадым ғой деймін».

Осындай түйткіл ойлармен келіп таксиге отырдым. Бәрін де дұрыс көрсеткен, бәрін де айтып жазған сияқтымын.

«Мүмкін командировкаға шығып кеткен болар. Ие, сөйткен ғой. Әйтпесе мүмкін емес Төлжанның қарсы алмауы».

Қонақ үйге келіп орналасқаннан кейін де ойыма әртүрлі жорамалдар орала берді. Қойшы, бұл жерде отырып алып бал аша бергенше, неге барып келмеймін!

Мен Төлжанның қабылдау бөлмесіне келіп кірдім.

— Бірсаев жолдас бүгін ешкімді де қабылдай алмайды,— деді тырнағының көбесін тазалап отырған қыз.

— Алыстан келген адам едім. Төлжанның ескі жолдасымын.

— Бәрібір қабылдамайды. Арнаулы күн бар. Сонда келіңіз.

— Жоқ, айтып шығыңыз сонда да, Тайлан деген досыңыз келіп тұр деңіз.

Қыз орнынан зорға тұрып кабинетке кірді де, қапта шықты.

— Ол кісі телефонмен сөйлесіп жатыр. «Күте тұрсаң» деді.

Ұзақ күттім. Содан кейін бір ой келді: «Әй, қойын, Төлжанның да есігін күзетіп отырмақпын ба?».

Ұшып түрегелдім де, кабинетке сып беріп кіріп кеттім.

Сонау төргі үлкен столдың ар жағында бірдемеге үйіле қарап кара жігіт отыр. Кәдімгі салпы ерін Төлжанның өзі. Баяғы қалпы. Жок, ойбай-ау, қалай семіріп кеткен өзі. Томпақ беті шелденіп, көзінің алдын май басып қалған.

— Төлжан!— деп дауыстап ұмтыла бердім.

Ол басын көтерді. «Бұл кім?» дегендей май жауып кеткен жылтыр көзін маған қадады.

— Ау, Төлжан, танымай қалдың ба? Мен Тайлан ғой.

— А—а!?!— деп ыңыранды Төлжан.— Не...

Мен сәл абыржыңқырап қалдым:

— Дәм айдап, қалаңа келіп қалдық.

— Өте жақсы болған,— деп ол сәл езу тартты. Содан кейін «айтар енді нең бар?»— дегендей маған қарады. Кенет мен «Неге келдім осы?»— деп өкіндім. Аптыққан көңілім басылып қалды.

— Жәй, амандық білейін деп...— күмілжідім аузыма сөз түспей.

— Рақмет, ұмытпағаның үшін,— деп Төлжан салқын ғана жымиды.— Ал, Тайлан, бір хат шаруамен отыр едім...

— Онда ғапу етерсің. Уақытыңды алдым ғой деймін...

— Басқа бір бос уақытты біліп алып келсеңші, Тайлан,— деді ол шығып бара жатқан менің соңымнан.

Бірақ мен Төлжанға қайтып бармадым. Оның бос уақытын аңдып жүрерліктей менде де уақыт болмай қалды. Біз бастапқы кезде не көшеле, не бір жиында кездесе қалсақ, салқын ғана бас шұлғысып жүрістік те, кейін тіпті бірімізді біріміз білмейтін адамдарша өтіп кететін болдық. Әдепкіде оның бұл мінезі тым ауыр болған еді. Келе-келе көндігіп кеттік. Оның үстіне жұмысқа да төселе бастадым. Достар да көбейе берді. Бұл қалада бұрынғы достым Төлжанның тұратыны ұмыт та бола бастады.

Бір күні кешеді маған қарсы келе жатқан Төлжанды көрдім. Ерні салпынып, езуін жия алмай күліп келеді. «Басқа біреуге білдірген ықыласы ма?» деп кейін қарасам, ешкім де жоқ!» «Бұған не болған?» Сонда да көрмеген болып оңға қарай бұрыла бердім. Сол кезде:

Тайлан!— деген дауыс шықты. Мен амалсыз тоқтадым.

— Амансың ба, Тайлан. Көзіңнің еті өсіп кеткен бе, немене? Қарамайсың ғой,— деп Төлжан күлді. Содан кейін келіп арқамнан қақты.

— Ойын ғой. Оқасы жоқ. Ал осы екеуміздікі не? Бірге оқимыз. Ұзақ жыл бір бөлмеде бірге тұрамыз. Енді міне танымаймыз бір бірімізді. Жарайды, кіналаспайық. Қызмет бабында ана-мына жағдай бола береді. Қара басыңның мүддесінен мемлекет ісін жоғары қоймасаң, қызмет істей аласың ба? Жарайды, ол да бітсін. Ал мен саған келе жатырмын, достым. Бүгін біздікінде боламыз. Семьямызды таныстырамыз. Кешікпендер.

«Төлжан дегенмен ақылды жігіт қой. Менің өкпелеп жүргенімді біліп келіп отыр ғой» деген оймен, айтулы сағатта оның үйіне бардык. Үй иесі бізді жайрандай қарсы алды. Аяғынан тік тұрып күтті. Студент күндеріміз сөз болды. Көп отырдык. Көп тостарды көтердік. Түннің бір уағында бізді Төлжанның өзі шығарып салды.

— Қызмет деген бірде олай, бірде былай болады. Бәрінен де достық қымбат. Сол достықты бағалай білуіміз керек,— деді ол қоштасып тұрып.

Мен үйге қуанып қайттым. «Анада шынында да бір қауырт іспен шұғылданып отырған екен ғой. Әйтпесе кейін келесің дер ме! Неге кейін бармадым екен десеңші! Ай намысшыл басым-ай»,— деп өкіндім. «Жоқ, райдан қайту керек. Төлжанның семьясына үйді көрсеткен жөн».

Осы оймен ертеңіне оған телефон соқтым.

— Алло, алло, мені Ырсаевпен жалғасаңыз.

— Қайдағы Ырсаев? — деп таңданды телефондағы әйел даусы. Баяғы өзім барғандағы тырнағының көбесін тазалап отырған қыз болса керек.

— Төлкекті қойыңызшы. Маған сіздердің бастықтарыңыз Төлжан Ырсаев керек.

— Ырсаев бізде істемейді.

— Істемейді?! Қалай істемейді?

— Қәдімгідей істемейді. Бюрократтығы, мінезсіздігі үшін қызметтен шығып қалған.

Мен трубканы ұстап ұзақ тұрып қалсам керек.

— Телефонымызды босатпай тұрсыз. Трубканы салып қойыңыз, — деді жанағы әйел даусы тағы да...

ГҮЛШАЙРАНЫҢ АШУА

Бүгін бір қызық оқиға болды. Бәрі де білгеніміз Шәріпхан деген жаңа бастықтың келуімен байланысты.

Обалы нешік, Шәріпхан аз күннің ішінде көп жұмыс істеп тастады. Бұрынғы бастықтың төңірегінде жұмыс жарамсақтар қызметтен қуылды. Жазықсыз шығыстар қайтадан жұмысқа алынды. Шәріпханның бұл ісін көңілділік разы болып қалды.

Жақсыны жақсы дегеннің несі айып, бір жылдан бері мен мінбеге шықтым да осыны айттым.

— Жолдастар, Шәріпхан кадр мәселесін жолға қойды. Өсек сөзге құлақ аспады. Кімді болса да анкетасына қарап бағаламай, ісіне, қабілетіне қарап бағалады. Соның нәтижесінде жазықсыз қызметтен шыққан қабілетті адамдар арамызға қайтып келді.

Менің бұл пікірімді жұрттың бәрі де қостады. Мақтағанды кім жек көрсін, Шәріпханның өзі де разы болды.

Содан, келесі күні көшеде келе жатыр едім, бір ұзын кара машина алдымды кескестей беріп тұра қалды. Бүйрек бет, бауырсақ мұрын, толықша келген бір ақсұр әйел машинадан шықты да маған қолын берді.

— Тайлан, сәлематсыз ба?

«Апыр-ау, бұл қайда көрген адамым?»— деп ойлаймын. Тіпті алыс-жақын таныстардың біріне де ұқсамайды.

— Сен, немене, Тайлан, танымай қалдың ба?— деді бауырсақ мұрын әйел менің абыржыңқырап қалғанымды байқап.

Мен күлімден жауап бердім:

— Расында да, сізді мен осы... ұмытыңқырап қалғандаймын ба, қалай?

— Ие, танымауың да мүмкін. Өйткені мені бұрын көрген жоқсың.— Содан кейін қолындағы редикулін сермен ойнатып қойды.— Бірақ білетін шығар деп ойлап едім.

— Тіпті, рас білмей тұрмын.

— Мен Гүлшайрамын ғой,— деді бауырсақ мұрын әйел.

— Гүлшайра?..

— Ие, не, Гүлшайра,— деп күлді ол тағы да.

«Бұл қайдағы Гүлшайра? Гүлшайра деген қандай танысым бар еді менің?»...

Әйелдің бетіне кірбең жүгірді. «Апыр-ау, сұмдық болды-ау, кара басып Гүлшайраны неғып білмей қалдым екен, ә?»...

Шәріпхананың жолдасы Гүлшайраның:— деді бүйрек бет қатқыл үймен.

— Кәдуілгі біздің мекеменің бастығы Шәріпхананың ба? Ә, жақсы, жақсы...

Гүлшайра жеңгей қайта жадырады. Машинаны қоя берді де, мені қолтықтап алды.

— Шәріпхан сен жайында көп айтады.— деді Гүлшайра.— Тура мінезді, әділ пікірлі, қабілетті жігіт деп қоймайды. Бойыңның ұзын, шашының қоюлығына дейін суреттеп берді.

Шынымды айтайын, мен қатты қуанып қалдым. Бұрынғы бастықтың тұсында сол «тура мінезділігімнен» аздап жапа шеккенім де бар болатын. Ал Шәріпхан өз қарауындағы адамның көп бастыққа ұнай бермейтін жақсы-жаманды бетке айтатын туралығын құптайтын болса, көтермелейтін болса, қуанбағанда қайтесін. Бұл жақсылықтың нышаны. Бастық туралықты жақсы көрсе, енді ешкім қорғалақтамайтын болады.

Екеуіміз жөй басып жүріп келеміз. Жұрттың бәрі де бізге қарайды. Қарсы келгендері Гүлшайраға ізет көрсетіп, амандасып өтеді. Біздің мына кішкентай қаламызда Гүлшайраның Гүлшайра екенін білмейтін адам тіпті кемдекем-ақ болып шықты.

Қызық, әр адамда бір әлсіздік болады-ау, ә?! Дәл осы сәтте мына Гүлшайрамен қатар басып келе жатқанымда сондай қуанып келемін.

Әлде Гүлшайра біздің мекеменің бастығы Шәріпхан сияқты адамның әйелі болған соң ба, әлде осы бір әдемі киінген, қылықты әйелдің өз басынан айрықша бір қасиет таптым ба, тіпті білмеймін. Әйтеуір жұрт иіліп амандасып өтіп жатқан мына Гүлшайраның көңілінен жақсы орын алып, басқалардан гөрі жақынырақ болғаным әлде бір мақтаныш сезімін тудырғандай. Қайтсе де көшені бойлап осылай жүре бергім келді.

Міне, мен Гүлшайрамен осылай тапыстым.

Шіркін, Гүлшайра әйелдің төрессі ғой. Үйіне барғанында қандай күтеді. Үнемі «біздің Тайлан» деп жалбақтап жатқаны. Басқаларды қалай қабылдап, қалай шығарып салатынын қайдан білемін. Гүлшайраның маған деген көңіл-ықласы міне осындай болды. Не мінез-қылығыммен жақсы көріндім, білмеймін тіпті.

Уақыт сөйтіп өте берді. Әрқайсымыз күнде мекемемізге келеміз. Өз столымызға, өз орнымызға отырып, өз қызметімізді атқара бердік. Бастық та күнде келіп өз кабинетімізге келеді.

тiне кiредi. Әрқайсымызды белгiлi бiр уақытта шақырып алады да, тапсырмаларын берiп жатады.

Осындай бiр қалыппен өтiп жатқан көп күндердiң бiрiнде, шынын айтайын, бастықпен бiз келiсе алмай қалдық. Мекемемiздiң алдында үлкен бiр науқан тұр едi. Соны өткiзуде неге екенiн кiм бiлсiн, Шәрiпхан сылбырлық көрсеттi. Тiптi кейбiр мәселенi шешерде жалтақтық, солкылдақтық жасады. Коллективтiң бiр жиналысында кейбiр коммунистер шығып Шәрiпханды қатты сынға алды. Баялығын сынады. Сонда бастығымыз тұрып:

— Әй, сендер не айтып, кiммен сөйлесiп отырсындар? Не iстесем де өз еркiмде. Шаруаларын болмасын, тапсырған жұмысты бiлiңдер,— демесi бар емес пе. Шәрiпханның аузынан мұндай сөз шығады деп кiм ойлаған. Мен тiптi шыдай алмай кеттiм. Түрегелдiм де:

— Ау, сiз не айтып тұрсыз? «Кiммен сөйлесiп отырсындар?»—не деген сөз бұл. Бiз кiммен сөйлесушi едiк? Бiз коллективтiң жиналысында отырмыз. Сiздiң басыңыздағы кемшiлiк айтылса, орынды айтылды. Мойындау керек оны, деп салдым. Жұрт шулап бiздi қосшап кеттi.

Шәрiпхан дегенмен ақылды жiгiт қой. Көпке топырақ шаша алмайтынын тез түсiндi. Райынан қайтты. Содан кейiн жинала отырып жоспар жасадық. Науқанды тез өткiзудiң қамын ойлап, жаңа шаралар белгiледiк. Әнгiме осымен тынды. Бiз Шәрiпханмен баяғыша көңiлдi қосшасып, қызмет аяғында үйдi-үйiмiзге таралдық.

Ертеңiне күн жексенбi болатын. Таңғы тамақты iшкеннен кейiн баламыз екеуiмiз көшеге шықтық. Кешеттен баяғы кара машина тағы да алдымыздай көлденеңдей қалды. Iшiнде Гүлшайра отыр. Мен баяғы бiр қуанышпен ұмтыла бердiм.

— Охо, Гүлшайра жеңгей...

Гүлшайра машинаның есiгiн ашты да қабағын түйдi.

— Әй, осы сен шiрiк, менiң байымда не шаруаң бар. Тиiстi нанымды жеп жайыңа жүр. Әйтпесе аяғың аспаннан келедi.

Мен бiрдеме дейiн деп жатыр едiм, сарт етiп есiк жабылды да, кара машина сырғи жөнелдi.

— Папа, бұл кiм? Неге саған ашуланады,— деп сұрады анырған балам.

— Бұл ма? Бұл бастықтың әйелi. Бастықтың әйелi болған соң ашуланатын шығар...

Бұдан басқа жауап қайтара алмадым балама.

БІР ӨКПЕНІҢ ТАРИХЫ

«Ал, Кенеке! Қалай, үй-іші, мал-жан, бала-шаға аман ба? Қадірлі Сақып жеңгеміз де денсаулықтың арқасында шанқылап жүрген болар?»

Ал, Кенеке! Бізден амандық білмек болсаңыз, жаратылыс берген дәулеттің арқасында тиісті ғылым жолында бар өмірді сарп етіп жүріп жатырмыз. Кірген кіріс болмаса, шыққан шығынымыз жоқ, әйтеуір. Қала іші анада өзіңіз көргендей.

Сізге айтарлықтай жаңалық: өзіңіздің Перизат келініз бір трюмо алды. Үш қапатты үлкен шар айшаны орыстар солай дейді ғой. Білмейтін болсаңыз жадыңызға ұстарсыз. Трюмо, түрме дегенді ұмытпасаңыз болды да.

Енді не айтуға болады сізге? Ие, бәлендей айта қаларлық ештеңе жоқ енді. Айтпақшы, ұмытып барады екем ғой. Ие, ие, зарплат жәйін айтпаппын ғой. Анада біздің мекемеде жалұпаны қысқартады, оның есесіне жазған ғылыми еңбекке гонорар төлейді, деген бір қаңқу тарап кеткен болатын. Ғылым жолында бар өмірді сарп етіп, ұйқы, күлкі көрмей балық көзденіп жүргенде жалұпаны қысқартатыны жарамаған екен, қайта өсіруі дұрыс еді,— деп қынжылып жүруші едік, әйтеуір, жаратылыс берген дәулеттің арқасында азайтқан да, көбейткен де жоқ. Көбейтпесе, көбейтпей-ақ қойсын. Азайтпаса болды тә. Гонорар табамын деп қаламынды қашанғы сүйрендете бересің!

Айтпақшы, гонорар демекші, әдебиеттік нәследие қыңда... Өзіңіз алдырып оқып тұрам деп біраз пікір айтқан ана бір журнал бар еді ғой, сонда жарияланған мақаламды айтпай кетіп барады екем-ау. Ие, сонда әдебиеттік нәследие жайында мақалам шыққан болатын. Көрген боларсыз-ау. Соны осындағы бір қадірлі үлкен адамымыз оқып шығыпты. Сол кісі бір жиында «Жетіскенов Құдайберді мына мақаласына қарағанда жеребегі науки екен»— деп салды. Жұрт ду күлді. Мен де күлдім. Күлсем де ойлап қалып едім. Оным бос бекершілік екен. «Жеребегің» «айғыр» дегеннен басқа «абыз» деген де мағнасы бар екен¹. Ал «ғылымның абызы» десе, ар жағында «пағыз» деген сөз тұрғанын өзіңіз де түсінесіз ғой.

Сіз кеткеннен кейінгі аз ғана жаңалық-қуанышымыз, міне осындай, Кенеке.

¹ Бұл тегі «жеребегі» емес, «жрец» деген сөз болса керек. Құдайбергеннің жансақ естуі де мүмкін ғой (С. Ш.)

Ал, Кеңеке!

«Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір». «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, сіз кәрі, мен жас болсам да, тілегі бір адамдармыз ғой. Сөзімнің тоқ етерін айтайын енді.

Сіз ғой анада жұбайыңыз Сақып екеуіңіз біздікіне келіп, біраз аунап-қунап жатып кеттіңіз. Келеріңізде біздің қадірлі жиен Кәдірбайдың атын атап келдіңіз. Сіздің өзіңізден түсінгенім сіздің жамағатыңыз Сақып жеңгейдің інісі біздің Кәдірбай үйіндегі жиен келіннің төркін жағындағы біреудің қызына үйленген екен. Содан кейін мен сізді Кәдірбай жиенге құда, маған ілік-шатыс деп қабылдадым. Перизат келініңіз екеуімізде ес қалған жоқ. Барымызды алдарыңызға тарттық. Иіліп жастық, жатып төсек болдық. Қолдан келгенше сыйлап бактық. Тіпті мал базары мен толқушқа базарға да апармақшы болдық қой. Магазиндерді де аралатамыз деп ниет білдірдік. Бірақ Сақып жеңгей екеуіңіз «мал таңсық па бізге!» Барокла деген ауылда да бар. Театрларыңды көрсетіңдер дедіңіздер ғой. Сонда да бір көлденең сөз айттық па? Кабак шыттық па? Дегендеріңізді мүлтіксіз орындап, драмаға да апардық. Оперныйға да апардық. Талай ойындарды көрдіңіздер. Сақып жеңгей сонда бізге «Тәңір жарылқасын. Өркендерің өссін!» демеді ме!

Сонымен сіздердің ауылға аттанар уақыттарыңыз да болды. Қоштасып тұрып Перизат келініңіз екеуімізге көп алғыс-рахмет айттыңыздар. Біз де сіздерге рауы болып қалдық. Несін жасыраймын. Сіздердің арқаларыңызда біз де бұрын көрмеген постановкаларды көрдік қой. Ол үшін сіздерге де көп-көп рахмет. Перизат келініңіз «Әдері бір дені-басы чистой, культуриной қарттар екен» деп көңке дейін аузынан тастамап жүрді.

Сөйткен сіз мақтаған қыздың көбін киіп, еліңізге барған соң, «Жетіскенов Құдайберді бай-ақ тұрады екен. Бірақ газет алдырып оқымайды екен. Тым болмаса үйінде бір кітап болсайшы!»— деп жұртқа жайып жіберіпсіз. Соныңызды Перизат келініңіз естіп өкпелеп қалды: «Қолымнан дәм татқан кісі еді. Онысы несі»— деп. Ие, әйел деген өкпелемесе, жүре алмайтын халық қой. Әңгіме өкпеде емес. Бірер ерекше жай бар еді. Сіз оны аңғармапсыз. Мен сізге әдейі арнап хат жазғанда соны баяндайын деп отырмын. «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» десек, сол түйін мынадай: «Тым болмаса үйінде бір кітабы болсайшы!»— Қадірлі Кеңеке! Осы сөзді сіз қалай аузыңыз

«Бұл кітаптың алтыншы сөні» — Соған тәлім бар. Рас, менің дәстүрлі кітап жолы өзім емес. Бірақ менің өзім ше? Мен өзім сөзі кітаптың жақшы еместігі бе! Соған қалай ой жүзеге асырылған екен, Кеңеке! Әрі кітап жаз, әрі кітап сатып ал! Сонда не болғаны. «Өзің үшін еңбек етсең өзің үшін оттаған хайуанның бірісің» — деп Абай дана айтқанды. Кітапты өзің сатып алу үшін ғана жазсаң, өлім ғой. Не, көксіңізде «көркем әдебиет кітаптарын неге жинамайсың?» деген сөз отыр ғой. Оған да жауап дайын. Өзің түгіл өкелді де білемін дегендей мен ондай кітаптар түгіл оларды жазған жазушылардың өздерін де білемін. Бірімен преферанс, екіншісімен биллиард ойнайсың. Үшіншілері біздің мекемеге де келіп тұрады. Төртіншілерімен қонақта бірге боласың. Ал қалғандарын былай танысың.

Өзіңіз айтыңызшы, егер кітап оқымасам, білімсіз болсам, «жеробец науки» — деп неге атайды мені? Бұл сөзіңіздің үстірт айтылған сөз екенін өзіңіз де аңғарған боларсыз енді.

Ал енді «газет оқымайды екен» — деген сөзіңізге келетін. Батыл айтсам өкпелемессіз, Кеңеке! Бұл да қате пікір. Газетті оқу, керегін қорытып алу былай тұрсын, оның қалай шығатынын да білемін. «Метромпаж», «оттиске», «набор», «линатип», «клише» деген терминдерді естігеніңіз бар ма, сірә. Ал мен соның бәрін де білемін. Рас, мен үйге газет жаздырып алдырмаймын. Мен жаздырып алдырмасам да, мен істейтін мекеме жаздырып алдырмай ма? Газет жаздырып алдырмаса, оның өзі қандай мекеме болғаны сонда? Осы арасын ойладыңыз ба, сіз?

Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей таңғы сегізде жылы төсектен тұрып, тоғызға қызметке кетіп, содан кешке мұзды аяқ болып бір-ақ оралып жүргенімді өзіңіз көрмедіңіз бе? Ұзақты күн сонда газет оқымағанда не бітіреді деп ойлап едіңіз? Әрине «шошқа тағалады» деген ой сіздің басыңызға да келмейтінін мен жақсы білемін. Бар ғұмырды оңсыз да ғылым жолына сарп етіп жүргенде, мекемеде отырып тесіл қағазға, үйде отырып тесіл, сонда денсаулықтап не қалады? Ойлаңызшы өзіңіз? Оның үстіне үйге келген соң, қатынына, бала-шағаларына қарау деген де бар емес пе? Үй шаруасы деген, базар базарлау деген қайда? Тамақ ішуің, тынығуың, көшеге шығып прогулка жасауың. Ұйықтауың, тағы сондайлар толып жатқан жоқ па! Тіпті ойда жоқта бір жолдастарың сап ете қалды. Мен газет оқитын едім, сендер кетіңдер деп қалай айтасың! Болмаса, бір танысың қонаққа шақыра қалады.

Газет оқимын деп оған қалай бармаң қаласың! Түсініксіз сондай мың түрлі істер бар емес пе? Оған барып отырып тәптіштей теріп айта берейін.

Ай, Кеңеке-ай! Мен сізге өкпелемеймін ғой. Сондай да өзіңіз, бір шаруа бақпаған адамша сөйлеп кетіпсіздер бұл жерде. Өкінішті-ақ. Оны енді өзіңіз де түсініп, қысылып отырған боларсыз. Бірақ мен сізге ағат сөйлепшіз деп өкпелемеймін. Оған қысылмаңыз. Әркімнің бір жеткен жері болады ғой. Мен оны жақсы түсінемін. Сізге айны жоқ.

Хош сау болыңыз. Ғылыми сәлеммен сізді құрметтеуші Ғылым кандидаты Құдайберді Жетіскенов».

Оқушының есіне! Мен бұл хатты Тайлан деген досымның маған сыйлаған дәптерінің арасынан таптым. Тегі асығыс жазылса керек. Логикасы мықты, дәлелді болғанымен грамматикалық біраз қателер кетіп қалыпты. Түзеп оқуларыңыз сұралады.

МАЗМУНЫ

	Беті
Екі көрініс	3
Талант тағдыры	8
Ата Сәбит	14
Жаксы келін	20
Кесірлі келін	23
Менің ауылым	26
Сыбызғы сазы	36
Еңбек жемісі	—
Қыран қияға самғайды	38
Ана қуанышы	55
Қарақум емес, қарағым	61
Биік, биік, биік таулар баурында	69
Мұстафаның күлкісі	80
Дос қылығы	83
Гүлшайраның ашуы	87
Бір өкпенің тарихы	94

Шаймерденов Сафуан.

Сыбызгы сазы.

96 бет.

Алматы, «Қазақстан», 1971.

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ
МОТИВЫ СВирЕЛЬНЫЕ

(на казахском языке)

Редактор *Г. Мухамеджанов*. Оформление худож. *С. Қинаева*.
Худож. редактор *В. Ткаченко*. Техн. редактор *Ж. Момынов*.
Корректор *Г. Нугманова*.

Сдано в набор 20 VII 1971 г. Подписано к печати 18 XI 1971 г.
Формат 84×108¹/₂:—3,0—5,04 усл. п. л. (5,37 уч.-изд. л.).
УГ09733. Тираж 10400 экз. Цена 16 коп.

Издательство «Қазақстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 3618 Типография № 18 Главполиграфпрома Госкомитета Совета
Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Утепова, 23.

ЖАҢА КІТАПТАР

Баспадан мына кітаптар басылып шықты

1. *В. И. Ленин.* Догматизмге, сектанттыққа, «Солшыл» оппортунизмге қарсы. 485-бет, бағасы 83 тиын.
2. *Жинақ.* КПСС XXIV съезінің материалдары. 394 бет, бағасы 71 тиын.
3. *Жинақ.* КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 585 бет, бағасы 1 сом 0,8 тиын.
4. *Авторлар тобы.* Жасаймыз жана дүние. 675 бет, бағасы 1 сом 55 тиын.
5. *Авторлар тобы.* Партиялық білім беру методикасы. 387 бет, бағасы 58 тиын.
6. *Авторлар тобы.* Әлемнің Лениншіл гвардиясы. 610 бет, бағасы 1 сом, 34 тиын.
7. *Авторлар тобы.* Саяси экономия методикалық оқу құралы. 275 бет, бағасы 43 тиын.
8. *Авторлар тобы.* Философия методикалық құрал. 385 бет, 44 тиын.
9. *К. Е. Ворошилов.* Өмір туралы әңгімелер, 398 бет, бағасы 92 тиын.
10. *М. Балақаев.* Қазақ тілінің мәдениеті. 150 бет, бағасы 24 тиын.
11. *Ә. Жиреншин.* Қазақ кітаптары тарихынан. 180 бет, бағасы 75 тиын.